



ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»



№42 (3988), 24 қазан, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz



Көрнекті жазушы Таласбек Әсемқұловтың туғанына – 70 жыл



НҰРЛЫ ТҰЛҒАЛАР ҚАТАРЫНДА

Өнерді мұрат тұта отырып бар болмысын, бүкіл саналы гұмырын, шын мәнісінде, ұлтына қалтқысыз қызмет етуге арнап өткен тұлғалар болады. Солардың бірі – Таласбек Әсемқұлов. Өнерді өзінің дара жолы етіп таңдаған тұлға. Жазушы, сыншы, кинодраматург, мәдениеттанушы, аудармашы, өнертанушы, күйші-домбырашы, ұлттық өнердің тамыршысы, ойшыл, асқан білімдар. Тәуелсіз еліміздің, мемлекетіміздің рухани байлығы.

Әлімсақтан белгілі: ұлтты, этносты өзгеден ерек танытатын – мәдениеті, оның ішінде өнері, салт-дәстүрі. Осы арқылы ұлттың дүниетанымы, өмірсізсімі, болмысы танылады. Т.Әсемқұловтың әдебиет, музыка, бейнелеу, кино, дәстүрлі өнер, тарих, этнография, мифология салаларындағы шығармалары, яғни жан-жақты да көп қырлы шығармашылығы – ұлттың өзін-өзі жете тануына, терен зерделеуіне, рухани түлеуіне бастайды. Өнерді, мәдениетті және осылар арқылы қоғамда да өтіп жатқан үдерістерді түсініп-пайымдауға үлкен үлес қосады.

Т.Әсемқұлов – ұлттық бастаудан қанып ішкен, дәстүрдің өзінен шыққан, сондықтан да ой-жүлгесі орнықты, тілі бай да көркем, қоғамы мен уақытына сергек суреткер. Оның 80-жылдардағы алғашқы әңгіме-повестерінен бастап, жаңа ғасырда жазылған, негізгі кейіпкерлері Сабыт күйші мен немересі Әжігерей болып келетін «Талтүс» повесі, өкінішке қарай, аяқталмаған «Тәттімбет сері» романы, «Біржан сал», «Тұмар падиша», «Құнанбай», «Көкбалақтың өлімі» т.б. киноромандары бүгінгі қазақ прозасының өзіндік бір ерекше жүлгесін танытады.

(Жалғасы 8–10, 14–15)

Ардақты ағайын!

Баршанызды елдік пен еркіндіктің, мемлекетшілдік пен ұлттық рухтың мерейлі мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – мемлекетіміздің тәуелсіздікке қарай жасаған алғашқы нық қадамының, елдік пен еркіндіктің, бірлік пен берекенің мерейлі күні.

1990 жылғы 25 қазан – халқымыздың сан ғасырлық азаттық арманын айғақтап, тәуелсіз мемлекет болуға бағыт алған қасиетті күн. Дәл осы күні қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы Декларация тәуелсіздік дәуірінің есігін айқара ашты.

Кейінгі жылдары Республика күні жаңа тыныс, жаңа мазмұнмен жаңғырды. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ел тарихына деген әділ көзқарасының, мемлекеттік мерекелерге жаңа серпін берген саяси шешімінің нәтижесі.

Президенттің бастамасымен Республика күніне Ұлттық мереке мәртебесі қайта берілді. Бұл – тәуелсіздік шежіресіндегі әділдіктің орнауы ғана емес, ұлт санасында Республика күнінің тарихи орнын айқын бекіткен маңызды қадам болды.

Республика күні – елдігіміздің символы ғана емес, халықтың саяси санасының серпілісі мен рухани жаңғыруының да мерекесі. Бүгін біз дамудың жаңа белесінде тұрмыз. Мемлекетіміз әлемдік қауымдастықта беделді елге айналды. Елдің

тұтастығы мен татулығы – біздің басты байлығымыз. Бірлігіміз барда, тәуелсіздігіміз мәңгі болмақ.

Осы мерекелі сәтте елдің рухани өмірінде маңызды рөл атқаратын қаламгер қауымының еңбегін ерекше атап өткім келеді. Әдебиет – ұлттың жады, елдің рухы. Біз, жазушылар – ұлт тағдырын, ел мұратын, ұрпақтың үнін сөзбен өрнектейтін қауымбыз. Тәуелсіздік жылдары қазақ әдебиеті жаңа тыныс алды. Еліміздің бейнесі, замандастарымыздың тағдыры, елдік идеялар көркем шығармалар арқылы халық санасына сіңіп келеді.

Қадірлі қауым!

Бүгінгі қуанышты мереке – баршамыздың ортақ мерекеміз. Әр қазақтың жүрегінде елге деген мақтаныш, мемлекетке деген сенім, болашаққа деген үміт болсын. Бірлігіміз бекем болып, елдігіміздің Туы мәңгі биікте желбірей берсін!

Баршанызды тағы да Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміз мәңгілік болсын! Қазақ елінің мәртебесі арта берсін!

Ізгі ниетпен

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағы
Басқармасының төрағасы

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН!

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2026

«Қазпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:
Қалаларда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:
Қалаларда:
1 айға – 1918,53 т.
3 айға – 5755,59 т.
6 айға – 11511,18 т.
12 айға – 23022,36 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 1720,82 т.
3 айға – 5162,46 т.
6 айға – 10324,92 т.
12 айға – 20649,84 т.

Егер «Қазпошта» бөлімшелеріне барып жазылуға уақытыңыз болмай жатса, газетімізге «Kaspi Gold» арқылы (8 775 262 39 98 Молдир Р.) жазыла аласыз. «Kaspi Gold» арқылы ақша аударар кезде, «Сообщение получателю» деген жолаққа кімге екенін (толық аты-жөніңізді), қайда екенін (облыс, аудан/қала, ауыл, көше, үй нөмірі, индекс және ЖСН (ИИН) нөмірін) нақтылап көрсетуді ұмытпаңыз немесе осы нөмірге қоңырау шалып, ескерте салыңыз.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫ АТАЛЫП ӨТТІ

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің 85 жылдық мерейтойы ауқымды түрде аталып өтті. Бұл оқу ордасын көптеген әйгілі ғалымдар мен ұлт зиялылары тәмамдаған.

Мерейтой аясында университетте «Досмұхамедұлы оқулары – 2025: Ғылым мен білімнің дамуындағы заманауи инновациялар және жасанды интеллект» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Ғылым мен білім беру саласындағы өзекті мәселелерді, инновациялық зерттеулер мен жасанды интеллекттің әлеуетін тиімді пайдалану жолдарын қарастырған пленарлық отырысқа ҚР Парламенті Мәжілісінің заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Үнзила Шапақ, ҒЖБМ кеңесшісі Руслан Емелбаев, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов, университеттің Директорлар кеңесінің төрағасы, профессор Бейбіт Мамраев, академик, профессор Кәрімбек Құрманалиев және өзге де зиялы қауым өкілдері қатысты.



Шарада «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті: тарихы және бүгінгі» энциклопедиясы мен тарихшы, ғалым Акқали Ахметтің «Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институты: 1940 – 1941 жж. архивтік құжаттар мен материалдар» кітабының тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты.

Конференция барысында Қазақстан, Франция, Польша, Әзербайжан мемлекеттерінің ғалымдары заманауи білім беру, жасанды интеллектті этикалық пайдалану, нейрорлингвистикалық тәсілдер, экологиялық зерттеулер және экономика салалары бойынша ғылыми баяндамалар жасады. Жасанды интеллектке байланысты цифрлық кодекс жобасы сынды бірқатар жобаларды жасауға атсалысып отырған Үнзила Шапақтың айтуынша, қазіргі күні қазақша сандық сөзжасамын, яғни терминологияны қалыптастыру жайы өзекті болып отыр. Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Әбдешұлы өз кезегінде жасанды интеллектте авторлық құқықтың сақталуына назар аудару қажеттігін, басқаша жағдайда тарихи тұлғалардың, ғалымдардың сөздерін алаяқтардың пайдаланып кету қаупі бар екенін айтты. Белгілі тіл ғалымы, профессор

Айгүл Ісімакова халелтану ілімі бойынша көптеген құнды мәліметтер келтірді. Пуатье университетінің доценті (Франция), PhD Жули Рансон, Назарбаев университетінің Жоғары білім беру мектебінің қауымдастырылған профессоры Дуйшонкул Шаматов, Гданьск қаласындағы туризм және қонақжайлық Университетінің (Польша) докторы, профессор Татьяна Скрипко, Сумгаит мемлекеттік университетінің (Әзербайжан Республикасы) докторы, профессор Татьяна Скрипко, Сумгаит мемлекеттік университетінің (Әзербайжан Республикасы) PhD, қауымдастырылған профессоры Хаяла Идрис Сейфуллаевалар тақырып бойынша құнды тұжырымдарын ортаға салды. Ғылыми жиын барысында кәсіпкер, меценат, руханият жанашыры Қанат Зейноллаұлы Сәнік «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры» атанды.

Сонымен қатар университет қабырғасында белгілі жазушы, энограф-ғалым Зейнолла Сәнік, алаштанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Қабдолқайырұлы Әнес атындағы аудиториялардың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Қос аудиторияның ашылу рәсіміне Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов, «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының» құрылтайшылары, ғалымның ұрпақтары Қанат Зейнолла мен Сауле Зейнолла, философия ғылымдарының докторы, профессор Алтай Тайжанов, ақын Ақшұтап Бактыгереева, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасының кеңесшісі Әміржан Қосанов, ақын, қордың атқарушы директоры Серік Қалиев, Ғарифолла Қабдолқайырұлының өмірлік серігі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдан Момынова қатысып, қос тұлғаның әдебиет пен руханиятқа, ғылымға қосқан үлестері жайлы жан-жақты баяндады.

«ЖАЗЫЛУШЫ КҮНІНЕ» АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА

Алматыда «Қазпошта» АҚ Алматы өкілдігінің ұйымдастыруымен 2026 жылғы мерзімді баспасөз басылымдарына жазылу науқанының басталуы және «Жазылушы күніне» арналған мерекелік іс-шара өтті.



Шарада республикалық басылымдардың өкілдері өз басылымдарының көрме стендтерін орнатып, жарнамалық материалдарын таратып, мерзімді басылымдарға бөлшек сауда арқылы жазылуды ұйымдастыруға мүмкіндік алды. «Белгілі қаламгерлер мен журналистердің қолынан шыққан басылымдар қашан да білім мен ақпараттың таптырмас қайнар көзі болған. Қазпошта үшін мерзімді баспасөзді тарату – маңызды әлеуметтік миссия. Үлкен қала болсын, шалғай ауыл болсын, – бізге әрбір жазылушы қымбат», – деп атап өтті «Қазпошта» АҚ Алматы филиалы директорының орынбасары Бексұлтан Ағаділов. Шара барысында «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының өкілдері Алматы қаласының оқырмандарын аталған газет-журналдарға белсенді жазылуға шақырды.

ӘКІМ ТАРАЗИ ТҰРҒАН ҮЙГЕ ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы-драматург Әкім Тарази тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды.

Ескерткіш тақтаны ашу рәсіміне мемлекет және қоғам қайраткерлері, қаламгерлер қауымы және жазушының туыстары қатысты. Аталған шара К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде жалғасын тапты. Университет қабырғасында ресми түрде «Әкім Тарази атындағы Мәжіліс залы» ашылды. Салтанатты шарадан соң аталмыш Мәжіліс залында дөңгелек үстел өтті. Жиынға қатысқандарға жазушының жары, драматург Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Қажығалымқызы арнайы алғысын білдірді.



Жуырда Павлодар қаласының С.Торайғыров кітапханасындағы ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Павлодар облысының Құрметті азаматы Ахат Жақсыбаевтың туғанына 85 жыл толуына орай «Ахат Жақсыбаевтың әдеби әлемі» атты еске алу кеші өтті.

«АХАТ ЖАҚСЫБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ ӘЛЕМІ»

Кеш тізгінін Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Айбек Оралхан ұстады. Жиынға Астана, Алматы, Павлодар, Екібастұз және Ақсу қалаларынан зиялы қауым өкілдері, жазушының қаламдас достары мен отбасы – жұбайы Қиғашқас Теміртасқызы және балалары мен немерелері қатысты. Кеш басында айтыскер ақын Рамазан Дәуренбекұлы Ахат Имантайұлына арналған жыр шашуын арнады.

Ахат Жақсыбаевтың әдеби мұрасы, қоғамдағы орны жайлы Павлодар облысының Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Медет Алпысбайұлы мол да қанықты пікір-лебізін айта келіп жазушының жұбайына облыс әкімі атынан құттықтау хат табыстап, иығы-

на шапан жапты. Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкеновтің құттықтау хатын Павлодар облыстық өкілі, жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Серік Елікбай оқып, табыстады.

Сонымен қатар жазушының жары Қиғашқас Теміртасқызы, жазушы, абайтанушы, профессор Тұрсын Жұртбаев, жазушы Марат Мәжитов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрмет, Парасат ордендерінің иегері Қуаныш Жиенбай, жазушы, публицист Жанболат Аупбаев Ахат Жақсыбаев жайлы ақжарма естіліктерін бөлісті.

«ҚОҢЫРАТБАЕВТАР ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ҚР Ұлттық кітапханасы ғимаратында «Қоңыратбаевтар әлемі және ұлттық руханият мәселелері» атты халықаралық ғылыми-танымдық конференция өтті.

Жиын көрнекті ғалым, әдебиеттанушы Әуелбек Қоңыратбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай және филология ғылымының докторы Тынысбек Қоңыратбайдың 70 жас мерейтойының қарсаңында өтті. Конференция барысында Қалжан, Әуелбек, Әлібек Қоңыратбаевтар мен Тынысбек Қоңыратбайдың ғылым мен мәдениеттегі орны, шығармашылық мұрасы жан-жақты талқыланды.

Конференция барысында қонақтарға ағайынды Қоңыратбаевтар еңбектерінен жасақталған кітап көрмесі ұсынылды және «Қоңыратбаевтар династиясы», «Біртуар. Тынысбек Қоңыратбаев» деректі фильмінің тұсаукесері жасалды.



Көрмеге энциклопедиялық жазбалар, библиографиялық көрсеткіштер мен сирек деректер қойылды. Сонымен қатар конференция барысында Қалжан және Әлібек Қоңыратбаев шығармалары мен профессор Тынысбек Қоңыратбаевтың 3 томдық «Руханият әлемі» шығармалар жинағының және музыкалық шығармаларының тұсауы кесілді, отандық және шетелдік ғалымдар баяндама жасады.

ЖАҢА РОМАН ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Өткен аптада Сақтаған Бәйішев атындағы облыстық кітапханада Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Назарбек Нұрмағанбетовтің «Сайыпқыран. Жарқамыстан Америкаға дейін» романының тұсаукесері өтті.

Ұлы Отан соғысында жау тұтқынына жаралы күйінде түскен жас жауынгердің бастан кешкен шым-шытырық оқиғаларын баяндайтын бұл жаңа роман әдебиетсүйер қауым, әсіресе студент жастар арасында үлкен қызығушылық тудырды.


Автор шығармасында бас кейіпкердің прототипі ретінде өз әкесін алып, оның тағдырын әдеби көркем тілмен баяндайды. Шығармадағы сол кездегі әлеуметтік-тарихи жағдайлардың шынайы жазылуы, бас кейіпкердің болмыс-бітімінің дара сомдалуы, қиын-қыстау сәттерде адамдардың бір-біріне деген риясыз қарым-қатынасы қазіргі жастардың тәрбиесіне, олардың ар-ождан кеністігіне оң ықпал ететіні анық.



Қазақстан Жазушылар одағы Ақтөбе облыстық филиалының директоры Бижан Қалмағанбетов бастаған жергілікті қаламгерлер Назарбек Нұрмағанбетовтің жаңа романына байланысты пікірлерін ортаға салып, қазіргі әдеби процесс туралы өздерінің тұшымды ойларын айтты. Іс-шараға қатысқан Ақтөбе облысы әкімдігінің Мәдениет басқармасының басшысы Алтынай Юнисқызы мен Қазақстан Жазушылар одағының Ақтөбе облысындағы өкілі Бауыржан Құрманқұлов жаңа кітаптың тұсауын кесіп, авторға шығармашылық табыстар тіледі.

БИЫЛҒЫ НОБЕЛЬ ЛАСЛО КРАСНАХОРКАИДЫҢ ЕНШІСІНДЕ

2025 жылғы әдебиет сәтіндегі Нобель сыйлығы венгр жазушысы Ласло Краснахоркаиға бұйырды. Комитет оның «апокалипсистер үрей жағдайында өнердің күшін қайта дәлелдеген көреген әрі сенімді шығармашылығын» жоғары бағалады. Бұл туралы 9 қазан күні Нобель комитетінің ресми баспасөз хабарламасында айтылды.



Нобель комитеті атап өткендей, Ласло Краснахоркаи – Орталық Еуропа әдеби дәстүрінің өкілі, оның шығармалары Кафка мен Томас Бернхард рухымен үндес, ал стилі абсурд пен гротеск араласқан эпикалық баяндау сипатында. Сонымен бірге жазушы шығыстық философия мен медитативті көзқарасқа да бой ұрады, шығармаларында сабыр мен рухани терендік айқын сезіледі.

Ласло Краснахоркаи 1954 жылы Венгрияның оңтүстік-шығысындағы Дьюла қаласында, Румыния шекарасына жақын өңірде дүниеге келген. Ол 1985 жылы жарық көрген алғашқы романы «Сайтан бий» арқылы Венгрия әдебиетінде сенсация тудырып, халықаралық деңгейде таныла бастады. Бұл туынды кейін режиссер Бела Тарр түсірген жеті сағаттық фильмге негіз болған.

2015 жылы Краснахоркаи Халықаралық Букер сыйлығының лауреаты атанды. Сол кезде қазылар алқасы оның шығармаларындағы тілдік қарқын мен философиялық терендікті ерекше атап өткен болатын.

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде Қазақстан Жазушылар одағымен бірлескен «Кітап фестивалі – 2025» шарасы аясында ұлттық ұлы ақыны, хакім Абайдың туғанына 180 жыл толу мерейтойына арналған салтанатты кеш өтті.

ҰЛЫ АҚЫНДЫ ҰЛЫҚТАП, МАХАББАТ ЖЫРШЫСЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



Кеш шымылдығын университеттің Баскарма төрағасы-ректор Мейрам Бегентаев пен Жазушылар одағы Баскарма төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы ашып берді. Жиналысқа университеттің түлектері, көрнекті ғалымдар мен ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері және кітапхана қызметкерлері қатысты. Алматыдағы бір топ баспа ұсынған қазақ қаламгерлерінің әдеби шығармалары мен әртүрлі мазмұндағы кітаптардың көрмесі ұйымдастырылды. Абайдың өлеңдері оқылып, әндері орындалды.

Содан соң Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның Құрметті жазушысы, аты аңызға айналған «Дос-Мұқасан» ансамблінің негізін қалаушылардың бірі, профессор Ұлықпан Сыдықовтың шығармашылығына арналған «Алау сезім» атты әдеби-сазды кеш өтті. Кешке «Дос-Мұқасанның» ардагерлері Досым Сүлеев, Мейірбек Молдабеков, ғалым Қансейіт Әбдезұлы, Ғалымқайыр Мұтанов, театр режиссері Әбубәкір Рахимов, жазушы Ғалым Қалибекұлы қатысып, Ұлықпан Есілханұлына жүрекжарды лебіздерін білдірді, «Дос-Мұқасан» тобының репертуарындағы бүкіл әндердің сөзін жазған кеш иесіне «Махаббат жыршысы» деген үлкен баға берді. Өз кезегінде Ұ.Сыдықов әр жылдары жазған лирикалық өлеңдерін оқыса, танымал өнер жұлдыздары ән шырқады.

Бір күнде қатар өткен ән мен жырдың екі кеші жастарға мол тағылым беріп, шығармашылық шабыт сыйлады.

«Жәрдемнің» жәрдемі жалғасуда

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ, «Қазақ әдебиеті» газетінің Абай облысы бойынша тілшісі

Алаш үкіметінің туы өткен жиырмамыншы ғасырдың жиырмамыншы жылдарына тақау Семейде көтерілгенін, ерке Ертіс жағасындағы бұл қаланың сол шақта еліміздің рухани орталығына айналғанын бүгінгі көзі ашық, көкірегі ояу зиялы қауым өкілдері жақсы біледі деп ойлаймыз. Солай дей отырып, еліміздегі алғашқы театр, алғашқы музей, алғашқы баспахананың осында ашылып, оның сыртында алғашқы футбол командасының Семейде құрылғанын кейінгі ұрпақ есіне сала кетсек, артық болмас.

Ал бүгінгі әңгімеміз «Жәрдем» деп аталған бүкіл ел көлеміндегі алғашқы баспахана тарихына арналады. Жуырда, Республика күні қарсаңында аталған баспаның 115 жылдығына орай, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде осындағы Шәкәрімтану, «Тарих және археология» ғылыми орталықтарының ұйытқы болуымен алқалы жиын өтті. Шәкәрім университеті демекші, бұл оқу орнының тізгінін Думан Орынбеков сынды жас та болса іскер басшы қолға алғаннан бергі аз ғана уақытта мұнда игі шаралар көптеп жүзеге асырылуда. Соның бір айғағындай, жабылып қалған Шәкәрім ғылыми орталығы қайтадан ашылып, дала данышпаны атанған ақынның музей жұмысы жандана бастады. Қайтадан жаңғырып игі шараларды жүзеге асырып жатқан «Жәрдем» баспасы да осында.

Жоғарыда аталған екі ғылыми орталықтың жетекшілері Тұрдықұл Шаңбай мен Еркін Рахметуллин, қазіргі «Жәрдем» баспа компаниясының директоры Айдар-Ғали Арыстанұлы, сондай-ақ профессор Мұхтарбек Кәрімов, Амантай Исин, Мұратбек Кенемолдин сынды тарихшы, әдебиетші ғалымдардың айтуынша, байырғы баспаның тарихы терең де қызықты. Литографиялық әдіспен жұмыс істейтін бұл баспахана Семейге 1910 жылы Томск қаласынан әкелінген екен. Ал арада екі жылдан соң Шәкәрім қажының «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» атты дастандары мен «Қазақ айнасы» деп аталатын жыр жинағы осы баспадан жеке-жеке кітап болып жарыққа шыққан. Шәкәрім «Қалқаман-Мамырды» отыз жасында жазса, ал екінші дастанын арада үш жыл өткенде аяқтаған. Осы екі дастан да бұған дейін қазақ сахарасына қолжазба түрінде кеңінен тарап, Абайдай дананың немерелес, рухтас інісінің қарым-қабілетін айғақтап үлгерген-ді. Ал оның жыр жинағына жиырма жасынан бастап ширек ғасыр ішінде жазған жырлары топтастырылған болатын. Жиырма жасында Абайдай ағасына арнап алғаш жыр толғаған Шәкәрім шығар



тегінде.

Енді мына бір маңызды деректерге де көңіл аударуға кеткеніміз жөн болар, яғни сол 1912 жылы «Жәрдем» баспасынан Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» атты романы мен «Балаларға жеміс» атты өлеңдер жинағы, Мұстақым Малдыбаевтың «Қазақша оқу» кітабы, орыс халқының ұлы ақыны Александр Пушкиннің «Дубровский» хикаясының қазақша аудармасы және басылып шыққан. Осылайша, қазақ еліндегі тұңғыш ұлттық баспахана ашылған беттен қызу іске кірісіп кеткен.

Бұған дейін сол шақтағы қазақ қаламгерлерінің азды-көпті шығармалары Петербор, Қазан, Уфа, Орынбор қалаларында басылып жатқан-ді. Қалың ұйқыдағы халқын оятуға талпынып баққан Міржақып ақын 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған бір мақаласында: «Қазақта баспахана жоқ. Кітап, газет-журналдарымыз жоғай, орыс, еврей баспаханаларында басылады. Пайданың көбі солардың қалталарында қалады. Баспахана ісімен таныстығы жоқ кісілерден 1,5-2 есеге қымбат ақы алады», – деп жазған екен. Міне, дәл осы тұста «Жәрдем» баспасының иелері ағайынды Нығматуллиндерден Омбының бір байы сатып алайын деп жатқанда оны қазақ байы хәм мещенат Қаражан Үкібаев 11 мың рубльге сатып алған екен деседі. Бұл ізгі шаруаға Семей облыстық қазақ комитеті мұрындық болған көрінеді. Ал содан кейінгі үш жыл бойы бұл баспаның аты «Алашорда» деп аталыпты. Қалай болғанда да, «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы осы баспаханада басылып, қазақ даласына жыл құсындай жақсылық пен жаналықтың жаршысы болып тараған. Бірақ өкінішке қарай, жаңадан орнығып жатқан Кеңес өкіметінің оларға көзқарасы дұрыс болмай, «Сарыарқа» газеті бір жарым жылдан соң жабылып қалған. «Абай» журналының да оншақты нөмірі шығып, ол да тоқтап тынған. Жоғарыда есімі аталған Қаражан бай мен көрнекті абайтанушы ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қайым Мұхамедхановтың әкесі Мұхамедхан Сейітқұлов аталған журналға қамқоршы ретінде үлкен демеушілік танытқан. Ал оның ұлы Қайымның арада сексен жылдан астам уақыт өткеннен кейін өзі бас болып, «Абай» журналының қайтадан шыға бастауына себепші болғаны өз алдына бір хикая.

«Жәрдем» баспасы қазақтың бай көпесі Әбдірахман Жүсіповтің Семейдің бұрынғы Алаш, қазіргі Жаңа-семей бөлігіндегі қызыл кірпіштен салынған он бөлмелі үйінде орналасқан. Жиырмамыншы жылдары қаладағы бірер баспаханалардың басы біріктірілген соң ол өз жұмысын тоқтатқан. Қалай болғанда да, аталған баспахана аз уақыт ішінде көп шаруа тындырғаны шындық», – дейді жоғарыда есімі аталған қаламгер әріптесіміз Мұратбек Кенемолдин. Кейінде Әбдірахманның қызыл үйі «Қазақстан» деген атпен қонақүйге, ал одан кейінгі жерде осы атпен мейрамханаға айналған. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары бұл манайда көп қабатты үйлердің көптеп бой көтеруіне байланысты «Қазақстан» мейрамханасы сүріліп тасталған. Әрине, оны мейрамхана емес, тарихи, рухани орын ретінде сақтап қалуымыз керек-ақ еді. Оны айтасыз, ана бір жылдары оқушысы дана Абайдың өзі болған Семейдегі көне кітапхана ғимаратының өзі бұрынғы рухани мұра дәрежесінен айрылып, басқа қолға өтіп кеткен. Абырой болғанда, Абайдың есімін алып қайта құрылған облыстың кейінгі әкімі Берік Уәлидін пәрменімен ол оқлық орнына келген. Десе де, Алаш үкіметінің кеңсесі болған ғимараттың шіркеу иелігінде қалып келе жатқаны жүрек ауырталды.

«Өмірдің өзі – бір қуаныш, бір реніш» демекші, екі мыыншы жылдардан бастап, бұрынғы «Жәрдем» баспасының сол атпен Шәкәрім атындағы Семей университетінде қайтадан жаңғырып, жұмыс жасап келе жатқаны көңіл сергітеді. «Қазірде «Шәкәрім» журналының осы баспадан шығып жатқаны да игі іс, зор қуаныш. Алдағы уақытта байырғы баспаның өткен бай тарихы туралы кітап шығарсақ деген ойдамыз», – дейді шәкәрімтану орталығының жетекшісі, белгілі энциклопедист ғалым Тұрсын Шаңбай.

«Біздің баспа бүгінде Семейдегі рухани орталықтармен, мәдениет мекемелерімен бірлесе жұмыс істеуде. Сонымен бірге жергілікті ғалымдар және қаламгерлермен тығыз қарым-қатынастамыз. Қазірде біздің баспадан шыққан кітаптардың жалпы таралымы жүз мыңның үстінде. Жекелеген ғалымдардың ғылыми еңбектері бір мың мен бес мың аралығында басылып, таратылуда. Солайша жасарып, жаңғырған байырғы «Жәрдемнің» рухани тұрғыдағы қазіргі ұрпаққа жәрдемі өз жалғасын табууда», – дейді «Жәрдем» баспа компаниясының директоры Айдар-Ғали Арыстанұлы бауырымыз.

«ЖҰЛДЫЗ» ЖУРНАЛЫНА ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Құрметті оқырман! Қазақ руханиятына ғасырдан астам уақыт бойы қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан «Жұлдыз» журналына 2026 жылға «Қазпошта» арқылы жазылу науқаны басталды.

«Жұлдыз» – қазақ әдебиетінің алтын ұясы, ұлт сөз өнерінің рухани ордасы. Журнал бетінде қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясының озық

туындылары, әдеби-сын мақалалар, танымдық эсселер мен зерттеулер, әлем классиктерінің шығармашылық тәжірибелері мен құпиялары, сондай-ақ жас қаламгерлердің шығармалары тұрақты түрде жарияланып тұрады.

«Жұлдыз» – өткеннің мұрасын, бүгіннің үнін және болашақтың үмітін тоғыстырған рухани әлем! Осы рухани әлемнен кол үзбеңіз. Қолданыз, жазылыңыз.

Жеке адамдар үшін	Қала	Ауыл	Мекемелер үшін	Қала	Ауыл
Индекс: 75685	Бағасы	Бағасы	Индекс: 25686	Бағасы	Бағасы
1 айға	1183,86	1183,86	1 айға	1449,52	1403,86
3 айға	3551,58	3551,58	3 айға	4348,56	4211,58
6 айға	7103,16	7103,16	6 айға	8697,12	8423,16
12 айға	14206,32	14206,32	12 айға	17394,24	16846,32



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында «аймақ басшысы шаруашылықпен ғана айналыспайды. Әкім қоғамдық, рухани мәселелерді әрдайым назарда ұстауға тиіс» деп мәлімдеді. Бұл әсіресе Түркістан аймағы үшін ерекше маңызға ие. Себебі Президент айтып өткендей, Түркістан – түркі әлемінің алтын бесігі, бауырлас халықтардың бірлігін көрсететін ұлы шаһар. Киелі Түркістанның рухани астана ретінде дамып жатқанына 7 жылдың жүзі болды. Осы мерзім ішінде түлеген, түрленген Түркістанды дамытуда жасалған айтулы қадамдар бүкіл аймақтың экономикасына тың серпін берді. Түркістан шаһары бүгінде миллиондаған туристер мен қонақтардың тамашалауға асығып келетін мекеніне айналса, өңірдегі өндіріс саласының қарқыны күшейіп, тың жобалар іске асырылуда. Осы ретте Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшерөвпен арнайы жолығып, экономикалық мәселелермен қатар руханият тақырыбы төңірегінде де сұхбаттасудың сәті түсті.

Нұралхан КӨШЕРӨВ, Түркістан облысының әкімі:

«Бүгінгі Түркістан – руханият пен

– Нұралхан Оралбайұлы! Мемлекет басшысының Жарлығымен Түркістан қаласы ерекше мәртебеге ие болды. Соңғы жылдарда еліміздің рухани астанасы адам танымастай өзгерді, түледі, түрленді. Түркістан тек Қазақстан емес, күллі түркі дүниесінің рухани орталығы екенін ескерсек, осы бауырлас түркігидес елдермен арада туризм, іскерлік және мәдени бағыттардағы байланыстарды нығайтуда қандай жоба-жоспарлар бар?

– Иә, расында да, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Түркістан қаласына ерекше мәртебе берілуі – тарихи әрі тағдырлы шешім болды. Бұл мәртебе Түркістанның тек өңірлік емес, халықаралық деңгейдегі рухани, мәдени және экономикалық орталыққа айналуына жол ашты. Әлемде қала көп, бірақ Түркістан – жалғыз. Ол – түркі халықтарының тарихи тамыры, ислам өркениетінің алтын дінгегі. Түркістан – бүгінде тек Қазақстанның рухани орталығы ғана емес, күллі түркі дүниесінің ынтымақтастығын біріктіретін символ. Сондықтан бұл мәртебе тек Түркістанның емес, тұтас ел дамуының жаңа кезеңін бастады деуге болады.

Бүгінде Түркістан қаласы Мемлекет басшысының жүйелі қолдауының арқасында түбегейлі жаңарып, жаңа дәуірге қадам басты. Қаланың инфрақұрылымы мен сәулеті жаңарып, туристік әлеуеті артып, мәдени және экономикалық тұрғыдан серпінді даму жолына түсті. Қалада сәулет пен тарих үндескен бірегей дизайн-код бекітіліп, тарихи нысандардың сақталуы мен кесене айналасында құрылысқа шектеулер қою бойынша нақты регламент қабылданды.

Бұл шаралар – Түркістанның тарихи бейнесін сақтау мен заманауи дамуын үйлестіруге бағытталған. Бұл бағытта халықаралық деңгейде Түркістанның брендингі мен танымалдығын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Биыл Түркістанда алғаш рет «TURKISTAN WORLD CRAFT FEST–2025» атты халықаралық колөнершілер фестивалі өтті. Бұл іс-шараға 100-ден астам шетелдік шебер және 70-тен аса халықаралық қонақ қатысты. Форум аясында шетелдік және отандық колөнер шеберлері тәжірибе алмасып, жаңа бірлескен жобаларды бастады. Басты мақсат – қазақтың ұлттық колөнерін жаһандық деңгейге шығару, туристік

және мәдени брендке айналдыру.

Көне шаһарға ерекше мәртебе берілгеннен кейін колөнер мен туризм салаларын мемлекеттік тұрғыдан қолдау күшейтілді. Түркістанға ерекше мәртебе беру жайлы арнайы заң биыл 3 наурызда қабылданса, 18 сәуірдегі нормативтік актіге сәйкес, колөнер шеберлерінің шығындарын өтеу тәртібі бекітіліп, бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен қаржы қарастырылды. Бұл – шағын және орта бизнесті, дәстүрлі кәсіптерді дамытуға арналған нақты қадам.

Түркігидес елдермен мәдени және туристік байланыстар жаңа деңгейге көтерілді. Қазір Қазақстан, Түркия, Қырғызстан және Әзербайжан елдері бірігіп ортақ туристік бағыттар мен маршруттар әзірлеуде. Бұл бағдарламаға тарихи, рухани және гастрономиялық бағыттар енгізілген. Мысалы, «Tabagluk Ziyorat» жобасы аясында қасиетті орындарға зиярат туризмін дамыту қолға алынуда. Ал Өзбекстанның Қоқан қаласы биыл түркі әлемінің туристік астанасы мәртебесіне ие болып, Түркістанмен бірлескен мәдени бағдарламаларды жүзеге асыруда.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы жол картасы аясында Түркістан–Ташкент бағытында жаңа автобус маршруттары қосылуда. Бұл – зиярат және мәдени туризмді біріктіріп, туристер легін арттыруға бағытталған маңызды бастама.

Сонымен бірге бауырлас елдердің туристік орталықтары арасында бірыңғай ақпараттық платформа құру жобасы іске асырылуда. Түркістанда Әмір Темір, әл-Фараби және Қожа Ахмет Ясауи мұраларын сақтау және тұрақты туризмді дамыту тақырыбында халықаралық конференциялар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

Мұндай жиындар түркі өркениетінің ортақ рухани тамырын жаңғыртуға және ғылыми байланысты нығайтуға зор үлес қосуда. Туризм саласының экономикалық әлеуетін арттыру бағытында нақты нәтижелер бар. 2025 жылға арналған даму жоспары аясында ішкі туризм бойынша 161 мың турист тарту жоспарланып отыр. Бүгінде жалпы құны 16,6 млрд теңге болатын 11 туристік инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар іске асқанда, 109,4 млн теңге көлемінде салық түсімі қамтамасыз етіліп, 354 жаңа жұмыс орны ашылады. Мұның бәрі өңірлік экономиканың

тұрақтылығын арттырып, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Түркістанның білім және ғылым саласындағы әлеуеті де күшейіп келеді. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-түрік университеті, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, сондай-ақ жуырда ашылған «Woosong University Kazakhstan» оқу орны өңірді халықаралық білім хабына айналдыруда. Қазірдің өзінде түркі елдерінен келген үш мыңнан астам студент Түркістанда білім алып жатыр. Алдағы уақытта Түркі мемлекеттерінің білім беру консорциумын құрып, академиялық алмасу бағдарламаларын іске асыру жоспарланған.

Қорытындылай айтқанда, бүгінгі Түркістан – руханият пен өркениеттің тоғысқан ордасы, түркі елдерінің мәдени және экономикалық интеграциясының символы. Біздің басты мақсатымыз – Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Түркістанды мәдениет, білім, бизнес және туризм бағыттары тоғысқан жаһандық деңгейдегі рухани орталыққа айналдыру. Түркістанның өркендеуі – барша түркі жұртының ортақ мақтаншы, ал осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде әрі халықаралық стандарттарға сай жалғасын таба береді.

– Түркістанның басты құндылығы, сәулет өнерінің жауһары, туристердің ерекше қызығушылығын туғызатын нысан – Әзірет сұлтан кесенесі екені даусыз. Соңғы кездері кесене қабырғаларының ылғалданып, көгеріп бастағаны жайлы түрлі әңгімелер айтылып жүр. Кесененің кәзіргі жағдайы қалай?

– Әлбетте, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – қазақ елінің мақтаншы, күллі түркі дүниесінің рухани мұрасы. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне енген, халықаралық маңызы бар жалғыз тарихи ескерткішіміз болғандықтан оны сақтауға, қорғауға айрықша көңіл бөлініп отыр. Кесененің жағдайы әрдайым тек облыс әкімдігі емес, Үкімет пен республикалық деңгейдегі бірқатар ғылыми мекемелердің ұдайы бақылауында. Соңғы үш жылда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жай-күйін кешенді зерттеу мақсатында арнайы бағдарлама жүзеге асырылып келеді. Кешенді ғылыми-реставрациялық жұмыстарға «Қазқайтаңарту» кәсіпорны, еліміздің және шетелдің жетекші ғалымдары мен тәжірибелі

реставраторлар тартылған. Мамандар қабырғаның гидроокшаулау жүйесін жаңартып, ылғалдың таралу себептерін анықтады. Нәтижесінде, зерттеу барысында кесене қабырғаларындағы ылғалдың артуына бірқатар сыртқы факторлар әсер еткені анықталды. Атап айтсақ, жақын маңдағы көгалдарды шамадан тыс суару мен дренаж жүйесінің ескіруі мен ауа райының өзгеруі, жауын-шашынның көбеюі – негізгі себептердің бірі болуы мүмкін.

Осы жайттарды ескере келе кесенені сақтау жөніндегі аймақтық бағдарлама қабылданып, оның аясында нысанның төңірегіндегі топырақ сулары мен жерасты ылғалына қарсы инженерлік шаралар іске асуда. Білікті мамандар кесенеден 150 метр қашықтыққа дейінгі аумақта көгалдандыру жұмыстарын мүлде шектеу туралы ұсынысын жеткіз-

ді. Бұл шара іске асырылуда. Сонымен қатар ескі дренаж жүйесін толық жаңарту және кесенеге қорғаныш білік жасау мәселесі қолға алынды. Бұл тиісті нәтижесін береді деген сенімдеміз. Негізгі жұмыстар 2026–2028 жылдары басталады. Ең бастысы, кесененің тарихи келбеті бұзылмай, оның табиғи беріктігін сақтап қалу керек.

– Облыс басшысы ретіндегі басты міндетіңіз – өзіңізге сеніп тапсырылған аймақтың гүлденуі, осында қоныстанған халықтың әл-ауқатын жақсарту. Осы тұрғыда сіздің облыс әкімі ретінде «Менің мақсатым – Түркістанды дотациялық өңір деңгейінен өз бюджетін қамтитын, өндірісі дамыған облысқа айналдыру» деген мәлімдемеңіз елді ерекше елең еткізді. Бұл реттегі нақты жоба-жоспар қандай? Түркістан өзіңіз айтқан дотациялық емес, дамыған өңірге қашан айналады? Сіз басқарып отырған 9 айда осы мақсатқа жету жолында қандай қадамдар жасалды?

– Мемлекет басшысы биыл жалпы экономиканың 7 пайыз өсімін қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Осы межеге жету жолында Түркістан облысы айтарлықтай ілгері қадам жасап келеді. Өткен жылы облыстың жалпы өңірлік өнім көлемі 4,7 трлн теңгеге жетіп, өсім 110 пайыз деңгейінде орын алды. Ағымдағы жылы даму қарқыны сақталды. Қысқа мерзімде экономикалық өсім 115,8 пайызды құрады.

Түркістан облысын дотациялық өңірдің тізімінен шығару – басты міндеттеріміздің бірі. Оның бір ғана жолы бар – өзіндік кірістерді көбейту үшін өндірісті дамытып, экономикаға инвестиция тартуымыз қажет. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту, өндіріс орындарын ашу жөнінде тапсырма берді. Бұл бағытта облысымызда нақты жұмыстар атқарылып жатыр. Осы ретте облыс экономикасының дамуына жаңа серпін беретін 111 инвестициялық жоба пулын қалыптастырдық. Индустриялық аймақтардың жұмысын жандандырып, жаңа жобаларды жүзеге асырамыз. Негізгі басымдық ретінде өңдеу, ауыл шаруашылығын терең қайта өңдеу, энергетика және туризм салаларын айқындадық. Осы жобаларды іске асыру есебінен алдағы 10 жылда өзіндік кірістерді 1,1 трлн теңгеге жеткізуді жоспарлап отырмыз. Нәтижесінде, республикалық бюджетке тәуелділікті

80 пайыздан 25 пайызға дейін төмендетеміз. Яғни әлеуметтік инфрақұрылымы толықтай қалыптасқан, экономикалық дамуы тұрақты және өзін-өзі қамтамасыз ете алатын қуатты өңірге айналатынына сенімдіміз. Оған барлық мүмкіндіктеріміз бар деп есептеймін.

– Мына бір қызықты дерек менің назарымды аударды. Бүгінгі таңда елімізде 55 индустриалдық аймақ бар болса, солардың 30 пайызы Түркістан облысында шоғырланған екен. Бұл үлкен көрсеткіш қой. Осы индустриалдық аймақтардың болашағы не болмақ? Барлығының жұмысы алға басып, сәтті қадам жасайтынына сенесіз бе?

– Дұрыс айтасыз, идустириалдық аймақтардың 30 пайызы бізде. Қазіргі таңда Түркістан облысында 20 индустриалдық аймақ жұмыс істеуде. Жалпы аумағы 2 397 гектарды құрайды. Жаңа өндіріс орындарын ашуға орын тапшылығы пайда болғандықтан кейбір аудандарда бір емес, екі индустриалдық

гектарды құрайтын өндірістік аймақта қазір бос орын жоқ. Бас-аяғы бір жарым жылдың ішінде толықтай игерілді. Бұл өндірістік аймақта қазір жиһаздың түр-түрі, тоңазытқыштар, басқа да бұйымдар көптеп шығарылып жатыр.

Бұдан бөлек, Үкіметтің қаулысымен арнайы экономикалық аймақ құрылған болатын. Аймақтың қатысушылары салықтық преференция мен қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілетін болады. Түркістан қаласы аумағындағы 180 гектар өндірістік аймақта 115 млрд теңгеге 9 ірі жоба іске асырылуда. Оның ішінде, мақта өңдеу зауыты, тау-кен металлургия кешеніне арналған жабдықтар өндірісі, ПВХ құбырлары, ламинат, полимерлі құбырлар мен пластмасса бұйымдары, орау материалдары, полиэтилен пакеттері мен бір рет қолданатын ыдыстар шығаратын зауыттар салынуда.

Айталық, Сауран ауданы Оранғай елді мекеніндегі 365 гектар өндірістік

белсенді түрде тартылуда. Айталық, Қытайдың «Лихуа» атты компаниясы облысымыздағы мақта кластеріне 400 миллион доллар көлемінде инвестиция жұмсамақ. Бұл кешенді жоба аясында мақта егуден бастап, киім шығаруға дейінгі аралықтағы барлық кезеңдер қамтылады. Бір жылдың ішінде Отырар ауданында 32 мың гектар жерге тамшылатып суару әдісі енгізілді. Біле білсек, бұл нағыз тарихи көрсеткіш, себебі сонау кеңес дәуіріндегі тың игеру жылдарынан кейін мұндай көлемдегі жер аумағы игерілмеген екен. Осы жобалардың ойдағыдай іске асырылатынына сенім мол.

– Түркістан өңірінің басты ерекшелігі – тұрғындарының 80 пайызы ауылда тұратынында. Осыдан-ақ өңірдің гүлденуі – ауыл жағдайының жақсаруын білдіретіні айтпаса да түсінікті. Осы ретте қазақтың жаны, дәстүрі мен болмысының қайнар көзі саналатын ауылды көркейту бағытында қандай жұмыстар атқарылып

жанартылды. Биыл қосымша 22 елді мекен жаңғыртудан өтеді.

Білім беру мен денсаулық сақтау саласына әрдайым ерекше көңіл бөлініп келеді. Қазіргі таңда облыстағы 1 438 балабақшада 155 мың бала тәрбиеленеді. 2–6 жастағы балаларды қамту деңгейі 99 пайызды құрады. Ал 1 093 мектепте 549 мың оқушы білім алады. Бүгінде облыстық бюджет есебінен 17 мектеп құрылысы жүргізілуде. Жыл қорытындысымен 2 мектеп пайдалануға тапсырылады. Қалғаны келесі жылға өтпелі. «Келешек мектептері» жобасы аясында қуаттылығы 23 000 орындық 29 мектеп құрылысы жоспарланған. Оның ішінде, 21 мектеп пайдалануға тапсырылды, 8 мектеп құрылысы жыл соңына дейін аяқталатын болады. Денсаулық сақтау саласында жалпы 199 медициналық ұйым халыққа қызмет көрсетеді. Ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау нысандарын жаңғыртуға үлкен назар аударылуда. Өткен жылы «Ауылда

ӨРКЕНИЕТТІҢ ТОҒЫСҚАН ОРДАСЫ»



аймақтан ашылды. Осы аймақта жалпы құны 152 миллиард теңгені құрайтын 98 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған болса, бүгінгі таңда 50 жоба іске асты. Осы арқылы 2 603 жаңа жұмыс орны ашылды. 39,5 млрд теңге инвестиция тартылды.

Жалпы, әрбір аудан, қала әкімдеріне нақты жоспар белгіленіп отыр. Облысымыздағы кез келген индустриалдық аймақта кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін барлық жағдай жасалуы тиіс. Бұл ретте аудан басшыларының өз бетінше іздентуі қажет. Инвесторды тарту – онай шаруа емес. Сырттан дайын инвестиция өздігінен келе салмайды. Инвесторды шақыру керек, қызығушылық танытып, бизнес жобаны іске асыруға мүмкіндік беретін алаңды ұсыну қажет. Ол үшін толықтай инфрақұрылым дайын болуға тиіс. Зауыт-фабрика ашуға келісін инвестор келуін келіп, есесіне жергілікті әкімдік оған қажетті инженерлік желілерді уақытылы қамтамасыз етіп бере алмай, соның кесірінен жоба іске аспай қалған жайттар біздің өңірде де, еліміздің басқа аймақтарында да орын алған. Инвестор тек инфрақұрылымы дайын өңірге барады. Сондықтан басты бағытымыз – бизнес үшін қажетті инфрақұрылымды қалыптастыру. Бұл ретте сәтті тәжірибеміз бар. Мәселен, Түркістан қаласының әуежайының маңындағы жалпы көлемі 30

қосалқы аймақта 2027 жылдың соңына дейін 29 миллиард теңге құрайтын 4 жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз.

Ел Президентінің тікелей тапсырмасымен өңдеу өнеркәсібінің әлеуетін дамыту мақсатында Мақтаарал ауданы Атакент кеден бекеті аумағынан «Орталық Азия» Халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы құрылды. 50 гектар аумақта Кеден бекетімен заманауи қоймалық және өндірістік нысандармен интеграцияланған логистикалық орталық болып жұмыс істейді. 7 әлеуетті инвестор Орталықта өз жобаларын жүзеге асыруға қызығушылық танытып отыр. Нәтижесінде, 123 млрд теңге инвестиция тартып, 3 мыңнан аса жұмыс орны құрылатын болады. Бюджетке қосымша 355 млн теңге салық түседі. Бүгінгі таңда 7 өндірістік ғимарат және ішкі инфрақұрылым жүйелерінің құрылысы басталып кетті.

Индустриалдық және арнайы экономикалық аймақтардың қызметін трансформациялау арқылы жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен облыс өнеркәсібінің драйверіне айналдыруды жоспарлап отырмыз. Өңірді дамытуда кластерлік жүйені де мейлінше белсенді түрде қолдануға мән беріледі. Бүгінгі таңда үш бағыт – мақта, жүгері және ет саласы бойынша кластерлік даму тәсілі іске асырылып отыр. Осы бағытта шетелдік ірі инвесторлар

жатыр?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жаңа Президенттік мерзімдегі алғашқы тапсырмаларының бірі – ауылды дамыту, халықтың табысын арттыру және жұмыспен қамтуды күшейту болды. Бұл бастама ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсартуға, олардың өз кәсібін ашып, табыс табуына мүмкіндік беруді көздейді. Әрине, халықтың басым бөлігі ауыл тұрғындары болып табылатындықтан, өңірде ауыл шаруашылығын дамытуға мейлінше көңіл бөліп отырмыз. Агросекторды әртараптандырудың, әсіресе су үнемдеу технологияларын барынша енгізудің маңызы ерекше. Орта Азия кеңістігінде соңғы жылдарда ағын су тапшылығы қатты байқалып отыр. Түркістан өңірі де бұл тенденциядан шет қалған жоқ, себебі облысқа қажетті судың 70 пайызы көрші мемлекеттен келеді. Сол себепті ауыл шаруашылығында заманауи су үнемдеу технологиясын ендіруге, жаңа дақылдар мен сорттарды өсіруге басымдық береміз. Су үнемдеу технологиясын 400 мың гектарға енгізіп, суармалы жерлердің үлесін 72 пайызға жеткізу жоспарымыз бар. Қазірдің өзінде бұл технология жалпы 55 мың гектар жерге енгізіліп үлгерді.

Біз ауыл тұрғындарының сұранысын бюджеттің мүмкіншілігіне қарай кезең-кезеңімен жоспарлы түрде шешіп келе жатырмыз. Бұл бағыттағы көрсеткіштер жаман емес. Айталық, елді мекендерді ауыз сумен қамту деңгейі бүгінгі таңда 95 пайызды құрап отыр. Яғни облыстағы 763 елді мекен сапалы ауыз сумен қамтылған. Биыл 30 елді мекенге жаңадан ауыз су құбыры жүргізіліп, 11 елді мекеннің тозған жүйелері жаңартылмақ. Халықты табиғи газбен қамту деңгейі де айтарлықтай өсті, биыл бұл көрсеткіш 85,5 пайызды құрады. Былтыр газ құбырлары 53 ауылға тартылып, жалпы «көгілдір отынмен» қамтылған елді мекендер саны 563-ке жетті.

Жыл соңына дейін қосымша 37 елді мекен газға қосылып, халықтың қамтылуы 88,9 пайызға жеткізілмек. Орталықтандырылған электр қуатымен облыстың барлық дерлік елді мекені қамтылған. Шалғай орналасқан бірді-екілі шағын ауылдар баламалы электр қуатымен қамтамасыз етілген. Былтыр 44 елді мекеннің тозығы жеткен желілері

денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыста жаңа 49 нысан салынып, пайдалануға берілді. Биыл облыстық бюджет күшімен қосымша жаңа 32 ғимарат салынуда, жыл соңына дейін тапсырылады. Бұдан бөлек, Қазығұрт, Сарыағаш және Шардара аудандық орталық ауруханалары күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Сондай-ақ жедел жәрдем қызметі сапасын арттыру мақсатында 60 арнайы автокөлік сатып алынды.

Ел Президенті цифрлық теңсіздікті жоюды, ауылдық елді мекендерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуді мемлекеттік саясатын басым бағыты ретінде айқындады. Мемлекет басшысының осы тапсырмасы аясында қазіргі таңда облыстағы цифрлық инфрақұрылымды дамыту жүйелі түрде жүргізілуде. Бүгінде облыстық білім басқармасына қарасты 1000-ға жуық мемлекеттік мектептің барлығы интернет желісіне қосылған. Өңірдің 300-ге жуық білім ұяларында Starlink спутниктік интернет желісі елімізде алғашқылардың бірі болып орнатыла бастады. Сонымен қатар «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында пайдалануға берілген жаңа мектептер толығымен талшықты-оптикалық желіге қосылды. Биыл облыс әкімдігі мен «Қазақтелеком» АҚ арасында «Түркістан облысында байланыс және интернетті дамыту жөніндегі өзара іс-қимыл туралы» меморандумға қол қойылды.

Бұл жоба 2025–2027 жылдар аралығында 372 ауылдық елді мекенді талшықты-оптикалық интернет желісімен қамтуды көздейді. Оның ішінде 274 ауыл мектебі мен 258 медициналық нысан толық интернетке қосылады. Қазіргі уақытта, ауылдық медициналық мекемелері 85 пайыз интернет желісімен қамтамасыз етілген. «Қолжетімді интернет» Ұлттық жобасы бойынша 2025–2027 жылдары аралығында облыс аумағындағы ауылдық елді мекендерге талшықтық оптикалық интернет желісімен қамтамасыз етілетін болады. Біздің басты мақсатымыз – әрбір ауыл тұрғыны, әрбір бала мен мұғалім, әрбір дәрігер заманауи цифрлық мүмкіндіктерді толық пайдалана алатын орта қалыптастыру. Түркістан өңірі цифрландыру ісінде республикадағы көшбасшы аймақтардың біріне айналады деп сенеміз.

Өңгімелескен
Бауыржан ЖАҚЫП

Кеңес ЖҰМАБЕКОВ,
Қазақстанның халық артисі

Алғаш рет академик Е. Бөкетовтің есімін 1968 жылы Алматыдағы М.Әуезов атындағы Академиялық қазақ драма театрының жанындағы театр студиясын бітіріп, жолдамамен Қарағанды облыстық С.Сейфуллин атындағы Қазақ драма театрына актер болып келгенде естідім. Сол кезде Қарағанды облысының қазақ және орыс театрлары бірігіп қойған Ғ.Мүсіреповтің «Амангелді» спектаклі көрермендер мен сыншылардан жоғары баға алып, республиканың театрлар ортасында абыройлары асқақтап жатқан кез екен. Мен де осындай қайнаған шығармашылық еңбектің ортасына келіп арасып кеттім.

Театрда алғашқылардың бірі болып мені бауырына жақын тартқан Сатаев Қарғаш аға болды. Ол бірден қолыма «Орталық Қазақстан» газетінде шыққан «Амангелді» спектакілінің рецензиясын «мынаны оқы» деп ұсына берді. Сосын: «Бұны жазған анау-мынау емес, химия ғылымдарының докторы, академик Ебіней Бөкетов!» — деді. Баяндауында мақтаныш пен қуаныштың сезімі астасып-ақ тұрды.

Рецензияны оқып, таңғалдым. Жай мақтау «жалпылама», «бірсыдырғы», баға беру емес, шын мәніндегі, бүгінгі сыншыларға үлгі болатын құнды зерттеу. Өнерді, әдебиетті ұлттық деңгейде біліп қана қоймай, әлем әдебиеті мен өнерінен хабардар екені білініп-ақ тұр. Саликалы ойлары, салыстырмалы тұжырымдары актер мен режиссер және суретші шеберліктері бірін-бірі толықтырып, үлкен симфониялық үндестікпен екі өнер ұжымының арқасында екендігін талдап, саралап берген.

Шеберлігіне, сөз саптасына, сыншылдығына құмартқаным сондай, көргенше асық болдым. Театрдың жаңа маусымы ашылып, Ш.Айтматовтың «Алғашқы мұғалім» спектакілінің премьерасын ойнап, бір-бірімізді құттықтап мәре-сәре болып жатқанбыз, бір кезде Қарғаш аға:

— Тез киін де, фойеге шық, менің ағам Амантай (Сатаев) мен өткендегі айтқан академик Бөкетов келіп тұр, таныстырамын, — дегені.

Гримді сүрте сала фойеге шықсам, бес-алты адамның ортасында биік бойымен бірден көзге түсетін, қапсағай денелі, өзі паң ба қалай, шалқасынан қайырған қап-қара шашы, келісті келбеті бірден көз тартады. Мен де іштей «дәу де болса дәй Бөкетов осы болар» деп топшылап қойдым. Мен де бәрімен қол беріп амандасып шықтым. Тұрғандардың бәрі Қарғаш ағаны құттықтап, мақтау мен марапат сөздерін аямай-ақ айтып жатыр. Бір кезде әлгі қапсағай денелі ірі адам:

— Ш.Айтматовтың философиясын шашыратпай, жас шағы мен үлкейген кезеңін әдемі қабыстырған екенсіңдер. Есейген шағындағы ойындарың (Алтынай роліндегі А.Абылаеваны қосып айтып отыр) нағыз спектакльдің



БҰЛ ҚАЗАҚ

БІЛЕР МЕ ЕКЕН

шарықтау шегіне жеткен екен, көңілім босап кетті, — деп ризашылығын білдірді. Кетуге ыңғайлана бергенде Қарғаш аға:

— Аға, мынау Кеңес деген жігіт, Алматыдан оқу бітіріп, бізге жақында актер болып келді, — деп мені таныстырып үлгерді. Ойлы, тұңғық қара көзі күлімдеп қолын ұсынып:

— Жаңағы пионер ғой. Жақсы ойнадың, қадамың құтты болсын, — дегенде ұсынған қолын шап беріп ұстадым. Менің кішкентай қолым алып алақанның аясында шексіз мейірімнен нәр алғандай болды, өнебойым қуаныштан тоқ соққандай дір ете түсті. Қуаныштың тебіренісі еді. Сол бір аялы алақанның бір сәттік жылуын, мейірімін еш ұмытқан емеспін, үнемі жадымда. Қызметі де, атақ дәрежесі де зор бола тұра өте қарапайым, кішіпейіл, адамды жатырқамайтын, мен секілді жастарды баласынбай, әңгімеге тартып отыратын қасиеті ерекше еді.

Ебіней Арыстанұлынан үйренерлік жақсы ғадет көп, ол театр сахнасында қойылған барлық классикалық шығармаларды, мейлі ол шет тілдерінен аударылған аударма болсын, спектакльдерден қалмайтын және міндетті түрде өз пікірін режиссерге, актерларға

ауызша да және баспасөз беттерінде білдіріп отыратын. Ол кісінің әрбір ескертпе-сындары театрдың бағыт-бағдарына, жоспарларына, қоғамдағы орнына, таным мен талғамының өсуіне көп септігін тигізді деп айта аламын.

Ебіней ағаның театрға келгенін естісек көзіне түсіп, қолын алып, амандасып қалудың сәтін іздейтінбіз. М.Кәрімнің «Ай тұтылған түн» трагедиясын көргендегі жастардың ойынына риза болып, кереметтей толғана сөйлегені есімде. Мысалы, А.Островскийдің «Найзағай» спектакілінен кейін актерлермен кездесіп, Добролюбовтың «Луч света в темном царстве» деген мақаласындағы ойларын өз пікірімен қабыстыра отырып, қойылымның құнды жақтарын баса айтып, өнер адамының өсуі үшін мұндай шығарманың қажет екенін үлкен бір тебіреніспен, тілекпен айтқаны дәл бүгінгідей көз алдымда.

Айталық, 1975 жылы Қ.Бекхожиннің «Ұлан асу» тарихи драмасы ең алғаш рет біздің театрда қойылды. Кезекті спектакльде ойнап бола бергенімізде сахна сыртында тұрған театрдың бас режиссері Жақып Омаров:

— Ебекең келді. Спектакль біткен

соң Рамазан екеуін маған көтеріліңдер, — деді. Жақанның кабинетінде екі-үш кісімен Ебіней аға көңілді сұхбаттасып отыр екен. Бізді көргенде қуанышын жасырмай:

— О, батырлар, келіп қалдыңдар ма! Жарайсындар, өте сәтті шыққан спектакль болды, ұялмай көрсетуге болатын қойылым, — деп, сәлемімізді алып, арқамыздан қақты.

Спектакль туралы, авторы Қалижан Бекхожин жайлы, сахна шешімінің ұтымдылығын, көпшілік сахнасының сәттілігін, Абылай роліндегі Қарғаш Сатаевтың ғажап шеберлігін, тіптен музыкалық көркемделуінің орынды пайдаланғанын саралап, бұл спектакль жөнінде пікірінің өте жоғары екендігін, халыққа осындай тарихымыздың өте қажет екенін айтып, алғысын білдірді. Академик ағамыздың құнды пікірлері мен мақтау сөздерінен қанаттанған Жақан:

— Келесі күрделі қойылым өзіңіздің аудармаңызбен болады. Өзіңізге ертеректе құлаққағыс етіп едім, енді міне, шешуші кезең келді. Алматыдағы гастрольге шетел классикасынан бір күрделі дүние керек... — деп бізге қарап, қуаныштан көзі күлімдеп: — Қатырған жоқпын ба, ә! — деді, Жақан бізге қарап қарқ-қарқ күліп. Ұсталып қалған Ебекең де бізге қосыла күліп:

— Уәде — Құдай сөзі. Есімде, есімде. Бірақ қайсысына тоқталамыз? — дегеніне, баяғыдан іштей дайындалып, сәтін күтіп жүрген көкейкесті арманын Жақан:

— Шекспир, «Макбет!» — деп, ойын сарт еткізді.

Бағанадан көңілді, еркін отырған

Ебекең көзін бір нүктеге тоқтатып, қысылыңқырап үнсіз отырып қалды. Бәріміз де Ебекеңнің әр қимылын аңдып, қатып қалдық. Ойлы көзі бір ұшқынды көргендей күлімдеп, дауысын соза:

— Апырым-ай, мұхиттың түбінен маржан іздетейін дедің-ау. Жағасында жүрген орыс классиктерінен біреуі табылмады ма?! — деп Жақан бұрылғанда:

— Маяковскийді, Есенинді аудардыңыз, енді Шекспирге құлаш ұратын кезіңіз келді, — деп дес бермеді.

— Бірен-сараны болмаса «Макбетті» қоюға орыс театрларының тісі батпай жүргенде, біздің көзсіз батырлығымыз жарға жығып жүрмесін.

— Қазақ сахнасында тұңғыш рет «Макбетті» сіздің аудармаңызда біз қоямыз. «Макбетті» ойнайтын актерді таптым, ол да құлшынып отыр. Ол — Жантөрин! — деп Жақан сырын айтамын деп, көптен көкейінде жүрген шынын ақтарып салды.

Сөздің шынға тартып бара жатқанын сезген Ебекең:

— Нұрмұхандай актерлерге Шекспирдей ғұламаның философиялық ойы терең, тілі шұрайлы, мағыналы, маңызы зор трагедиясын біз жатық

жеткізе алсақ жақсы. Ойын — өзенге, сөзін — көкке, тілін — құмға тартып, шашыратып алмасақ, — деп ойлана, сескене сөйледі.

Атақтан гөрі абыройын ойлайтын ағамыз салмақты үнмен:

— Әзір тура «Макбетті» аударамын деп уәде бере алмаймын, бірақ тағы оқып көрейін. Орысшасындағы қайсысының аудармасы жақсы екенін салыстырып байқайын. Пастернактың аудармасы табылса жақсы болар еді... Біздің бұғалыққа икемдісі, көнетіні болса айтармын. Жауап менен болсын, — деп сөзін аяқтап, рақметін айтып, бізбен қоштасып, жолдастарымен кабинеттен шығып кетті.

Асыға күткен күн де жетті. Алматыдан Жантөрин Нұрмұхан аға келген күні-ақ пьесаны оқып, талқылап, рөлдерді бөліп беріп, репетицияға кірісіп кеттік. Репетициядан кейін Нұраған амандасамын деген соң, Жақан екеуіміз қосшы болып, университетте күтіп отырған Ебіней Арыстанұлына бардық. Ебіней Арыстанұлы орнынан тұрып, босағадан қарсы алды. Бірін-бірі сыртынан жақсы білетін екі тұлғаның құшақтары айқасып, құлшына көрісті. Екеуі де ой-өрістің кені, өз мамандықтарының жетігі, абырой-атақтары республикадан асып, Одаққа тараған тарландар, «қазақ кім?» десе, ұялмай көрсететін алып тұлғалы ағаларымыз әңгіме-дүкеннің тиегін ағытып, ұзақ отырды. Олар айтушы, біз тыңдаушымыз. Кездесу аяқталар кезде академик ағамыз:

— Нұреке, жақсы болса абырой ортақ қой. Өзіңіз секілді тарланбоздарға біздің аудармамыз тайыз болып жүр-

кез болатын.

Күндегі әдетіміз бойынша қонақуыдан Нұрмұхан ағаны кешкі репетицияға алып кеткелі келдім. Режиссеріміз Жақып Омаров ағаны күтуге тура келді. Бір кезде ерні дүрдүйіп, қабағы түсіп кеткен ашулы Жақан келе сала:

— Бүгінгі «Ленинская смена» газетіне Ебекең туралы үлкен мақала шығыпты, — деп қолындағы газетті Нұрағана ұсынды. Тезірек көзәйнегін киіп, әлсін-әлсін басын шайқап, кей тұста ызалы пішінмен мырс етіп, оқып шықты да:

— Мынау айсбергтің беті ғана, пәлесі түбінде. Бұл мақаланың артында дөй біреу тұр және ол жалғыз емес... — деп, киіне бастады.

Көктемнің күн шуағы ұнаған ағаларым театрға жаяу баруға келісе кетті. Бірақ бәріміз де үнсізбіз. Мақаланың жаман әсерінен шыға алмай келеміз. «Ебіней қалай қабылдады екен?!» деген сұрақтың бәрімізді де мазалап келе жатқаны анық еді. Үшеуіміз Бұқар жырау даңғылын өрлеп, театрға жақындай бергенімізде, Жақан бізге қарап:

— Анау Ебекең емес пе? — деді. Анықтап қарасақ, шынында да, сол кісі екен. Киген ұзын плащының алды ашық, қалпағын қолына алып, екі қолы артында жайлап жүріп театрға беттеп барады. Біз де тездете басып қуып жеттік. Күтпеген кездесуге қуанғандай, жымиып амандасқанмен жүрек түбіндегі мазасыз ойдың әбігері көзінен, бет пішінінен көрініп тұрды. Нұраған мен Жақан әңгімені қалай өрбітетінін білмей, қипақтап тұрғандарын сезген

— Ендеше, Алматыға премьерадан кейін барармын, әйтпесе айналып қалармын... — деп Нұрағана көңіл аударма қарады. Нұраған:

— Біз мұндай қыл көпірдің талайынан өткенбіз. Найзасын ұстап қарсы тұрса жауыңның кім екенін білесің, әлің жетсе алысып-жұлысасың, ал тасада тұрып қызғаныш жебесін атса, кімнен көрерінді білмей дал боласың. Қолыңнан ұстап, көзіңмен көрмеген соң қиын... Қазір олар осындай тәсілге көшкен, көрінбей тасадан тас атып, титығына тиеді, жүйкеңді жұқартып, әбігерінді шығарады, — деп, өз басынан талай құқайдың өткенін, намысына талай тигенін ызлалана айтты. Ебіней Арыстанұлы байсалды үнмен:

— Крыловтың пілге шәуілдеген канденіндей дейсіз ғой, — деп мырс етті. Біз дөп айтқан Ебекеңнің теңеуіне күліп жібердік.

— Жарайды, сіздерді көріп кішкене шерімді тарқатып, көңілденіп қалдым ғой, енді бөгемейін. Бүгін репетицияны көрейін деп едім, жағдайым болыңқырамай тұр, — деп бізбен қоштасып, театрдың сырт жағындағы қақпа алдында күтіп тұрған машинасына бет алды. Біз тұрып қалдық. Андаусызда аярдың оғынан жараланған жолбарыстай, жотасы күжрейіп, бұрынғыдай паң жүрісімен кетіп бара жатты. Сырты бүтін, ішінде алай-дүлей көңіл күйдің астасып, жанды да, тәнді де жеп жатқаны анық еді. Біз жаққа бұрылып бір қарады да оң қолын көтеріп, «жақсы» деген ишарамен машинасына отырып кете барды. Жүріп кеткен машинаның соңынан Нұраған басын шайқап:

— Осындай ірілерімізді талатып қойып, әй, оңбаймыз ғой, оңбаймыз... — деп, ренішін кімге бағыштағаны белгісіз, қасында тұрған менің иығым қолын салып, «кеттік» дегендей асығыс бұрылып театрға кіріп кеттік.

Межелі күн де жетті. Академик, аудармашы Ебіней Арыстанұлының әлемді мойындатқан ұлы Шекспирдің «Макбет» трагедиясының қазақ тіліндегі тұңғыш аудармасын тамашалауға, Нұрмұхан Жантөриндей ғұлама актердің шеберлігіне шөлдеген қарағандылықтар театрға лық толды. Мәжбүрлеп әкелген студенттер емес, салиқалы, саналы зиялы қауым. Нұраған 15 жылдай сахнаға шықпай, Макбеттей сан қырлы аяр бейнесін сомдауға жан-жақты, тыңғылықты дайындалды. Кейіпкерінің астарлы сырларын ашуға, автордың терең ойларын көрерменге жеткізем деп жүріп, жүрегіне ауыр салмақ түсіріп алғанын білмей де қалды. Тура спектакль басталар кезде жүрегі ұстап, режиссеріміз Жақаннан бастап бүкіл театр ұжымы абдырап қалдық. Мән-жайды түсінген Ебіней Арыстанұлы Нұрмұхан ағаға келіп:

— Қобалжымаңыз, спектакль бүгін болмаса ертең болар, жүрегің ойнауға

болмайды, өзіңізді сақтаңыз, көрермендер түсінеді. Сіз әлі халқыңызға, бізге керексіз... — деп жанашырлық ойын нық айтып, спектакльді ертеңге ауыстыруға көндірді. Ебіней аға өз абыройының жетегінде кетпей, ірілік көрсетті. Нұрмұхан аға оны түсінді. Мен адам тағдырын бәрінен биік қоятын қос алыптын үндестігіне риза болып, сол сәтте амандықтарын іштей тілеп тұрдым.

Ертеңінде театрға халық кешегідей көп жиналды. Бос орын жоқ. Уақытында залдың шамы сөніп, күніренген музыкамен жылжып, сахна шымылдығы да ашылды. Жеңісіне шабыттана сахнаға шыққан Макбет-Жантөрин алғашқы шығысынан спектакльдің шарықтау шегіне жеткенше, шымшытырық қақтығыстарға толы драматизмді бір деммен, оқиғаны әлсіретпей соңына дейін алып шықты. Сахнадағы іс-әрекеті, майда қоңыр күмбірлеген дауыс ырғағы, жанталасқан іс-әрекет үстіндегі жалт-жұлт еткен жанары... не керек, шебер актердің шеберлігі шалқып-ақ жатты. Спектакль бітті... шымылдық жабылып, қайта ашылды... ду қол соққан көрермен көпке дейін тынышталмады...

Ұлы Шекспирдің «Макбет» трагедиясының биік дәрежеде қойылуына аудармашы Ебіней Бөкетовтің еңбегі ерен. Жантөриндей ғұлама актердің сахнаға қайтып оралуына септігі тиген осы Макбет рөлі еді. «Ебеке, мен талай аудармасы жасалынған пьесаларда ойнадым, білемін... Сіздің аудармаңыз жатық, сөздеріңіз домалап-домалап түседі, үш сағат сахнадан түспейтін Макбет рөлін жаттау маған оңай болды. Сол үшін рақмет айтқым келеді...» деп, Нұрмұхан ағаның ағынан ақтарылғаны біздің жадымызда. Қазақтың екі ірі тұлғасының қарағандылық көрермен алдына шығуына себепкер болған, өзіндік ерекше қолтаңбасы бар режиссер Омаров Жақып ағаға да бүгінде дән риза боламыз, аруағы шат болсын дейміз.

Дәл бүгінгі қоғам, ғылыми орта, әдебиет пен мәдениет майданында еңбек етіп жатқан замандастарым Ебіней Бөкетов өмірінен тағылым алса деп ойлаймын. Ол кісі өзінің мамандығы химия-металлургия саласына да, жанымен жақсы көретін көркем әдебиетке де адал болды. Әдеби сынды бір сатыға көтеріп тастады десек, артық айтқандық емес. Оның 1953 жылғы 6 сәуірде «Казахстанская правда» газетіне шыққан әдеби сыны оның атын бір күнде танымал еткен дүние. Сол күннен бастап ол, жазушылықтың көшінен қалған емес, сын жазды, Маяковский, Есенин, Шекспирді аударды, әңгіме жазды, Шоқан мен Сәтбаев өмірінен роман бастады...

Өзімнің Ебіней ағадан алар тағылым өте көп. Өзімнің «соқтықпалы соқпақты» жолдарында ол кісіні өзіме бағдаршам — таншолпандай еттім. Адал болуға ұмтылдым, қиындыққа қарсы тұра білуді үйрендім, білім жинап, жан-жақты болуды ойландым. Бүгінгі күнге ұран болып жатқан «Адал адам, адал еңбек, адал табыс» дегенге КСРО Жазушылар одағының мүшесі, академик Бөкетов Ебіней ағаның өмірі нақ үлгі бола алады.

БӨКЕТОВТІ ?!

месін. Көңілге қараманыз, айтыңыз. Мына Жақып қолқалап, болмай аударды... Пьесаның екі өмірі бар ғой. Біріншісі — оқырмандарға, екіншісі — көрермендерге. Мен оқырмандарға ғана аударушы едім. Енді, міне, көрермендерге де аударуға қажет болып қалдық. Сөйлеуге тіл орамы келмей жатса айтындар. Тағы да қарап шығып, түзетейін. Ертеңгі күні көрермендер алдында ұялып қалмайық, — деп шалалықты, жаны сүймейтіндігін білдіріп, әдебиет алдындағы ар тазалығын көрсетіп тастады. Мұндай сөз әдебиетті еріккендіктен емес, рухани киелі байлық деп бағалайтын ірілерден ғана шығады. Талғампаз Нұрмахан аға да:

— Бір ай бойы орысша түпнұсқасымен салыстырып отырып дайындалдым. Шынымды айтайын, Шекспир тілінің нағыз қазақша түпнұсқасы. Ұлы Мұқанның «Отеллосынан» кейінгі шөліркегенімді басқан аудармалардың бірі, — деп өз ризашылығын білдірген соң көпке бөгелмей қоштасып, шығып кеттік.

Репетицияның нағыз қызған шағы. Сахнаның декорациясы түгел бітіп, музыкасын орны-орнына қойып, спектакльді бастан-аяқ бір қарап, артығын алып, кемін қосып жатқан

Ебіней Арыстанұлы баппен:

— Бүгінгі газетті байқаған шығарсындар? — деді.

— Жаңа оқып, есімізді жинай алмай отырмыз, ол кім өзі? Мақала авторын Ю. Рошин, тарих ғылымдарының кандидаты дей ме?... — деп, екеуі Рошин дегенді жарыса сұрады.

— Уайымдап қайтесіндер, бәрі орнына келеді. Тек оқырманы көп жастар газетіне жариялағандары жаныма батып тұр. Жастар істің анық-қанығына бойламай, қалай жазылса солай қабылдайды ғой, — деп, ұстаздық беделіне кір келгеніне, сенім артқан шәкірттерінің алдында абыройының лайланғанына өкінішін білдірді. Неткен жан тазалығы десеңізші! Өзінің жекебасынан гөрі ұстаздық абыройына кір келгеніне намыстанып тұр.

— Кабинетке сыймадым да, күн-шуақпен серуендеп және сіздерді көрейін дедім. Премьера белгіленген күні болады ғой, өзгеріс жоқ қой? Егер күні шегеріліп жатса Алматыға барып қайтсам деп едім, — деп Жақып ағаға қарады. Ол:

— Премьера белгіленген күнде болады... бәрі дайын, қазір тек бастан-аяқ қарап жатырмыз, — деп Жақан іс барысын айтты.

Әлия БӨПЕЖАНОВА

(Басы 1-бетте)

Жазушының «Талтүс» повесі — өмірбаяндық негізі бар көркем шығарма. Өнер туралы, өнер адамы, оның қалыптасуы, дәстүрдің атадан балаға мирас болуы туралы шығарма. Тарихқа көз салсақ, әлем әдебиетінде, оның ішінде қазақ әдебиетінде де таза өнер, өнер адамы туралы шығармалар баршылық. Ал күй мен күйші құдіреті туралы шығармалар, әрине, тек қазақ әдебиетінде бар. Дей тұрғанда күй мен күйші туралы оқиғаларға орай шығатын шығармаларды айтпағанда, негізгі сүйегіне айналатындары санаулы. Мұндайда еске бірден І.Жансүгіров поэмалары, Т.Әлімқұловтың әңгімелері мен повестері ойға оралады, Ж.Нәжімеденов романдары еске түседі. Біз бұл ретте күй құдіреті мен сол құдіретті тудырушы күйші, жеткізуші домбырашының жан дүниесіне үніліп, екі ішек домбыраның, одан шығар құдіретті күй толғаудың философиясы мен эстетикасын, жеке өнер адамының мұраты арқылы халық болмыс бітімін ашуға ұмтылған суреткерлер туралы айтып отырмыз. Илиястың Молықбай шалы, Тәкеннің Тәтекең — Тәттімбеті, Ықыласы сияқты бейнелерді айтып отырмыз.

Таласбектің романы әдебиетіміздегі осы дәстүрді әдемі жалғастыратын, оны өз қырынан, өз тарихымен жалғастырған дәстүрлі роман. Шығарма идеясы мен материалы, әрине, дәстүрлі роман формасына сұранып тұр. Автор, енді бір есептен, халық ауыз әдебиеті, яғни қазақтың классикалық әдебиетінің шеңбер қағидатын (әңгімеден әңгіме туындайтын) шебер пайдалана отырып, арғы-бергі тарихты да қамтитын тұстары бар. Осыдан да келіп романда қазақтың ХХ ғасырдағы, әрауық ХІХ ғасырдағы да тарихы жүйеленіп шығады. Бұл екі ғасыр — бүкіл бір халықтың, яғни қазақтың тұрмыс-салтын түбегейлі өзгерткен ғасыр. Мұны таратсаңыз — халыққа үлкен сын болған екі ғасыр. Бұл сынға төтеп бергендер беріп, бере алмағандар қасіретін шегіп күн кешкен. Шығарма подтекстінен қазақтың осы трагедиясын оқып отырасыз.

Романда ірі, кесек мінездер, нағыз қазақтар бейнелері бар: Сабыт ақсақал, Ахметжан, Шерім, Сәруар тағы да басқа. Шығарманың этикалық пафосы мықты. Бұл ретте, әрине, ең алдымен Сабыт ақсақал бейнесін айтамыз. Нендей қиындық пен азапта да Тәңірі жаратқанға ғана арқа сүйеген, сабырынан айырылмайтын Сабыт халық даналығының символындай. Сонымен бірге оны көп қазақтан ерекшелетін — өнері. Ата балаға мұра етіп қалдырар өнер, қасиетті өнері.

Романда өнердің нұрлы кеңістігі бар, тазалық бар. Хас өнердің бір аты — тазалық, мүмкін, содан. Хас домбырашы, хас қазақ, әңгімесіне қарағанда, Тәттімбет мектебін көрген Сабыттың немересі Әжігерейді саналы түрде өз өнерінің мұрагері етіп тәрбиелеу тәлім-тәжірибесі ұлттық тәлім-тәрбие мектебімен үндес жатыр. Ықылас, Сүгірлердің, Әйкен домбырашының өнері кейінге қалай жеткені туралы ауызекі әңгімелерден естігеніміз бар, ал шамалап байқағанда, Сабыт ақсақал Сүгірлермен замандас деуге боларлықтай.

Сабыт ақсақал — жинақтық бейне. Максатты тірлік кешкен тұлға. Өнер алдындағы орасан жауапкершілікті, өнерді кие тұтқан. Оның таутұлғалана түсері осыдан. Ол — домбыра, қобыз, халық өнері атаулы этнография ғана болып, экзотика болып, «қадірі кеткен» кенестік идеология тұсында, бұлақ көзінде болған мықтылардың типтік бейнесі. Осы ретте Асқар Сүлейменовтің: «Самое жуткое, что совершила культурная революция, в советско-китайском варианте, это то, что искусство — как ширпотреб стало объектом продовольственного магазина»

деген пікірі еске түседі. Ал кейіпкерін типтік бейне деңгейіне көтеру — жазушы шеберлігінің бір көрсеткіші.

Өнер жолы — азапты жол деп жатады, бұған келісу қиын. Өнер азаптан тумады, өнер күштарлықтан, тазалықтан туады. Ал азап дегенде, шамасы, өнердің адамды өзіне біржола берілуі «талап етері», басыбүтін қызмет еткізу құдіреті айтылар болса керек. Романның өмірлік-оқиғалық желісі Әжігерей, оның балалық шағын баяндау арқылы өрбіп отырады. Жалғыз бала, апасының қатыгездігінен де қамқөңіл баланың жұбанышын домбырадан табуы, көңіл күйді домбырамен толғауы, кейін өсе келе, токи келе шеберлік қырларына үніле бастауы (Сәруар мен атасының,

қазақ тарихы — Абылай хан, Құнанбай, Абай, Біржан, Тәттімбет, Сүгір, Байжігіт тағы да басқа көптеген өнерпаздар тұлғаланып шықты.

Т.Әсемқұловтың сценарийлері негізінде режиссер Д.Жолжаксынов түсірген «Біржан сал» қазақтың өзін өзімен табыстырған, ұмыт болып бара жатқан жадын оятып, халық ретіндегі мәртебе мақтанышын танытатын, ал «Құнанбай» ұлттық тарихтағы тұлғаның орны мен рөлін жанаша зерделеген көркем фильм болып, ұлттық киномызға олжа салды (Таласбек: «Тұмар падиша» сценарийі бойынша голливудтық «Александр», «Гладиатор» сияқты фильм түсірілсе, шіркін!..» — деп армандайтын).

салуды; өз тарапынан да рухани қолдау көрсетуі — осының бір анық көрінісі. Ол мына заманда білімді, білікті жандарды туысындай көрді, талантты жастарды қатты қолдады, олар туралы қуанып жазды. Менменшілдікті, көлгірлік пен жалған көшбасшылықты, қалың оқырманға арзан алданыш — қызыл сөзді сапырған өтірік білімсінуді суканы сүймеді...

Таласбектің өзі «ұлы ұстазым» деп таныған, қазақ руханиятының көрнекті тұлғасы, асқан білімдарлығы, терең парасаты, ұлтжандылығымен халқына қалтқысыз қызмет етіп өткен Асқар Сүлейменов туралы кезінде «Алматы ақшамы» газетінің бірнеше санында жарияланып, оқырмандардың үлкен резонансын тудырған «Кеменгер өмірінен бір

НҰРЛЫ ТҰЛҒАЛАР ҚАТАРЫНДА САН ҚЫРЛЫ ТАЛАНТ ИЕСІ ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Фазиз бен атасының айырмашылығын тануы, Шерімнің әнін өзінше талдауы (т.б.), алғашқы сезімі, қысқасы, бала, бозбала болып ер жеткенге дейінгі рухани тәжірибесі көркем баяндалатын «Талтүс» бүгінгі қазақ әдебиетінде онша көп ашылмаған, өте мәйекті тақырыпты арқау еткен және үдесінен шыққан. Ұлттық өнердің сандығын ашып, «біздерде мынадай болған» деп, әр түрін әр қырынан жеріне жеткізе көркем бейнелеуімен де бағалы, толыққанды.

Бір есептен шығармадағы Әжігерейдің прототипі — өзі дәулескер домбырашы, қазақ әні мен күйінің білгірі, дәстүрлі өнер тәжірибесі мен теориясын тел алып жүрген өнер иесі Т.Әсемқұловтың шығармашылығының үлкен бір саласы — өнертанушылық зерттеулері. Бұл зерттеулері дәстүрлі өнер, қазақ ән-күйінің көмескілене бастаған ұғым-танымдарын жарқырата өмірге оралтады, оқырман-тыңдарманын ұлттық қағыс, ырғақ, бояу-реңктерге оралтады. Бұл тұста жалпы Таласбектің жадында сақтай білу феномені ерекше болғанын айту керек. Ол жазба әдебиеттің көрнекті өкілі бола тұра қазақтың ауызекі әңгіме дәстүрін қатты ұстанғаны, құймақұлақтығы шығармашылығында үлкен нәтиже берді. Бай-жұма күйлерін бүгінге жеткізген, байырғы музыкалық терминологияны жаңғыртқан оның бұл саладағы орасан еңбегі дәстүрлі өнердің зерттеушісі ғана емес, тікелей мұрагері-жалғасы болуымен де қымбат.

Жалпы, Таласбек өмір-тіршілікті тым жақсы білген, өмірлік те, өнерлік те білімі мен тәжірибесі мол жазушы болғандықтан да шығармаларының барлығында дерлік оқырмандары үшін бейтаныс кеңістіктер ашылады. Бұл кеңістіктер, әсіресе тарих, этнография, мифология салаларындағы еңбектерінде ауқымдана түседі. Оны өз ұлтының тағдырын әлемдік өркениетпен бір аяда қарастыра отырып, ұлттық бейресми тарихымыздағы көптеген ақтандақтарды ашқан, баламалы нұсқалар ұсынған үлкен тарихшы деуге болады. Жазушының көркем шығармаларын былай қойғанда, әлемдік өркениеттер туралы эсселері; әлемдік тарихтан жазған — Мысыр пирамидалары, Тамплиерлер туралы, Бабылдың күйреуі туралы, Сион пайғамбарларының протоколдары; Томирис — Тұмар падиша туралы, сақтар мен парсылар, қаңлылар тарихы туралы; Қондыгер, Кет-Бұға, Шыңғыс хан туралы, сондай-ақ қазақ бастан кешкен небір нәубеттердің — ашаршылық пен соғыстардың түп тарихы туралы, тағы да басқа көптеген мақала, зерттеу, эсселері жалпы қазақ тарихында алғаш рет соны қырынан қозғалып, жазылған тақырыптар. Жазушының прозасында, көркем эсселерінде кейінгі



* * *

Қай тақырыпта, қай салада жазса да тізгін бермес тұлпардай жүйткіген Таласбектің жазуындағы тағы бір ерекшелігі — айтар ойын балаға да, данаға да түсінікті қарпайым тілмен жеткізетінінде. Нұрлы білімімен қатар заманға сай ойшылдығында, бүгінгі заманның мәдени-рухани ахуалын зерделей, конструкциялай білетін жаңашылдығында, яғни жана мағыналар тудыра алғандығында. Сондықтан да оның жазғандары — ыждағатпен оқыған жанға пайдалы білім көзі.

Сергек жанды суреткер үшін өмірдің барлық сәті қымбат, барлық құбылысы ардақты болды. Кез келген құбылыстың мәнін айыра білетін ол өмірді, адамдарды сүйді. Сондықтан да адамның қадірін, жақсының қадірін, ұстаздың қадірін, ағаның қадірін, достың қадірін, жардың және перзенттің қадірін білді. Кім-кіммен де өз білім, парасат-пайымына сай сөйлесіп, пікірлескен Т.Әсемқұловтың сұхбаттары да ояға дертіп тұрады. Туған халқының жақсысына сүйініп, жаманына күйініп, мүмкін кейде ашылау да айтқан, жазған тұстары бар, бірақ бұл өмірдегі және өнердегі биік өлшемдерге деген адалдығынан туындады.

Жалпы, шығармашылығында ғылыми негізділік және еркін сұхбаттастық қатар өріліп отыратын Таласбектің жаны жақсыға сергек болды, талантты тез танып, рухани қолдау көрсетуге келгенде алдына жан салмады. Оның Мейірханмен (Ақдәулетұлы) бірігіп сонау Маңғыстауда бір өзі бір институт болып өз бетінше жұмыс жасап, қазақ мифологиясын мүлдем жаңа сапалық биікке көтерген Серікбол Қондыбайды танып, оған билік тарапынан көмек көрсетілуіне қозғау

үзік сыр» атты төрт эссесінде — өнерде, өнермен өмір кешу салты, таным-талғам, дәстүр және жаңашылдық, этика мен эстетика жазықтықтарында ой толғайды. Бұл — асқартандың ерекше бір үлгісі және жалпы қазақ әдебиетінде тап мұндай формада жазылған эссе, осыныша демократиялық та элитарлық деңгейде талданған суреткер болмаған шығар. Сонымен қатар бұл аса көркем эсселер — Таласбектің ұстазына деген ерекше сағыныш-ілтпаты ғана емес, өзінің кейінгі ұрпаққа айтып кеткен өсиеті де сияқты сезіледі.

Осы эссесінде Таласбек: «...Асқар Сүлейменовтің жазба мұрасынан, ауызша айтқандарынан сіз ешқашан да радикалдык, диссиденттік ой-пікір ұшырастыра алмайсыз. Оның жалғыз ғана елеусіз қаруы — өнер туралы, жалпы мәдениет туралы бейбіт пікірі еді. Бірақ бұл мәселенің сырт көрінісі ғана еді. Ойлы, ақылды пікір адамның ішкі дүниесін жаңғыртады, атадан балаға мұра болып ауысқан жалған идеалдардан, жасанды құндылықтардан арылтады. Ал ұрпақ рухани құлдықтан құтылған да, саяси күрестің керегі де болмай қалады. Сіз мақсатыңызға жеттіңіз. Баяғы аталарымыздай алмас қылышпен емес, сертке берік қалам және ала қағазбен...» дейді. Бұл тұжырымдар оның өзінің шығармашылығына да бек қатысты. Өз ғұмырында көп нәрсе тындырған, атап айтарлығы — ХХІ ғасыр басында жас буынның бейресми көшбасшысы болған әмбебап суреткер Т.Әсемқұлов ендігі жерде «адамзаттың рухани байлығын еселеп өсіретін нұрлы тұлғалардың қатарында» тұр. Оның мол рухани мұрасын «ұлттық» деген ақжолтай жас ұрпақ оқып-зерттеп, сусындай береріне күмән жоқ.

Қадыр Мырза Әлінің су жаңа афоризмдері, Қапан Бадыровтың (Ә.Сығайдың ұсынуымен), Асанәлі Әшімұлының күнделігінен кейін Сәбит Оразбайдың өнер мен өмірдегі сахнадан тыс әңгімелері, Әшірбек Сығайдың жаңа жобасы «Жарық жұлдыздар», Зәкір Асабаевтың өткен-кеткен, бұрынғының адамдары жөніндегі баяндары, Қуандық Түменбайдың «Көзбояуы жоқ көріністері», Әшірбек Амангелдінің терең талдаулары, Нұрғали Ораздың бірінен-бірі өтетін «қыз мінезді» эсселері «Алматы ақшамында» бұрқырап басылып жатқан кез еді.

Қали СӘРСЕНБАЙ

Бұл керуен әлі де жүріп келеді. Өзекті өртер бір өкініш, Әшірбек аға өмірден озып кетті. «Жарық жұлдыздардың» аясында жарияланған, нұрлы жүрекпен, нұрлы ағыспен жазылған әрбір эссе, очерктер, портреттер бірден оқырман көңілінен шықты. Әшағаң «Жарық жұлдыздарда» тек өзіміздің тұлғалар ғана емес, әлемдік деңгейдегі өнер адамдарының қызық та қиын тағдырын терең толғаныстарға құрап, кең көсіліп еді. Ендігі жерде ел елеңдеп күткен жобаны аяқсыз қалдырмау мақсатында Әшағаңның өзі кітабына алғы сөз жазған рухани інісі, танымал журналист Сәкен Сыбанбай әрі қарай жалғастыруға талаптанып отыр.

Міне, осылайша, шығармашылық шуағына жылынып жүргенімізде бір күні редакцияға Таласбек кіріп келді. Кәдімгі Таласбек Әсемқұлов. Сыртынан атына қанықпын. Жазған-сызғанын жібермей оқуға тырысатынбыз. Бір-екі рет асығыстау кездескеніміз де бар. Сол баяғы карапайым, аңкылдаған қалпы. Иығында сөмкесі, маңдайы жарқырап тұр. Тершең екен, қайта-қайта сүртініп отырды. Қысқа сөлемнен соң іле-шала айтқаны.

— «Алматы ақшамын» біраз уақыттан бері қадағалап жүрмін. Руханият мәселесін көп қозғайды екенсіздер. Жігіттердің жазғандарын үзбей оқимын. Мен де бір жағына шықсам деймін. Жұмыс бар ма?»

Дайын тұрған штат жоқ еді. Бірақ алдына телегей теңіздің өзі келіп тұрса, қуанғаннан басқа жол бар ма? Қаламақыға келісімшартқа отырдық. Содан Тәкен төпеледі. Күн құрғатпай жазады. Бірді-екілі идея айтқан боламыз, Тәкен оны асыра орындайды. Кеме толы қазынаға кезіккендейміз. Оқырман олжалы болды да қалды. Бәрін айт та бірін айт, ең кереметі Асқар Сүлейменов туралы «Кемеңгердің өмірінен бір үзік сыр» атты эссесі еді. Бұл эссе газетіміздің оннан астам нөмірінде жарық көрді. Пікір, көзқарас ырғын болды. Бірнеше сайт «Алматы ақшамына» сілтеме жасап, көшіріп басты. Ой мен өнердің Асқары туралы талай дүние жазылған болар-ау. Ал енді мына дүниенің сыны да, сыры да, сыңғыры да бөлек. «Талантты түсіну үшін де талант керек» демекші, дарынға дарын қосылып, дара дүние шықты. Басқаларды былай қойғанда, Асағанды бір кісідей біліп қалар-ау деген жары, көрнекті сыншы, эстет Әлия Бөпежанова: «Асқартанудың бірінші кезені әлдеқашан басталып кеткен, Таласбектің ғажайып эссесі асқартанудың екінші кезеңінің басы болар», — деді.

Жалпы, ол бұл дүниеде, тіпті әдебиетте болып жатқан нәрселердің бәріне эксперимент деп қарайтын, тіпті қоғамда дүмпу туғызып, көбіне жақсы қабылданған Асқар туралы эссесіне де осылай қарады. «Енді ойымда жүрген бір-екі адам бар, солар туралы жаза алсам, көңілім тыншыр еді», — дейтін.

Таласбек — өз мүмкіндігін киносценарийлерімен де өзгеше өрнектей білген қаламгер. Киносценарий дегенде мынадай бір ой келеді. Әлі күнге дейін есімізде, кезінде «Қыз Жібек» фильмін түсірерде оның сценарийі «Лениншіл жаста» жарияланып, көптің талқысына ұсынылып еді. Бұл үрдіс кейінгі кезде қалып қойды. Әрине, Таласбектің сценарийлері баспасөзде жарияланбаса да сол олқылықтың орнын біршама толтырғанына күмән жоқ.

кірісемін», — дейтін. Сол тарихқа енді түрен салып, «Алматыны енді қолға алмағанда, тарихқа есеміз кеткендей екен. Әлгі бір дәлдіріштердің аузын жабуға әбден болады екен», — деп құмбыл кірісіп еді, өкінішке қарай, орта жолда қаламы суып қалды.

50–60-жылдары әдебиетке келген Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, А.Сүлейменов, Ж.Нәжімеденов т.б. қаламгерлер интеллектуалды, танымдық проза мен поэзияның бағын ашты десек, 70–80-

БІР КҮНІ ТАЛАСБЕК КІРІП КЕЛДІ...



Олар әлгі атышулы эсседі жиі көрінетін Төлеген Тоқбергенов пен Зейнолла Серікқалиев еді. Төлеген ағаның үйі әдеби салон болатын дейтін. Бірде Акселеу Сейдімбек туралы тартысты әңгіме болғаны есімде. Бір заманда екеуінің арасы суыңқырап кеткені, өзінің әлдекімнің «әдеби киллері» болғаны да өкінішпен айтылды. Бірақ Ахаңмен кездесіп, көп мәселенің басы ашылып, көңілі жайланғанына да шүкіршілік ететін. Әсіресе Ахаңның Ташкенттің мұрағатынан ұлт үшін аса құнды дүниелерді тапқаны туралы хикаясы ерекше есімде. Ендігі жерде ол туралы қалам тербеу де ойында барын жасырмады. Бірақ сәл кейінірек деп еді. Өкінішке қарай, осынау тұлғалардың тағдыры Таласбектің тануында жазылмай қалды. Басқалар жазар-ау, жазылып та жатыр. Ал Таласбектің танымы басқаша болар еді, әрине.

Әдебиеттің тағдыры сөз болғанда ол бұрын-соңғы «ақыл үйреткіш... әдеби қарияларға» соқпай кетпейтін. Солардан көрген қорлығын айтқанда (әрине, таланттысы емес), сенер-сенбесінді білмейтінсің. Әдебиеттегі «дежуршалдардың» (А.Айталы) талай Таласбектерді тапап кеткенін айтқанда да сене қоймадық. Алайда дерек-дәйегі, дәлелі нанымды көрінетін

Таласбек Әсемқұловтың сан қырлы талант болғанын көкірегі ояу, көзі ашық оқырман жақсы біледі. Оның жазушылығы да өз зерттеушісін күтіп жатқан бір байтақ. Әңгіме, повесть, киносценарийлерін былай қойғанда, «Талтүс», «Тәттімбет сері» романдарының қазақ прозасына қосылған зор үлес екенін айту ләзім. Осынау дүниелерді Таласбектің өз деңгейіне жетеқабыл зерттеуші зерделесе деп ойлаймыз.

«Қыз Жібек», «Менің атым Қожа» фильмдері түсірілуі жағынан ғана емес, тілімен де көркем, шұрайлы еді ғой. Сол секілді оның «Біржан сал», «Құнанбай» фильмдеріне жазған сценарийі де ұлттық кино тілінің құнарын қайта тірілтті.

Киносценарий дегеннен шығады. Қазір «Қазақфильмнің» мұрағатында Таласбектің Тұмар (Томирис) ханым туралы сценарийі жатқан болуы керек. Сондай-ақ күндіз адам, түнде жезтырнаққа айналатын әйел туралы жазылған «Жезтырнақ» деген ертегіге құрылған киносценарийді әуелде шетелдіктер арнайы тапсырыспен жаздырғанымен, кейіннен оны қабылдаудан бас тартады. Сценарий «Қазақфильмнің» архивінде шаң басып жатады. Әйтсе де Оңтүстік Корея Орта Азияда экшнфильмдер түсіру үшін сценарийге байқау жариялаған соң, ол «Жезтырнақты» осы бәйгеге ұсынады. Арада 7-8 жыл өткен соң барып, жеңімпаз атанған шығарманы әлгілер бар болғаны 1000 долларға сатып алады. Тәкеннің өзі бұл туынды жөнінде: «Кореяға кетіп қалғаннан кейін кеткен қыздың артынан жүгірген сияқты шулағандар болды», — дегені бар. «Алматы ақшамында» жарық көрген қайсыбір мақалалары, эссесі болсын, қоғамда дамылсыз пікір туғызып жататын.

Редакцияға қоңырау шалып, пікір білдірушілер, телефонын, мекенжайын сұраушылар да көп болды. Оқырманның осыншалықты шынайы ықыласына ол балаша қуанып, қанаттанып жүретін. Оны Алматының тарихы да қызықтырды. Себебі Алматының тарихы жөнінде қоғамда болып жататын кейбір ұшқары пікірлерге көңілі толмайтын. «Сол үшін де осы тарихқа

жылдардағы буынның ішіндегі оза шапқан ойы озықтардың бірі әрі бірегейі Таласбек Әсемқұлов болды десек, жаңылыса қоймаймыз. Жарайды, әріге бармай-ақ, өмірінің соңғы жылдарында жазған «Тәттімбет сері» романын оқыған боларсыз.

Өнердің ішіне кіріп, табиғатын ашып жазу үлкен эрудиттің ғана қолынан келеді. Бұл бағытта кешегі Жүмекен, Тәкендер бастаған көркем көшті Таласбектің тартымды жалғастырғанына ешкім таласа алмас. Әлімқұлов пен Әсемқұлов тандеміне таңдай қаққандар да аз емес еді. Таласбек аталмыш романында осы ойымыздың биігінен көрінді. Бұған дейін Т.Әлімқұловтың «Саржайлауынан» там-тұмдап білген Тәттімбет тағдыры мына романда жан дүниемізді қозғап, айрықша әсерге бөледі. Қаламмен жазылған күй дерсің. Күй болғанда да кілең бір «көкейкесті» күйлер. Романда Тәттімбеттің кестелі тілмен жасалған көркем бейнесі жөніндегі әңгіме өз алдына (жазушы үшін ең басты критерий тіл екені даусыз), мұнда жұрт бұрын-соңды білмеген ғажайып деректер бар. Ол осы деректер арқылы күйші тұлғасын бұрынғыдан да биіктете түседі. Мәселен, Александр II таққа отырғанда Құнанбай қажылыққа сапаршылайтын себепті орнына Тәттімбетті ұсынады. Ақ патшаның таққа отыру рәсімі Мәскеуде өтеді де, оған қазақ елінен Тәттімбет, Шыңғыс төре т.б. барады. Жолсапарға пойызбен шыққан бұлар Ресейдің көп жерін аралайды. Алғашында Петерборға дейін апарып, қайта Мәскеуге әкелген. Бұл да болса сұрқия империяның ішіне кісі бойлап бітпейтін әрекеті еді. Қысқасы, Тәттімбет осы сапардан соң қатты өзгереді. Қазақ жерінде базар ашу ісін ұйымдастырғандардың бірі де осы ұлы күйші.

Сол тұста Сібірден кен өндіруге рұқсат алған Тәттімбет 45 жасында өліп кетпегенде, ол қазақтың ірі капиталистерінің бірі болар ма еді деген арманды ой қыла береді. Осы Алматыда ертеректе ұлттың рухани сұранысын қанағаттандыратын орындар көп емес еді. Мәселен, Әуезов театры, жастар театры дегендей. Ал, енді, бүгінде біреудің есінде бар ия жоқ Әуезов мұражайында Халық университеті болатын. Рахманқұл Бердібаев басқарған университет ұлт ұятының ұясындай еді. Екі жұма сайын елімізге белгілі өнерпаздар, ақын-жазушылар, ғалымдар, ұлттың қаймақтары мен қаспақтары сол аядай жерде бас қосатын

...БІЗДІҢ ҚОЛДАН КЕЛМЕДІ

Дәурен ҚУАТ

«Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактордың орынбасары болып жүрген кезім. «Жұлдыз» журналында Таласбек ағам қызметте. Таласбек Әсемқұлов. Тәкең маған күнде келеді.

Келеді де кіндігін менің жұмыс үстелімінің үстіне төсеп қойып әңгіме айтады. Сөзінің көбі «айдаймын». Жасыратыны жоқ, ағамыз бейәдеп сөздерді аңырататын. Неге екені белгісіз, онысы өзіне құп жарасып тұратын. Анекдоттары қандай еді! Берік Жүсіп екеуіміз Талас ағамыздың анекдоттарын әлі күнге айтып тауыса алмаймыз. Берік Тәкеннің өзін әңгімелерін менен гөрі жақсы біледі. Мен де, әрине, қапталдасып қалмаймын.

Талас ағам өнебойы әзіл қашырты бермейді, өзі айтпақшы, вагондап оқыған кітаптарының кейбір бетін ақтарып, парактап тастайды. Білімі шексіз. Ең қиын күрделі мәселенің өзін күліп отырып түйінін оп-онай тарқата салатынына әлі күнге қайранмын. Білмейтіні жоқ еді ғой...

Сол Талас ағам мен Тұрсынжан Шапай ағамның жолы кейінгі жылдары бір түйіспей-ақ қойды. Екеуі студент кездерінде, одан бері де жақсы дос болыпты. Кейін кетіскен, кетіскенде де ұзағынан кетіскен. Мен екеуін де жақсы көремін. Тіпті екеуін жарастырғым келіп әрекет етпек те болдым, бірақ екі заңғардың басын қосу біздің қолдан келмеді. Сол кезде бір жазушы-сыншы болды. Ол да менің бөлмеме жиі бас сұғатын. Өзі Таласбекті ықтап жүруші еді. Сол неменің Таласбектей таусоғардың тасасында тұрып алып, Тұрсынжан ағаға өз-өзінен кіжініп, жұдырық түйетін



жыны бар-ды. «Мен Тұрсынжанды өйтемін де бүйтемін» деп. Бір күні әлгі сыншым Тұрсынжан Шапайды шауып алатын қаһарлы сөздерін айтып болып шығып бара жатқан, Талас ағам оның сөзіне қатты ашуланып, біраз сөйледі. Сосын:

– Тұрсынжанмен ойның келмесін, – деді, – Тұрсынжан сені бір-ақ тарпиды.

«Оп-по! – дедім мен сонда ішімнен. – Сырттай білдірмегенімен, Тәкең Түкенді қатты бағалайды екен-ау, ә?»

Қазір әлгі ақын-жазушы-сыншы досымыз Таласбектің есімін атап та қоймайды. Неге өйтеді? Білмедім...

БІР КҮНІ ТАЛАСБЕК КІРІП КЕЛДІ...

(Басы 9-бетте)

Ұлттың уайымы, мүддесі, мұраты сол жиында там-тұмдап айтылатын. Міне, осы аядай ортада талай таланттардың да тұсауы кесіліп, дуалы ауыздар бата беріп жататын. Алғаш рет Таласбектің де тұсауын кескен осы халық университетінің сахнасы еді. Бұл жолда оны тұңғыш танығандар Рахманқұл Бердібаев пен Жарқын Шәкәрім болатын. Сөйтіп, өнердегі қадамын күйшіліктен бастаған ол кейініректе: «Мен жақсы күйші болатын едім, бірақ абыройды жазушылықтан, әдебиет пен өнер сыншылығынан, киносценарий саласынан таптым» деп жазды. Есесіне, ол күй табағына терең үнілу арқылы әдебиетке күй тілін алып келді. «Талтүс» атты романында осы ойымызды терең өрнектейтін ол «Тәттімбет серіде» шырқау биікке шығандап кетеді. Әр кездегі сұхбатында, өз жазуында, ауызекі әңгімесінде: «Тәттімбеттей күйші жоқ», – деп жүретін Тәкең кейде бар мүмкіндігін осы романға жұмсағандай көрінеді.

Таласбектің «Алматы ақшамында» «Танылмаған суретші» (21.05.2013) атты мақаласы жарық көрді. Мақалада дарынды суретші Мұхтар Құлмұхамедовтің тағдыры баяндалды. Суретші жоғалып кеткен. Таласбек оның кезінде өзі көрген «Қап, кап, кап» және «Ақын» атты суреттерін талдайды. Шығарманың екеуі де Махамбет туралы. Екі туындыда да ақынның өлер алдындағы сәті бейнеленген. Таласбек осы сұмдықты талдайды. Аса қорқынышты негізге құрылған картинаны кәсіби мамандардан да жетік жетесіздің жетесіне жеткізіп, шымырлатып жазып шығады. Суретті жер-жебіріне не жетіп талдау өз алдына, ол біздің басымызды кесіп алса да селт етпейтін рухани бейғамдығымызды ашынып еске салады. Бұл өнердің бағасын білмейтініміз рас қой, оның себебін өз бойымыздағы

рухани кенжеліктен іздеу керек шығар дейді бір ой. Таласбектің бұл бағыттағы ойы талас тудырмайды.

«Біздің көрерменнің ең басты міні неде? Көру қабілетінің жоқтығында. Қарап тұрып көрмейді. Бұл, біріншіден, қазақ сурет өнерінің жастығынан, екіншіден, сурет өнерінің социалистік заманмен бірге келгендігінен. Шектеулі өнер кембағал көрерменді туғызады. Көрерменнің көру қабілетін ояту керек, көзін тәрбиелеу керек. Көрермен ойдың жалқаулығынан арылу керек. Суретке қарап тұрып, ойланып үйренуі керек. Суретшінің көңіл күйін тап басып үйренуі керек», – дейді ол. Міне, сөйтіп, Таласбек туынды мен туындыгердің тағдырын қоса қабат баяндап, екеуіне де араша түседі. Танымдық мақалаларының өзі әңгімедей оқылатын оның талайдың таным көкжиегін кеңейткені рас. «Танылмаған суретшіде» де сондай сәттер жеткілікті. Ойыңызға ой, пікіріңізге пікір қосады, ұсыныстары ұтқыр, көңілге қонымды шығатын. Оқырманның өз ойын кеңейтуіне де жол ашып береді. Мәселен, біздің қазақтың суретшіге «бояушы» деп қарағаны да жасырын емес қой. Шынын айту керек, бұл ретте суретші қауымының жазушылардай құрметке ие болмағаны туралы шындық сыры да өзінен-өзі ашылады.

Көрген-білгеніміз ақын-жазушы болып, ұлт руханиятының өзге саласын танып-білудегі қарапайым халықтың түсінік-пайымы төмендеп кеткенін енді жасыра алмаймыз. Бұл кемшілікті бейнелеу өнерінде әдебиеттегідей сыншылардың жетіспеуінен деп те түсінуге болады. Біздің бейнелеу өнері өкілдерінің шығармашылығын талдауда өз ішімізден гөрі оқуы да, танымы да өзгешелерге көп мүмкіндік жасалды. Ал олар жұртты адастыратын қайдағы бір ағымдар, измдер төңірегінде шиырлап, ұлттық туындылардың ішкі иірімдеріне, нәзік тұстарына, рухтық сипатына бойлауға

келгенде саналы түрде аттап баспайтын.

С.Айтбаевтың «Жас қазақтарының» «Молодая гвардия» журналында аяусыз сынға ұшырауы соның бір дәлелі. Салехетдиннің де содан ғой: «Мен өз деңгейімді өзім жақсы білемін», – деп әлгі сыншысымақтарды шеберханасына жолатпайтыны. Міне, қай туындысына болсын тереңдік тән Таласбекті оқыған сайын ойға ой қосылып, ең қиын түйіннің де шідері шешіліп сала беретін. Таласбектің «Алматы ақшамына» иығына қапшығын салып кіріп келгендегі сәті менің көз алдыма бір заманда студент болып жүріп, бір жыл бойына стипендиясын жиып, демалыста елге бармай алыс қиырларды шарлап, соның бірі Арарат тауын асып, Ереванға тартып кетіп, үш күн бойы есігін күзетіп, атақты Мартирос Сарьянмен кездесетін Пернебай Дүйсенбиннің кезінде «Лениншіл жасты» «бомбылағанын» елестетті. Екеуінің бойындағы физиономиялық ұқсастықтарды айтпағанда, егіз қозыдай ұқсастық – рухани жанкештілік пен білмейтіні жоқтығына дейін айнымай қалғаны. Сол Пернекеннің, сары шұнақ аязда киіз үй тігіп, ішіне қара пеш жағып отыратын менің аяулы ұстазымның курстасы Акселеу – Ахаң бірде: «Шіркін, Пернебай елге кетіп қалды ғой, ол осы ортаға керек еді. Рухани кембағалдықпен күресу үшін», – дейтіні есіме түседі кейде.

Міне, сол бір күні редакцияға кіріп келген Таласбек ұлттың көркемдік кеңістігіндегі сол рухани кембағалдықтың орнын толтыру жолында өзін-өзі аямай күндіз отырмай, түнде көз ілмей жұмыс істеп еді. Сол үшін денсаулығын да берді.

Өнер үшін өмірін аямады. Оның бәрін, Таласбектің «Алматы ақшамындағы» ашылмаған аралдарын ашып айту – келешектің ісі. Әзірге көп ойдың бір ұшқынын жылт еткізумен ғана шектелеміз.

● МЕРЕЙ

Құлбек ЕРГӨБЕК,

Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Біз бес жыл бірге оқыдық. Студенттік жас кешу ХХ ғасырдың жетпісінші жылдары Алматыда бірге өтті. Жатақханада бір бөлмеде жаттық. Апорт иісі аңқыған әсем Алматы көшесін қатар кештік. О, ол кезгі Алматы! Бөлек еді ғой, бөлек! Олару Арадан (Қаратереңнен), мен ыстықтан аңқасы кеуіп, кенезесі кезерген Отырардан. Бірі – тұнып тұрған тарих, бірі – ауыр тағдыр. Адамзаттың ашкөздігінен сан рет гүлдеп тұрып, сан рет күйреген Отырар ғалымдардың дәрменсіздігінен «тіріліп», қасірет сөзін айта алмай алып құланды обаға айналып жатты ол кезде. Арал адамзат баласының обыр бейлінен күдер үзе өз айдынынан шегініп-шегініп, жағалаудан қашып бара жатты. «Татис мұхитынан бөлініп қалған қайран Арал, Сақ патшасы Томирис кеп атын суарған сұлу Арал, Ескендір Зұлқарнайдың табаны тиген қайран, Арал...» Ақын жүрек күрсініп салады. Шанжархан екеуіміздің ішкі күрсінісіміз үндесіп, мұңға оранған әңгімеміз жараса кетеді. Біз кіндік қанымыз тамған туған жерімізді табиғатта, өзімізді тағдырлас жандардай сезінеміз.

Алматы көшесін кешер сейіліміз бір. Соған қарап, білім-ғылымға ұмтылыс зейін де бір болар деп шамалайтынбыз. Жоқ. Сейіл бір, зейін басқа. Ынтымақ бір, ықылас басқа. Тұрмыс бір, таным әр басқа екенін сезбеппіз ол кезде. Сейіл бір болғанымен, зейін басқа болып шықты. Шанжарханға келгенде: «Сен тілші ғалым болуың керек», – деп тілші ұстаздар, «Жоқ, сенің икемің әдебиет. Қарағым-ау, сен болып тұрған ақынсың ғой», – деп әдебиетші ғалымдар өздеріне тартқыштайтын. Егіз қозыдай ынтымақ бір болғанымен, ықыластың басқа болғаны да. Әйтпесе бізге де мүйізі қарағайдай профессор-ұстаздар құлап түсіп жатса, қанекей?! Олай болған жоқ, бірақ!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түскенде 50 баланың (ұлы-қызы бар) бөрі өлең жазатын, шетінен аруақ шақырған арқалы ақын сияқты еді. Айтулы авар ақыны Расул Ғамзатұлы айтқандай, сол елу баланың бірі ғана ақын болып қалыптасып, қалғанымыз оқырман болып аяқтадық-ау оқуды. Бұл жерде мен сыншылықтың да оқырмандық екенін ескерте кеткім келеді. Шанжархан досымыз оқуға келгенде жап-жас ақын Жарасхан Әбдірашевтің «Найзағайлы жаз» өлеңдер жинағын қалтасына сала, өзімен бірге ала келген Арадан! Әлгі жұқалтаң жинақтың ішіндегі өлеңдерді «Ақ бұлақтан» бастап біздің курстас досымыз жатқа оқиды. Жастығының астына жастана жатып, айқезбе болған адамдай түннің бір уағында атып тұрып та оқи жөнелетін, оқи беретін Жарасханның өлеңдерін (Ақыры бір перзентіне Жарасхан деп ат беріп барып тынышды. Өмірлі болсын!). Шанжарханға еліктеп біз де Жарасханшыл болып алдық әбден. Біздің аядай бөлмемізде жас ақын, талантты ақын Жарасханның «жыр кеші» күнәра өтіп тұрады десем, қателеспеспін. Оған Жарасханды (бүгінде марқұм) да шақырып алатын әдет таптық. Әдебиетке деген құмарлықтың шарықтап, аспандап тұрған сәті екен ғой, шіркін. «Қазақтың болашақ ұлы ақыны бүгін біздің бөлмемізге келеді», – деп оның жұқалтаң жыр жинағынан өлең жаттап, ас-су қамдап «студенттік банкетке» дайындалып ию-кию болып жатамыз. Беу, студенттік дәурен! Бәрі де жастыққа жарасқан! Бәлкім, біздің әдебиетті сұлулық деп түсініп, сұқтанып сүйіп,

әдебиетші болып қалам ұстап жүргенімізге де курстас досымыздың Жарасханшыл болуының әбден әсері бар.

Біз Жарасханды мақтап ұлылық биігіне көтеріп жатсақ, Жәкең біздің курстас досымызды: «Өлеңі тамаша. Тек өзі ұяң. Қысылады. Онысы жармайды. Ақын батыл болуы керек», – деп қайрап әлек... Додаға күндердің күнінде Шанжархан да түседі. Ол теңіз жайындағы өлеңдерін оқиды.

Жарасхан және оған ілесе келген Сағат Әшімбаев студент ақын өлеңін мақтай жөнеледі. Досымыздың өлеңінің ауызға ілінгеніне біз балаша қуанамыз. Өз өлеңіміз дуалы ауызға ілінгендей мерейленеміз. Біз де пікір айтқансымыз. Тіпті Сағат аға менің пікірімді көпе-көрінеу көпшік қоя қолдап, та жібереді. Енді ойлап отырсам, дүрмекке ілескеніміз болмаса, ақын талап достың өлеңдерін жете түсінбеген сияқтымыз. Әйтпесе курстас досымыз үшін мақтанумен шектеліп қала беріппіз. Оның өлеңдерінің насихатшы сыншысына айнала алмаппыз ол кезде. Егер Шанжархан өлеңдері сол кезден бастап республика бойынша кең тарап, танымал бола алмаса, біздің кінәміз. Ол кезде «әдеп» деген ұлы ұғым әлі тірі болатын. Немере ағам болғандықтан ғана Көпен Әмірбектің сатирасы туралы, курстас досым болғандықтан ғана Шанжархан Бекмағамбетов лирикасы жайлы жазу ұят саналыпты мен үшін. Қалидолла мен Жаксылық туралы да айтарым – осы! Өзімнің осы азаматтар жайында жазсам деп талай оқталып, талай тежелуіме әлгі әдеп деген кісінің ұятбек әсері көп болғаны хақ.

Шәкең – біздің курстың мақтанышы. «Құлды бәрежелді өлтіреді» дейтін сөз бар қазақта. Сол секілді, курс мақтанышы болу, қай пәнге салса да өтіп тұрған алымды-шалымдылық күндердің күнінде Шәкеңнің бас пайдасына қызмет етпегенін қайтерсің?! Жетісудың зиялы да атақты Маман байының тұқымы, бабасы үшін көрмеген қорлығы жоқ Ибраһим Есенғұлұлы Маманов жарықтық біздің курстас досымызды Тіл ғылымы стихиясына қызықтыра-қызықтыра ақыры «тілшілер тобына» тартып алды. Тегі, сырт тұлғасынан тартып ішкі жан дүниесіне дейін тұтаса көрініп, жүзінен иманы төгіліп тұратын Ибраһим ұстазымыз Шанжархан досты баласындай айналып-толғанып тәрбиелеп кеп берді. Қаншама қуғын көріп жүрсе де оңашада біздің білдей академик ұстаздарымыздың кейбірінің еңбегі Ахмет Байтұрсынұлы сынды ұлы ағартушыдан «жымқырылғанына» дейін айтып-айтып қалатын иманды болғыр Маманов ағай шәкірттеріне бір құласа, қатты құлайтыны бар. Университеттің алғы курстарында айналасына кең танылып, «Лениншіл жас», «Жұлдыз» секілді ағымдағы баспасөзде жылы ағына толы лирикаларын жариялатып, Жарасханға «аузына түкіртіп» үлгерген Шәкең соңғы курстарда нілдей бұзылды. Жарасханның өлеңдерін жатқа оқымайтын болды, өзі өлең жазбайтын болды, Аралды сағынса, шерлі өлеңнің орнына әлдебір билік басында жүрген мансап иесін мансұқтап салып қарап отыратын мінезсіз шөлкес мінез бой көтерді оның талбойынан. «Шәке, бір өлең оқышы», – деп қолқалаймыз деп аузымыз күйді талай. «Болсаң, Абай бол, кем дегенде, Жарасхан бол. Бола алмасаң, дұрысы – өлеңнің басын ауыртпай жөңіңді табу!» – деп қиыс кетіп, қорыс мінез танытады балық толы қайықты жалғыз сүйрейді деп кеуде етін керекарыс жыртып тынған Арал балықшысының қайсар қара баласы...

Кезегі келгенде бас пен жақ та ажырайтын әдет. Елдің әр қиырынан білім іздеп келген елу бала қызығы мол қимас бес жылды артқа тастап, тәуелді Қазақстанның дәм бұйырған әр қиырына бағдар алып тартып-тартып отырдық. Алматыны қимай-қимай, бір-бірімізге деген сағыныш баурай-баурай кеткеніміз анық. Шанжархан дос өзінің «Қара тереңіне» барды. Бала оқытты. Оқулықпен оқытпапты оқушыларын. Өзінің «патша көңілімен» – өз танымымен оқытты. Содан да міндет жетегінде құлағын салбыратып жүре беретін оқытушы



АҚЫН ЖЫРЫ – АРАЛ МҰҢЫ...

емес, өз ойы, өз пікірі бар шынайы ұстазға айналған. Ондай ұстаз – шәкірттері үшін ырыс қой, тұнып тұрған ырыс! Бұл – менің пікірім емес, Шанжарханның уыз шағында білім беріп тәрбиелеген, бүгінде ел білетін азамат, әдебиетте өзінің жанды сөзі бар әдебиеттанушы ғалымға айналған Бауыржан Омаровтың ұстазы жайындағы алғаусыз пікірі. Шәкіртсіз ұстаз – тұл! Біздің Шәкең – «бедеу» мұғалім емес, кеудедегі күй сандығынан шәкірт тәрбиелеп шығарған өз келбеті бар шынайы ұстаз! Осындай дос үшін қалай мерейленбейсің?!

Біраз жылды артқа тастап, ұстазы Ибраһим Есенғұлұлының аманатын көңілге түйіп, жүрекке жиып Қызылордаға келсін Шәкең. Ғылым қуып Алматы аттансын Шәкең. Тіл ғылымының ең бір қиын саласы – синтаксиспен айналысын. Маманов ұстаз бақилық... Академияның Тіл білімі институтын жағаласын. Бағы ма, соры ма, жетекшісі – ғылымда ашар жаңалығы болмаса, ешкімді емексіте бермейтін, принципшіл профессор Қайырболат Есенов! «Қазақ тіліндегі түсіндірмелі қатынастағы құрмаластардың құрылымдық-мағыналық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады Шәкең! Қайырлы сәт! Бірақ қызықтың көкесі алда. Ғылым кандидаты болған адамның ішіне «доктор болсам» деген арман алау от болып кіреді бір сәтте. Ол – адами аңсар, табиғи жайт. Жасында ағартушылық қызметке өмірдің көбін, жанардың шоғын, жанның отын беріңкіреген Шанжархан Бекмағамбетов докторлық диссертацияға «Тілдік таңба-нышандық жүйе: лингво-философиялық аспект» деген қиын тақырыпты қаласын. Тәуелсіздік келіп, өтпелі кезең аталатын сарыөзекте ғылым аяқасты болып, жұрт оңайға ұмтылып, бір дипломды «үпілеп-сүпілеп» қолға түсіріп алып жатқанда, біздің Шәкең дауылға қарсы жүзер теңізді ауылдың баласы емес пе, қиынға, қиын болғанда да Қазақстанның ішінде шешіле қоймайтын күрмеуі қиын қиырға салды өзін. Өзінің де осындай бір қасарыспа мінезі болатын бозбала шағынан. «Қазір ғылым жасайтын уақыт емес, ғылым атын жамылып доктор болатын уақыт», – деп бар пәлені аса мәртебелі уақытқа жауып та сөйлеп көрдік біз. Көнер болмады досымыз. Біздің айтқанымызға көне қалса, ол Шанжархан болар ма?! Тақырыпты зерттей келе, бар мәселені тілдің түбірінен тарттым деп шумерлетіп жүрген Олжас Сүлейменовті қолдамайтын болып шықты. Жарайды, Олжәкең – негізінен ақын адам. Мамандығы да жер қыртысын зерттейтін геолог, тіл «қыртысын» зерттеуде қателік

жіберсе, жіберген шығар. Ау, өз тілін білмесе де, өзгенің тілін жыланның тілінен әрмен білетін «мүйізі қарағайдай» түріктанушылар бар емес пе?! «Әлемнің бар тілінің түбірі бір» дейтін сенің концепцияңды солар түсінсе керек еді ғой... Жок. Біздің досымыз олардың ғылыми көзқарасын да қолдай бермейді. Біз Шәкеңнің бұл мінезіне ренжи тұра қуанамыз. Асылы, шын ғалым осылай болса керек-ті. «Сәті келер!» – деп Шәкең жүр. «Сағаты туар!» – деп біз жүрміз тілектестікпен. Ол «Тілдік таным негіздері және тілдік символика» деп аталатын қызықты зерттеуін кітап етіп жарыққа шығарды. Орысша тезистеріне қарап, мәскеулік, Санкт-Петербургтік лингвистер қолдайды. Қазақ ғалымдары жоқ бұл санатта. Қолдамайды. «Семь лекции по теории генетической лингвистики» (2020) деп аталып, орыс тілінде жарық көрді ғалым достың ғылымдағы концепциясы! Біз досымыздың шын ғалым екеніне сене, сеніміміз беки түсті. Сенімімізді бекіте түскен тағы да өз ғалымдарымыз емес, сырт ел ғалымдары! Орыс ақыны Некрасов дұрыс айтады: «Ақын болу – өз еркін, азамат болу – міндетін!» Ақынның әдемі аударылған сөзін сәл бұрмалап: «Доктор болу – өз еркін, ғалым болу – міндетін!» дейміз біз досымызға! Ғалым атын жамылып талай алаяқ жүр мына ғаламда... Ғалымдығына сенгендіктен айтамыз. Ғалымдық өлшемі – докторлық емес, шын ғалым болу – азаматтық! Осы орайда менің есіме ұлты татар, СССР Ғылым академиясы Түріктану институтының бөлім меңгерушісі болып өткен үлкен ғалым Исакаев түседі. Исакаев ақырағы ғылым кандидаты да емес еді, марқұм. Есесіне Тва тілінің грамматикасын негіздеген абзал абзи (*татарша «аға» деген сөз. – К.Е.*). Оның «Тувинский язык» аталатын еңбегін тілші ғалымдар әлемдік деңгейде жоғары бағалайды. Аз бақыт па осы? Жок. Орхон-Енисей – руна жазуын алғаш оқыған швед ғалымы Вильгелм Томсен ғылым докторы ма? Білмедім. Есесіне Вильгелм Томсен ашқан Орхон-Енисей тас жазуын зерттеп, әлемнің қаншама ғылым адамдары доктор болды?! Өзіміздің білімпаз Ағжан Машанов (*Машани*) ше? Ол кісі де – небәрі ғылым кандидаты! Алайда оның ашқан жаңалығын бағалап әріптестері «Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі» етіп сайлады. Бәрі де дұрыс-ау, алайда біздің аналогиямыз досымызды докторлықтан жерітетін сөз болып шықпағай. Ашар ғылыми жаңалығының сенің ғылыми дәрежеңе түк қатысы жоқ. Есесіне ашқан ғылыми жаңалығыңды бағалай білерлік ғылыми орта керек. Ғылым академиясы

ақсаған елде ондай орта бар деп айта аламыз ба? Айта алмаймыз ғой. Олай болса, өзі ашқан ғылыми жаңалығына сай досымыздың ғылым докторы болғанын қалаймыз.

Ол ғылымда да ақын болуы керек. Оны түсіну үшін тілшілік зейін керек шығар. Ол бізде (*менде*) шала. Ал әдебиетте – ақын. Ақын болу – Тәңіріден! Ғалым болу да – Тәңіріден. Бірақ ғылымның қия жолында адам-азаматқа кезіккен, құба-құп, әйтпесе адам-пендеге тәуелді болатынын, тіпті сарылып жүріп тәуелде болып кетерің жаман дә. Оның үстіне, шын ғылым – жаңалық! Жаңалық қашан бізден мойындалған?! Курстас достың лингвистикалық тын зерттеуін мен ежіктегелі қай заман?! Түсінбей жүрдім. Түсіне бастадым. Ақырында түсініп Әбдуәли Қайдар, Өмірзақ Айтбайұлы, Жамал Манкеева сынды ағалар, апа-дос тіл білімі тарландары қаперіне салдым. Тіпті өз ойымды ақ қағазға түсіріп, Өмірзақ ағама Шәкеңнің ғылыми монографиясына қоса ұсындым. Бір әдебиетші, бір тілші, сөйтіп, мақала жазып докторлықтан жолы болмай қалған (*бірақ ғалымдығын ешкім тартып алмайды ғой*) ғалымның жолын ашқымыз келді. Бірақ, бірақ осы біздің талантты, алайда түйе секілді табиғаты иір қисық досты иір-шиыр айналдыратын бір қырсық бар. Кандидаттық диссертация қорғайын деп тұрғанда, ғылыми жетекшісі Қайырболат Есенов кенеттен қайтыс болып кетті. Енді-енді мойынсерік болып мақала жазып жүргенде академик Өмірзақ Айтбайұлы бақилық... «Не шара? Арлы достың қырсығын қалай кесерміз?» деп пұшайман болып мен жүрмін қарадай әбіржіп...

Ғылым – ғылым ғой, ақындық жөні бір басқа... Ақындықтың Тәңіріден берілген сый екенін жанымызбен сезгендіктен: «Өлеңіңді тастамайсы», – деп Құдайдың зарын айтып келеміз досқа! Шәкеңнің жүрегінің басына шер байланған азамат. Ол – алдымен Арал шері. Арал теңізі елді, жерді тастап шегініп кеткенімен ақынды тастап кеткен жоқ. Ол Байқалды сүйген Валентин Распутиндей Аралын сүйеді. Аралын азалауға асықпайды. Арал үшін күреседі. Аралды қайтпай жырлап келе жатуын өз басым осылай түсінемін. Баспадан жақында ғана жарық көрген «Жүректегі жазулар» жыр кітабын оқып көріңіз. Басты тақырыбы – Арал. Күні кеше «Ана тілі» республикалық басылым беттеріне өлеңдері шықты. Тақырыбы – тағы да сол Арал, арлы Арал! Адамзатты аялағаннан басқа жазығы жоқ, сөйте тұра адамзат баласынан әзбір көрумен табиғи тұрағын тастап, шегініп-шігініп арамыздан алыстап бара жатқан зарлы Арал! Шамхан Бекмағамбетов – Аралдың поэтикалық пішімін жасаған ақын. Өне ол жырлап тұр.

*«Теңізбін – тілгілеген төсін арман,
Теңізбін – тағдырымды тосып алған.
Теңізбін мәңгілікке қоштаспайды,
Мәңгілікке қоштаспаңдар...
Кешіре алман!»*

Адам (*лирикалық кейіпкер*) жылап тұр. Адам ақынға айналып жырлап тұр. Ақын адамға айналып, адам теңізге айналып жылап тұр. Арал теңізінің («Теңіз монологы») мұны жұдырықтай жүрегінде адамгершілік сезімі бар оқырманды жылатып тұр! Өмірінің ең бір қызулы, қуатты шағын ғылымға арнап, Тіл білімі ғылымына айналынып кеткен досымыз бұған дейін ақын атанып, кең танылған да жоқ. Мұрат та тұтпады ма, қайдам ақын атануды?! Бірақ осындай өлең жаратқан адамнан артық қандай ақындық керек асылы? Талантты Тәңірінің өзі сыйлаған Шанжархан Бекмағамбетов – шын ақын, шынайы өнерпаз!

Арал азасына досымыздың ұлынан айырылған азасы қосылды. Перзент қайғысындай ауыр қайғы болмайды өмірде. Арал мінезді арлы достың тағдыр тайғағында кездескен тауқымет атаулыны жеңіп, шығармашылық ғұмыр кешіп келе жатқанына қуанамыз! Шығармасын оқимыз. Жанымыз шуақтанады!

Шымкент шаһары



БАҚЫТ НҮРПЕЙІС, өнертану докторы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, театртанушы

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Мемлекеттік қуыршақ театрының 90 жылдық мерейтойы аясында және Республика күні қарсаңында III Халықаралық «Almaty puppet festival – 2025» 10–14 қазан аралығында өткізілді. Фестивальде Түркия, Италия, Испания, Болгария, Иран, Үндістан, Ресей, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғыстан және Қазақстаннан келген қуыршақ театрлары бақ сынасты.

Биыл үшінші жыл өткізіліп жатқан аталмыш фестиваль географиялық ауқымының кеңдігімен, яғни алыс-жақын шетелдік театрлар санының басым болуымен ерекшеленді. Бұл өнер жарысына 150-ге жуық қуыршақ шеберлері қатысты. Көрермендер өзге елдердің мәдениетімен және қуыршақ өнерінің заманауи бағыттарымен танысты.

Фестивальдың ашылу салтанатында Мемлекеттік қуыршақ театрының актерлері 90 жылдық театр тарихынан қысқаша сыр шертетін жарқын бояулы театрландырылған көріністермен қуыршақтар әлеміне саяхат жасап, мерекелік көңіл күй тудырды.

Кеште Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков пен КСРО халық артисі Асанәлі Әшімов құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Фестиваль шымылдығын Рязань Мемлекеттік облыстық қуыршақ театры (Ресей) Павел Бажовтың «Күміс тұяқ» ертегісі бойынша қойылған спектакльмен ашты. Режиссер Григорий Лайко спектакльдің сыртқы формасын қызықты ойластырған. Шағын үстел үстіне орналастырылған кітап беттері ашылған сайын оқиғаның өтетін орны да өзгеріп отырады. Марионеткалы қуыршақтар кішкентай болғанына қарамастан аса пластикалы, тез қозғалатын икемділігімен есте қалды. Қуыршақтарды жүргізіп тұрған екі орындаушы бірнеше кейіпкерлерді қатар ойнап, қызу қарқындылықпен, әртүрлі ырғақтылықта қызық ойын көрсетті. Бірақ қойылым жетім қыз Даренка мен оны асырап алған қарт Кокована арасындағы әңгімеге құрылып кеткендіктен де, күміс тұяққа қатысты ғажайып ашылмай қалды.

Келесі күні фестиваль жұмысы Шахмет Құсайынов атындағы Қазақ-музыкалық драма театрының қуыршақ труппасы (Қазақстан. Көкшетау қаласы) көрсеткен «Ортеке туралы аңыз» (сахналық нұсқасын жасаған режиссер С.Ақжол) қойылымымен жалғастырылды. Спектакльде аңшы Құламергеннің басынан өткен қызықты оқиғалары (үйленуі, балалы болуы, аңшылықпен айналысуы) баяндалады.

Қойылым оқиғасы тұтасымен Құламерген туралы болып кеткен. Ортекенің ерекшелігін ашатындай оқиғалар

III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ALMATY PUPPET FESTIVAL – 2025» ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

желісі тым аз болды. Сонымен қоса қуыршақтардың сахна алаңындағы кимыл-қозғалыстары тым баяу көрінді. Әсіресе Ортеке қуыршағының буындары секіру, қарғу кездерінде көп қозғалмады. Алдағы уақытта рөлдің ұсынылған жағдайына байланысты сахнадағы екпін мен ырғақтың өзгеруіне сай қуыршақтар жүрісін түрлендіру жағына назар аудару қажет.

Фестиваль көрігін қыздырған спектакльдің бірі – «Жаратылыстар» (Италия. Флоренция қаласы). Қойылым режиссері әрі суретшісі Ольга Мельник. Режиссер спектакль прологінде И.С.Бах музыкасының әсерлі әуенімен материяның дүниеге келуін көрсетеді. Ол материя – қағаз. Сахна төрінде өнер көрсеткен үш актер көрермендердің көз алдында қағаздан неше түрлі қуыршақ бейнелер жасап, орындаушылық шеберліктерін танытты. Олардың қолында тірілген қағаз қалықтап жүрген жаратылыстарға айналады. Осы ғажайып түрленудің шыңында адамдар пайда болып, алғашқы эмоциялар мен сезімдер туындайды. Қуанышы мен қайшылығы мол адамзат қоғамындағы түрлі қайшылықтар қағаздан жасалған қуыршақтар арқылы бейнеленіп, көрерменді ерекше сезімге бөледі. Бұл спектакль қиялдың ғажайып күші мен өнердің мәңгілі туралы ойларға жетеледі.

Бұдан кейін Гах Мемлекеттік қуыршақ театры (Әзербайжан. Гах қаласы) «Хейир Ве Шер» атты спектакльді көрсетті. Қойылымның режиссері әрі композиторы Юсиф Абдуллаев әзербайжанның ұлы ақыны Низами Гянджавидің «Жаксылық пен Жамандық» поэмасының желісі бойынша пантомималық қойылым жасапты. Мұнда жаксылық пен жамандықтық арпалысы актерлердің пластикалық әрекеттері арқылы көрсетілген. Бірақ Жаксылық пен Жамандықты ойнаған орындаушылардың кимыл-қозғалыстарында қайталаулар көп болды. Бұл қойылым екпін-ырғағының тым бәсеңдеуіне алып келді. Керісінше, осы кейіпкерлер қуыршақпен ойналған сәттен бастап оқиға динамикалы түрде өрбіп, жаксылықтың мейірімі мен қадір-қасиеті нақты анықталды. Жамандықтың айлакерлігі мен зұлымдығы да қуыршақ әрекеттері арқылы шынайы ашылды.

Өзбек ұлттық қуыршақ театры (Өзбекстан, Ташкент қаласы) «Ой, мына Қожанасыр-ай!» (сахналық жүйесін жасаған әрі режиссері Д.Юлдашева) деп аталатын қойылымымен көрермендерді күлкіге кенелтті. Спектакльде Қожанасыр әзіл-кеш, айлакер адам болып бейнеленді. Жанды планда өнер көрсеткен төрт актердің кимыл-қозғалысынан, айтқан әзіл сөздерінен өзбек халқына тән жеңіл қалжың, ұлттық калорит байқалып тұрды. Орындаушылар қуыршақ кейіпкерлерді ойнату жағынан да өз шеберліктерінің бабында екендігін көрсетті. Дегенмен режиссерлік оқылымда бүгінгі ізденістер байқалмады.

Түркия мемлекетінің Ыстанбұл қаласынан келген Дженгиз Өзек Гельге театрының «Қоқыс құбыжық» (авторы, режиссері Сенгиз Өзек) спектаклі терең тарихи тамыры бар және түрік мәдени бірегейлігінің маңызды бөлігі болып саналатын «Қарагөз» түрік көлеңкелер театрының бүгінгі биігін көрсетті. Драманың, музыканың, кескіндеменің және халық фольклорының элементтері



өзара үйлескен бұл қойылымда теңізге тасталған қоқыстарды жеп, құбыжыққа айналған балықтың оқиғасы көрсетілді. Басты кейіпкер Қарагөз тапқырлығымен, ақылдылығымен көрермендердің сүйіктісіне айналды. Оның күлкілі оқиғалары мен басқа да кейіпкерлермен өзара әрекеттестігі көптеген қызық жағдайларды тудырды. Ұзын сырықтарға бекітілген қуыршақтарға жан бітірген актерлердің суда жүзген балықтай ептілігі мен қуыршақтарды ойнату техникасы жоғары деңгейден көрінді.

Надирбек Шамурзаев атындағы Ош облыстық театрының (Қырғызстан. Ош қаласы) «Телефонға тәуелді бала» спектаклі бүгінгі балалардың телефонға шамадан тыс әуестену мәселесін көтерген. Қойылым авторы, режиссері, суретшісі М.Абдуллаев бала мінезінің өзгеруіне телефонның қалай әсер еткенін көрсетуді мақсат еткен. Заттық театр бағытында қойылған спектакльде актерлер өз кейіпкерлеріне жан бітіріп, даралықтарын айқын көрсетті. Бірақ қойылымда шынайы өмір көріністері, баланың ата-анасынан бөлек жүру себебі, оң мен түс арасында өтетін оқиғалар толыққанды ашылмады. Дегенмен де, театрдың қуыршақ өнері арқылы әлеуметтік мәселелерге көңіл аудартудағы ізденістері құптарлық қадам демекпіз.

Болгарияның София қаласынан келген «Senju» театры аталмыш фестивальға былтыр да қатысқан болатын. Ол биылғы желісі «Иссън Боши» деген жапон ертегісі жөнімен сахналанған қойылыммен көрсетті. Спектакльдің басты кейіпкері Иссън Боши күріш дәнідей өте кішкентай. Соған қарамастан ол оқуды, жазуды біледі. Сонымен бірге самурай болуды үйреніп жүреді. Мақсатына жету үшін Киота қаласына аттанып, жұмыс табады. Ол сұлу қыз Ханакоға сабақ береді. Соңында бойжеткенді ұрламақшы болған құбыжықты жеңіп, анасы тарту еткен сиқырлы иненің көмегімен көрікті жігітке айналады.

Режиссер Любомира Костова қойылымда «Такэда» қуыршақтары мен алып марионеткаларды және көлеңке театрын оңтайлы қолданған. Орындаушылар марионетка қуыршақтарын шеберлікпен жүргізді. Бірақ қуыршақ кейіпкерлер жанды пландағы драмалық ойынға қарағанда, тасада қалып қойғандай әсер етті. Сол сияқты қойылымнан жапон мәдениетінен гөрі болгарлықтардың ұлттық

ерекшелігі басым түсіп тұрды. Біздіңше, баяндалған оқиғаның көркемдік стилистикасы әлі де режиссерден нақтылауды қажет етеді.

Қарағанды облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ драма театрының жанынан құрылған қуыршақ труппасы Гримм ағайындылардың «Қаршақыз және жеті ергежейлі» (сахналық нұсқасын жасаған Е.Ионов) спектаклімен қатысты. Қойылымда ханшайымның сұлулығына, табиғи болмысына қызғанышпен қараған, іші тар өгей шешесі патшайымның зұлымдығы көрсетілген. Алайда оқиға орны тез алмасқан сайын, актерлер қойылымның ырғақ екпініне ілесе алмай, тым бір бояумен ойнады.

Спектакль суретшісі Ю.Чернованың сценографиялық шешімі көз тартқанымен де, Антон Зайшев актерлермен жұмыс жасау жағына мән бермеген. Ең бастысы, Қаршақыздың жеті ергежейлімен кездесіп, солардың үйінде өмір сүретін сахналары тым солғын шықты. Жеті ергежейліні сомдаған актерлердің дауыстары бір-бірінен аумайды. Кейіпкерлердің үндік ерекшелігін табу жолында жұмыс жасалмаған. Қуыршақтарды жүргізу жағынан да орындаушылардың тәжірибелері аз екендігі байқалды. Қойылымда ертегілік атмосфера болмады. Алдағы уақытта актерлердің өз беттерінше көп іздене түскендері жөн.

Фестивальдың ажарын кіргізіп, көрігін қыздырған «Minusmal» театрының (Испания. Гранада қаласы) «Нил» қойылымы алғашқы сахнадан бастап-ақ көрермендердің назарын бірден баурап алды. Қойылымның авторы әрі режиссері Реймон Руиз әрбір адамның өз-өзімен бетпе-бет келуі жайлы метафоралық спектакль тудырған.

Спектакльде қуыршақ пен қуыршақшы бір адамдай бірігіп кеткен. Сахнада үстіне қызыл костюм киіп, әдемі шаш үлгісін қойған қуыршақ кейіпкер алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын бірбеткей мінезді адам болып бейнеленді. Қуыршақтарды қозғалтуға арналған бірнеше айқұш-үйкыш жіптерді шатастырмай, көз ілеспес жылдамдықпен кимылдатқан Р.Руиз өз кейіпкерімен бітеқайнасып, қуыршақ жүргізудің озық үлгісін паш етті. Сахнада әртүрлі кимыл-іс үстінде көрінетін қуыршақ кейіпкердің ептілігі, әсіресе велосипед тебетін сәтте биік нүктесіне жетті. Орындаушы қуыршақтың басын, екі қолын және аяқтарын

бір сәтте жіптермен қозғалта отырып сонына дейін дәлдік пен әсемдікті сақтауы оның шеберлік палитрасының кендігін байқатады. Орындаушының қол қимылдарындағы шапшаңдық, асқан ептілік испандық қуыршақ өнері мектебінің мықтылығын танытты.

Үнді халқының ежелгі дәстүрлерінен нәр алған «Хатпутли» (Үндістан. Джодхпур қаласы) қойылымында режиссер, автор Амит Танвар қуыршақтарды өзі жүргізіп, аса көңілді оқиғаны баяндап берді (Пьеса оқиғасы Раджастан аймағында кең тараған ертегі желісі бойынша жазылған. Мұнда би өнерін жақсы көретін сұлу қыз күнде ел-жұрттан жасырынып билеп үйренеді. Бір күні сол ауылға жылан үйрететін жігіт келеді. Онымен танысқан қыз сол жігітпен қашып кетеді). Қойылымда қуыршақ қыздың киімі көздің жауын алатындай қызыл матадан тігіліп, неше түрлі ою-өрнектермен көмкерілген. Жіппен жүретін қуыршақты асқан шеберлікпен қозғалтып, музыка ырғағымен үнді биін билеткен А.Танвар шеберлігі көрермендер көңілінен шықты. Театр сахнасынан гөрі көшедегі ойын-сауықтарда көрсетуге ыңғайлы қуыршақ шоуы ешкімді бейжай қалдырмады. Бұл спектакль дәстүрлі мәдениетті заманауи сахна тілімен қайта жаңғыртудың үлгісі болды.

Қарағанды музыкалық комедия академиялық театрының «Буратино» қуыршақ театры студиясы Владимир Синакевичтің «Ұсқынсыз үйрек» деп аталатын қойылымын ұсынды (Спектакль бағдарламасында бұл шығарманың Х.К.Андерсон ертегісінің желісі бойынша жазылғаны көрсетілмеген).

Бұл қойылымда режиссер Елена Пак өзінің көркемдік қиял көкжиегін көрсете алмады. Ол ертегідегі негізгі оқиғаларды анықтай алмағандықтан, қойылымның басты тартысы ашылмай қалды. Оқиға орны да суретші Роксана Петрова тарапынан тым қарабайыр шешілген. Айталық, жыл мезгілдерінің ауысып, жаз өтіп, күз келетін тұстары анықталмаған. Театр заманауи компьютерлік техника жетістіктерін пайдалана алмаған. Сол сияқты қуыршақтардың сыртқы түрі де көз тартпайды. Әсіресе үйрек-ананың түрі алыстан қарағанда көлбақаға ұқсап кеткен.

Режиссер актерлерге дұрыс бағыт бере алмағандықтан, олар қатты айқайға басып сөйледі. Аулада жүрген құстардың дауыстары бір-бірінен айнымайды. Дауыс арқылы кейіпкер мінезінің ерекшелігі ашылатынын орындаушылар мүлде ескермеген. Біз алдағы уақытта театр ұжымынан сапалы қойылымдар күтеміз.

Фестиваль аясында Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры мен «Алақай» қуыршақ театр ұжымдары өз қойылымдарын байқаудан тыс көрсетті. Г.Лайко режиссурасымен жарыққа шыққан «Ортеке» спектаклі көрермен қауымның ыстық ықыласына бөленді. Қойылым жанрын сторителлинг деп анықтаған режиссер, шын мәнінде, осыған жауап беретіндей қызық оқиғаға құрылған спектакль тудырған. Театрдың кіші залында көрсетілген қойылым аңызға айналған сал-серілердің өзара айтысынан басталып, қызу өрбиді. Үстілеріне ұлттық киім киіп, домбырамен шырқаған Б.Қаюов, А.Мансұрова, Ш.Құлназаров, А.Нұрәділ, М.Батырханов актерлік суырыпсалмалықтың озық үлгісін көрсетті. Олар халық анызына құрылған «Ақсақ құлан» күйінің тууын жеңіл әзілмен, актерлік ойнақылықпен баяндап берді. Одан кейін қазақ халқының ежелгі дәуірден жеткен асыл мұрасы әрі қайталанбас қуыршақ өнерінің бастауы саналатын Ортеке туралы аңызды қуыршақ кейіпкерлерінің әрекеттері арқылы көрсетті. Мұнда жанды дауыспен ән айтылып, домбыра, қобыз, сыбызғы т.б. ұлттық музыкалық аспаптармен күйлер орындалады. Кішкентай көрермендер әрбір аспаппен танысып, тіпті бірер күйді

актерлермен бірге орындайды. Қойылым соңында ағаштан ойылған теке мен ақ арғымақ домбыра күйінің ырғағымен буындары былқылдап билей жөнеледі.

«Ортеке» спектаклі — ұлттық құндылықтарды кеңінен дәріптеп, салт-дәстүріміздің өміршеңдігін көрсетуімен барша көрерменге айрықша көңіл күй сыйлады.

Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театры «Жыл мезгілдері» деп аталатын мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған иммерсивті спектаклімен көпшілікті елең еткізді. Сахна мен көрермен арасындағы шекараны алып тастаған бұл қойылымда актерлер көктем, жаз, күз, қыс мезгілдерін балалармен бірге тіріліп, оларды қойылым қатысушыларына айналдырады.

Режиссер М.Кузнецованың басты мақсаты инклюзивті балалардың иіс сезу, сипап білу, есту мен көру және түйсікпен қабылдау сынды сезімдердің белсенділігін арттыру. Орындаушылар балалардың қиял әлемін кеңейтуге көп жұмыс жасап, оларға жыл мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыруға күштерін салды. Айталық, күзде сарғайған жапырақтарды балалармен бірге жинап, жаңбыр тамшыларын сезіндіру үшін отырғандарға су шашады. Тура осылай әрбір жыл мезгілінің ерекшелігін түсіндіріп, нақты заттар арқылы балалардың қабылдауына айрықша ықпал етті.

Театрдың бұл қойылымы есту және көру қабілетінен айырылған жарымжан, инклюзивті балаларға осындай спектакльдердің аса қажет екенін көрсетіп берді. Сонымен қоса театрда жаңа ізденістердің жалғасып жатқандығынан хабардар етті.


Фестиваль күндері қуыршақ театрының теориясы мен тәжірибесіне арналған шеберлік сағаттар мен дәрістер ұйымдастырылды. Атап айтқанда, ҚР еңбек сіңірген артисі, режиссер, профессор Құралай Ешмұратова «Қуыршақ театрының өнер тарихындағы орны», Ресей театр өнері институтының оқытушысы, театртанушы, драматург Александр Вислов «Күрес алаңының кеңеюі: ХХІ ғасырдағы қуыршақ театрының жаңа кеңістіктері», Тегеран (Иран) өнер университетінің актерлік және режиссерлік шеберлік мамандығы бойынша оқытушы, театр сыншысы Эсмаил Шафи мен актриса, режиссер, драматург Мина Эмами «Қуыршақ шеберлерінің қол энергиясы» және Италия Халықаралық театр орталығы ұжымының «Халықаралық театр орталығының актерлік мектебі» тақырыптарында қатысушылар пікір алмасты.

Фестиваль қорытындысы бойынша «Гран-при» «Үздік спектакль» жүлдесін «Minusmal» театрының — «Нил»; «Үздік актерлік ансамбльді» Халықаралық театр орталығының — «Жаратылыс»; «Үздік режиссерді» Рязань қуыршақ театрының — «Күміс тұяқ»; «Үздік қуыршақ жүргізушісі» Дженгиз Озек Гельге театрының — «Қоқыс құбыжық»; «Үздік суретшіні» Қарағанды облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ драма театрының қуыршақ труппасының — «Қаршақыз және жеті ергежейлі»; «Жаңа сахналық ізденісі үшін» Шахмет Құсайынов атындағы Қазақ-музыкалық драма театрының қуыршақ труппасы — «Ортеке туралы аңыз»; «Ұлт рухын ұлықтағаны үшін»; «Өзбек ұлттық қуыршақ театры — «Ой, мына Қожанасыр-ай!» қойылымы үшін иеленді.

Халықаралық деңгейде үшінші мәрте өткізілген «Almaty puppet festival — 2025» еліміздегі маңызды театр фестивалдарының біріне айналғандығын көрсетіп берді. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған өнер ұжымдары өз бағыт-бағдарын бағамдап, қуыршақ театрларының қандай жолда дамып бара жатқандығымен танысып тарқасты. Аталған фестивальды ұйымдастырған Алматы қаласының әкімдігі мен Мемлекеттік қуыршақ театрының ұжымына зор алғыс білдіреміз!

● БОЛЖАМ

Кеңес дәуірінде атақты билеріміз бен батырларымыздың қай жерде жерленгені көпшілікке белгісіз болып келді. Ат төбеліндей аз ғана туыстары, руластары болмаса, тарихи қайраткерлердің молалары мен мазарлары, құлпытастары халық барып тәу ететіндей нысандарға айнала алмады. Атақты адамдардың жатқан жерін тауып, бейітін, зираттарын жөндеу, ескерткіш қою 1985 жылы, жариялылық кезеңнен басталды. Аңыз-ертегілердің бас кейіпкері болып келген үш биіміздің де мәңгілік жай тапқан жерлері халықтың қасиетті зиратханаларына айналғаны күні кеше ғана. 1978 жылы Қазыбек бидің Қожа Ахмет Ясауи ғимаратындағы сағанасы жөндеуден өтті, арнаулы тақтайшада аты-жөні жазылған тақта қойылды. Төле бидің мавзолейі 1982 жылдан, Әйтеке бидікі 1990 жылдан бастап белгілі болып қазақтар бара бастады.



Шейх Аббас Уәлидің мазары. Қарақалпақстан, Бирюни ауданы

МӨҢКЕ БИДІҢ ЗИРАТЫ ҚАЙДА?

1987 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз селосына барған сапарымда: «Елде шежіре, ауызша тарихты жақсы білетін қарттар бар ма?» — дегенімде, аудандық музейдің меңгерушісі Бекарыстан Мырзабаев: «Ауданымыздың ең үлкені — 101-ге келген Есенгелді Қаймақов деген ақсақал бар, совхозда тұрады, арғы-бергіні көп біледі», — деп жауап қатты. Сол кісіге арнайы барып кездестім. Көзі нашарлағаны болмаса, патша заманындағы тарихты жақсы білетін сұңғыла адам екен. Асан қайғы, Абылай хан туралы, Кенесарының кіші жүзге келуі т.б. мәселелерді қозғағанда, күні кеше болғандай қылып әңгімеледі. Кейбір оқиғаларды бүге-шүгесіне дейін біледі. Кенесары Адырқорған бекінісін алғанда екі зеңбірекке ие болыпты. Наурызбай шашына маржан сап өріпті... Осындай тың деректерге толы әңгіме шертті. Тағы бір сөзінде: «Атақты адамдардың бейіт-құлпытастарын іздеп жүрсендер, кіші жүз Мөңке бидің моласы Бесқалада деп естиміз», — дегенде, «Бардыңыз ба, көрдіңіз бе?» — деп сұрадым. Мөнкенің ғақлия сөздерін жатқа айтқан ақсақал «Көрген емеспін. Естіген құлақта жазық жоқ қой», — деді. Сөйтсем, қария тек қана анық білетінін айтады екен.

Ойыл селосының тұрғыны 80-нен асқан қария Сұлтанғали Сарин: «Мөңке би Хорезмде қоңырат Нағанай бимен қатар жатыр», — деп еді. Қазақ Қоңырат шежіресінің қай-қайсысы да әлқисса сөзін Нағанай биден бастайды. Оның 30 баласы болыпты... Осындай тәмсіл қарақалпақтарда да бар, айырмашылығы Нағанайды Нағадай деп атауында ғана.

Қарақалпақтың ұлы ақыны Бердақ (руы қоңырат) «Шежіре» атты толғауында:

*«Нағадай биі йурт ағасы,
Жүмлә Қоңыраттың бабасы,
Отыз ұғлының атасы,
Ұғлы отыз болған екен», —*
деп жырлайды.

Академик В.В.Бартольд 1929 жылы жазған «Хорезм тарихы бойынша жаңа дерек» атты еңбегінде: «...Хиуаның қоңырат хандарының бабасы Өзбек ханның замандасы Нұғдай хан (Мунистің жазуына Нағадай би) болған.

Ол көне Қият қаласында дүниеден озып, өзі салдырған кесенеде жерленген деп көрсеткен. Қарақалпақстанның Бирюни ауданындағы Шейх Аббас Уәлидің мазары қазір мемлекет қарауында, жақсы реставрация жүргізілген, бірақ маңайындағы біраз зиратты күреп жіберіпті. Қарақалпақстанда жүргенде байқағаным, үлкен ақсақалдардан естігенім, кіші жүз Мөңке би Шейхтың жанына жерленген», — деп жазылған. Бір кісі (ұлты — қарақалпақ-қоңырат, аты-жөнін жаза алмадым): «Нағадай би Шейх Аббас Уәлидің алдында жатыр, артына таман Кіші жүз Мөңке би жерленген», — деген соң, артқы тұстағы топырақтың арасындағы көне квадрат кірпішті (25x25x4 см) суретке түсіріп алдым.

Жалпы, Қазақстанның Батыс өңірінде марқұм болған адамдарға құлпытас қою, ХVIII ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басына дейін жеткен дәстүр. Мысалы, Құрманғазы, Махамбет, Кашаған жырау т.б. тұлғалардың құлпытасы — асыл мұраларымыздың қатарында. Егер де Мөңке би Ақтөбе өңірінде, Жем бойында дүниеден өтсе, құлпытасы қайда? Тағы бір деректерде: «Жем бойынан сүйегі алынып, басқа жерге қойылған», — деп келтіріледі. Мен бұл туралы Нағанай би, Шейх Аббас Уәли, Мөңке би туралы монографиямда да жаздым (А.Токтабай «Орта Азия қазақтарының киелі жерлері» — Алматы: 2022. 113–114-бб, 71–72- суреттер).

Мөңке бидің өмір сүрген жылдары да нақтылауды қажет етеді. «Мөңке Әбілқайыр ханның жанында жүрді» дейді қазіргі зерттеушілер. Олай болса, бидің есімі хан туралы қалың құжаттарға неге түспеген? Сырым батыр мен Мөңке туралы әңгімелерде олардың замандас, әріптес, тілектес болғаны аңғарылады. Мұрат Мөнкеұлы, Дулат Бабатайұлы сияқты зар заман ақындарының жырлары да мағыналас, сарындалас.

Біз бұл мақаламызда да Мөңке бидің нақты қай жерге жерленгенін айта алмаймыз, сондықтан осы жайды мақсатты түрде арнайы зерттеу қажет.

Ахмет ТОҚТАБАЙ,
тарих ғылымдарының
докторы, профессор



**Таласбек
ӘСЕМҚҰЛОВ**

Институтты аяқтап қалған кезім. Жазғы каникул. Елдемін. Өзімді Түргенев сезіне бастағалы астам бозбалалық шақ. Ол Калуганын ормандарын араласа, мен туған даламды аралаймын. Орман аздау. Бірақ даланың өз сұлулығы бар. Осы Қарағаш совхозындағы нағашымның үйіне келгеніме екі жетідей болып қалған. Өзім әңгімелеп бермек оқиға да, дәл күнін айту қиын, әйтеуір осы шамада болған.

Сөмкеге қаламсап пен блокнотымды, жүрек жалғайтын азын-аулақ тамағымды салып алып таң бозымен жолға шықтым. Қарағаш өзенінің жағасындағы қыратқа шығып шығысқа қарағанымда, алдымнан өрттей жанып көтеріліп келе жатқан күннің белгісіндей болып бүкіл түстікті алып толқыған, көз қарықтырған сапсары дария көрінді. Шығыс өңірдің суық түні терең, салқын сайлардағы көленкеге, қалың шөпті мейлінше шылаған шыққа тығылды. Бір сәттік қана көрініс. Одан кейін дария қақ жарылып, сол өрт дарияның көбігін шашып, аспанға күн шыққанда даланың өзі сол сарыжалқын дарияға айналды. Қайда қарасаныз да сап-сары нұр толқып ұйып тұр. Тіпті көк аспанның өзі көк түсінен айрылып, ортасында лаулап жанып жүзген жауһары бар сап-сары күмбезге айналғандай.

Бүгін күндегіден алысырақ бармақпын. Осы арадан он бес шақырым жердегі Тораңғыл тауына барып, басына шықпақпын.

Онымен өзеннің жағасына апарар жалғыз аяқ құлама жолда кездестім. Алдыңғы тұяғы шым дөңнің үстінде. Басы орасан үлкен және адамды селт еткізетіндей, ерекше жиридиретіндей етті екен. Кекіл мен құйрық-жал атаулыдан түк жоқ. Қабырғалары ырсиған, сүйекке кептеп тартылған жұқа терінің әр жері ойдым-ойдым ағарады. Жақындап барғанда көрдім, тері жүні түсіп көн етіктің қонышындай жылтырапты. Мал екеш мал да адам сияқты бурыл тартады екен. Арса-арса кәрі тұғыр ұйықтап тұрған сияқты. Анда-санда ғана қылдан ада, таяқтай құйрық шодырайған ірі қабырғаны дүңк еткізіп соғып өтеді. Кенет тастан кашалғандай құж-құж, ауыр қабақ ашылды да астынан кілегейленген, ағы сарғайған шағыр көз көрінді. Сол сәт енді тұрмастай болып қиратылған сұлба лықсып қалып алға жылжыған. Мен шошып ыршып кеттім. Шынымды айтсам, Сервантес романының беттерінен түскендей мына жылқы тұрпатты мақұлықтан қорқайын дедім. Бірақ жақынырақ барып аттың қызық жүрісін бақылауға көштім. Алдымен, артқы оң аяғын алға жылжытып қояды екен. Содан кейін артқы сол аяғын оң аяқтан бір тұяқ оздырып қояды. Одан кейін барып алдында терең ор тұрғандай бар пәрменімен қосаяқтап алға секіреді. Тұсаулы, яки шідерлеулі шығар деп тақау барып қарадым. Жок. Тұсалмаған. Кісен жеген бе, аяғында балақ та жоқ.

Күні бойы Тораңғыл тауының басында да, ауылға қайтып келгеннен кейін де сұмдық көрініс көз алдыма тұрды да

қойды. Кешкі ас үстінде Иманғазы атама болған жайды айттым.

— Ее, сенің ол көргенің Тораңғыл қасқа ғой, — деді атам. — Ол аттың тағдыры — бір адамның тағдырындай. Бағана Тораңғылға бардым дедің ғой. Орта жолда, қалың шилеуіттің ішінде бір бұзылған мазар тұр, көрген шығарсың. Ол — Шерубай деген атақты бай, алты алашты аузына қаратқан қаселікті адамның зираты. Марқұм Түркістанға барып бедел қажы атанып, артынан Мекке-Мәдинеге және барып қайтқан. Елге шарапаты көп тиген. Баласы Бертіс әкенің дәулетін шашау шығармай Совет өкіметіне өткізді. Ал енді бұл Тораңғыл қасқа қайдан келген дейсің ғой. Ерте-ректе Шерубайдың бір жылқышысы қоныс ауыстырып келе жатқан кезінде, жылқыға таудан түсіп, жылқының диюы араласқанын көріпті. Біреулер оны тарпаң дейді, біреулер құлан дер еді. Үйірлерін қорып қарсы ұмтылған екі-үш айғырды әп-сәтте шайнап тастайды да, шамасы бір қостай қалын жылқыны айдап жөнеледі. Жылқышы айқайлап қайырмақ болған екен, жаңағы дию тісін ақситып өзіне тап беріпті. Сонымен, сескенген, намыстанған жылқышы дереу байдың ауылына келіп, болған жайды айтады. Шерубай ақсақал ашуланудың орнына қуанып жылқышыға шапан сыйлапты. Неге дейсің ғой?.. Бұндай құт байдың байына ғана келеді екен және жүз жылда бір-ақ рет келеді екен. Жаңағы тарпаң дейсің бе, құлан дейсің бе, әйтеуір дию былай шығып бүкіл биелермен шағылысады. Сөйтіп, қаны жаңарған жылқы ерекше асылданады. Жылқышылар неше күн байқастап аңдып тұрыпты. Ақырында жаңағы дию жылқыны тастап кете берген ғой. Келесі жылы он-он бас бие тышқан түстес сұр, шоктығынан құйысқанға дейін созылған көк жолағы бар құлындар туады. Манайдағы малды, дәулетті адамдар айлап жатып, қанша ақшаға сатып ала алмаған ғой сол бұдан құлындарды. Шерубай ешкімді жолатпайды. «Қызға бермеймін!» — депті жарықтық. Ал мына Тораңғыл қасқа — сол Шерубайдың малы ортаға түскен малмен мидай араласып кеткен кезде оныншы, яки он бесінші келеде туған құлын.

Қырық төртінші жылы мына аяқтың басын беріп елге қайтып келгенде, қақаған қыстың ортасында туған бұл сабаз. Ол кезде ана Тораңғыл тауының етегінде «Жаңа талап» деген қолхоз болған. Кешке бусанып, ыңкылдаған күрән бие таң ата туыпты. Соғыстан қайтқан адам о дүниеге барып келгендей көрінетін кез. Оншақты ошақтың кәрі-жасы жиналып таң атқанша әңгіме айтқызып, ауыздарын ашып, көздерін жұмған. Ертемен қораға кірсек, айдай болып бір қасқа құлын жатыр. Содан жұрт шуылдасып құлынға ат қоя алмай әуре болысты. Біреу: «Женіс» қояйық», — дейді. Біреу: «Аман» деп қояйық», — деді. Тіпті бір бала: «Соғыс» қояйық», — деді. Ақырында бір шал: «Балалар, осы жерде Тораңғыл деген әйгілі батыр жасаған. Мына тауда соның моласының орны бар. Осы құлынды сол батырдың атымен «Тораңғыл қасқа» қояйық», — деді. Осыған тоқтастық.


Кісіден затты, ақылды еді-ау. Төрт жасында, яғни жылқы мүшел жасында, бір қыста үйірге шапқан екі қасқырды, аңшы адам алмастан екі арланды бұл алған. Жылқышылар айтады, тамақтаймын деп алдына келген арланды алдыңғы аяқпен тарпығанда мандайын тесіп, көзін ағызып жіберіпті. Ал құйрықтан алып омақастыра жықпақ болған екінші арланды соққаны тіпті қызық дейді. Алдыңғы екі аяқтың арасынан артқа қарай сығалап, қасқырдың қай

шамада тұрғанын көріп алыпты да, артқы аяқты күрзідей жұмсап тұмсықтан тепкен ғой. Атасы дию емес пе? Тіпті бір жылқышы: «Тораңғыл қасқаның қасқырмен шайнасқанын көрдім», — дейді. Болса — болар, тісі күректей еді. Күндердің күнінде Тораңғыл қасқаның даңқы аудандық уәкіл Тарақбайдың құлағына жетеді. «Жаңа талапқа» келіп,

лай алмай қалады. Тарақбай айғайлап: «Ұстандар!» — деген екен. Тағы бір-екі жігіт сайланып шығыпты да көзінде қан толып, бөрідей ырылдап тұрған айғырға бата алмай аттарын қаңтарысыпты. Тарақбай: «Өншен қорқақтар!» — деп боктап-боктап кетіп қалады. Екі күннен кейін қайтып келеді. Жанында қасқа шадыр ат мінген, аяғы жерге сүйретілген,

КӘРІ АТ

(әңгіме)



үйірдің шетінде арқырап жүрген Тораңғыл қасқаны көрген Тарақбай: «Мен мінемін!» — деп жанып түседі. Онда Тораңғыл қасқа жеті жасқа келген кезі. Құнанында, дөненінде бас білгі, жүген білгі ету ешкімнің ойына келмепті, яғни Тораңғыл қасқа ешқашан мініскер жылқы болмайды деген сөз. Бірақ Тарақбай ешкімді тыңдамайды. Жалы тізесіне түскен, бұта шайнар азулы, дүлей айғырдан көз алмай тұрып алады. Ол кезде уәкілдің айтқаны — заң. Амалы таусылған жылқышылар өздерінің құрдасындай болып кеткен Тораңғыл қасқаға құрық салады. Мен ол кезде шөп шауып аулағырақта жүрген едім. Жылқыда нендей кеп болғанын көрген жоқпын. Кешке келгенімде жырдай әңгіменің үстінен шықтым. Шәкір есімді жас жылқышы желігіп алдымен бұғалық тастаған екен. Ат-матымен сүйрепті. Келесі кезекте Молдабек деген кәрі жылқышы құрық салады. Сүйрелей жөнелген екен. Әккі жылқышы құрықты қолдан шығармай, атын жортақтатып, қыл шылбырды самалай бастайды. Осы кезде Тораңғыл қасқа күтпеген оқыс қимыл жасайды. Жалт бұрылып келіп Молдабектің астындағы ат тая шапқан екен. Молдабекке мінгескен айғыр арандай аузын белге салады. Жылқышының беліндегі сырма белбеу жырталады. Алақандай тері коса жұлынады. «Астапыралла» дескен жұрт Тораңғыл қасқаны манай-

түйедей зор, қазанның түп күйесіндей қап-қара біреуі бар. Көрші колхоздың Ақтанау есімді атақты жылқышысы екен. «Адамның сырттаны мен жылқының диюы соғысады» деген хабар тарасымен жан-жақтан шаруа соңында жүрген жұрт тегіс жиналады. «Адамның сырттаны» ауылдың жанындағы қой қораға бір үйір жылқыны, ішінде Тораңғыл қасқа бар, қаумалатып айдап кіргізді. Қораның іргесіне терең қазып төрт мықты қада орнатты. Мұндайды көрмеген жұрт демін тартып сілтідей тынған, «Апырмай, адамнан айла артыла ма?» — дескен. Ар жағы оп-оңай болып шықты. Бір-бір қадаға бір-бір ұзын мықты қыл арқан байланды. Арқандардың ұшын бұғалықтап алған Ақтанау қораның төбесіне шығып қамысты ашып жауының қай жерде тұрғанын көріп алды. Одан кейін сол тұсқа барды да, қамысты қопарып лақтырып жіберді. Қолына біреу ұстата қойған құрыққа бұғалықтың бірін іліп алып тар қора, көп жылқының ішінде тырп ете алмай тұрған Тораңғыл қасқаның мойнына тастай салған. Осы тәсілмен қалған бұғалық та киілді. Қора ашылып жылқы сыртқа шықты, төрт бұғалыққа байланған Тораңғыл қасқа тулап іште қалды.

Мұндайды көрмеген, еркін өскен Тораңғыл қасқа арқырап арындағанда даусы көкке жетті. Кейбір сәтте қораның қабырғасы құлайтындай, қадалар жұлы-

натындай немесе қыл арқан үзілетіндей көрінеді. Бірақ үзілмеді, жұлынбады. Бұғалықтың бірі қатты тартылса керек. Ақкөбік болып шоршып тұрған Тораңғыл қасқа кенет қырылдап барып шөке түсті. Жүрегім сыздап, көзіме жас келді. Мойнын астына алып, екі бүйірі солқылдап жатқан Тораңғыл қасқа, бауырсақтай домалап жылап жатқан бала сияқты болып көрінді. Енді бір сәт көзіме бүк түсіп жылап жатқан Шерубай елестеп кетті. Бұдан ары тұруға дәтім шыдамады. Бұрылып жүре бердім. Тораңғыл қасқа көп тулапты. Неше қылқынып, неше құлапты. Ақырында мәңгіріп тұрып қалады. Ақтанау жалын сипаған екен, қабақ шытпапты. Үстіне ертоқымы салынған екен, тырп етпейті. Масаттанған Тарақбай шаруа осымен бітті деп ойласа керек, Ақтанауға: «Енді өзің бір-екі күн мініп, мінгі қылып бер», — деп қолқа салады. Ақтанау: «Ұстап, байлап бердім. Қалғаны өздеріңнің шаруаларың», — деп кетіп қалыпты.

Ертеңінде жұрт күлкіге қарық болды. Таң бозымен тұрған Тарақбай, соңында қызық көрмек болып шұбырған ауылдың балалары бар, қораға келеді. Келсе, қораның қабырғасы үңірейіп жатыр. Қыл шылбырдың жартысы қадада қалыпты. Тораңғыл қасқа жоқ. Қаһарына мінген Тарақбай жылқыға барады. Жылқының шетінде баяғысынша күркіреп, жалы тізесін жауып шапқылап жүрген Торыкенді көреді ғой. Тораңғыл қасқаны, жылқышыларды, бүкіл ауылды жеті атасынан бір сыбап алған Тарақбай Ақтанау досын іздеп кетеді. Ертесіне Ақтанау тағы келді. Бұл жолы Тораңғыл қораға жоламай қойды. Жылқы ұстаудың да небір амалы бар екен. Күн шыжыған кезде өзенде үйіздеп тұрған жылқыны Ақтанаудың әмірімен жеті-сегіз адам арнадан шығармай қуа жөнелді. Баяғының суы бар ма? Ол кезде мына Қарағаш жаздың күні кемерінен түспей жататын. Кей жері тіпті екі-үш құрықтың бойындай болады. Сондай бір терең жерге түсіп жүзген жылқымен қапталдасып желе жортып келе жатқан Ақтанау жарк еткізіп шалма тастады. Мұндай тастағыш болар ма? Иіңтіресіп мойындарын соза жүзген көп жылқының ішінен дәлдеп тұрып Тораңғыл қасқаға түсірді. Қалған жылқышылардың лақтырған бұғалықтарының бірі де түспеді. Тек Ақтанау балық сүзгендей қылып, Тораңғыл қасқаны жағаға тартып әкелгенде, басқа жылқы шапұр-шұпыр етіп өтіп кеткен кезде жалғыз қалған бейшара айғырдың мойнына бірінен кейін бірі алты бұғалық түскен. Сонымен Тораңғыл тағы тулады.

Тақымы желіккен жынды Тарақбай мен даланың азат жылқысы осылай қикаласқан, қарағым. Тарақбай мінемін дейді. Дио тарпанның қаны басылмаған, құнан-дөненінде жүргені білгі болмаған Тораңғыл мінгізбеймін дейді. Екеуі де оңбады. Бір рет қатты мөңкіген Тораңғыл Тарақбайды тасқа соғыпты. Содан бір ай ауырған Тарақбай мойны қисық боп бітті. Бірде тулап үстінен түсіре алмай қойған Тораңғыл жерге жата қалып аунаған ғой. Тарақбайдың қабырғалары қаусап, аяғының көк еті жырттылыпты.

Өбден кектенген Тарақбай, мал көрмен иттің баласы-ай, бейшара Тораңғылды сойылмен бастан ұрушы еді. Бірақ өкіл, белсенді атаулыдан ығып, қорқып қалған халық екеуінің жанжалына араласпады. Өз басым бір рет араласамын деп аудандағы абақтыға бес күн жатып шықтым. Бірде, қыстың қызыл шұнақты аязды күні, мына Майтастың етегінде қыстауға шанамен шөп тартып келе жатқан едім. Алыстан бір айғай естілді. Тақағанда таныдым, Тарақбайдың аспанды жаңғырықтырған

боқтығы. Қып-қызыл төбелестің үстінен түстім. Тораңғыл бір түп терекке мықтап маталған. Қасында сойыл ұстаған Тарақбай. Білектей қайың қызыл ала қан. Тораңғылдың басы қан-қан. Шыдай алмай кеттім. Тарақбайдың қолындағы сойылға жармасқан едім.

— Кет! — деген көзі қызарып алған Тарақбай сойылмен өзімді жасқап. — Жолама! Жөніңді біл.

— Әй, Тарақбай, — дедім булығып. — Әкеңнің құны қалса да тиіспе енді бұл айғырға.

— Әкемнің құны бар, — деді ол да тістеніп.

— Байлардың тепкісінде өткен, байдың есігінде өлген әкемнің құны бар осы айғырда. Әттең, иесі Шерубай қолыма түспеді.

— Қой, аруақты қорлама, — дедім мен.

Осы кезде қайың сойыл өзімнің маңдайыма келіп тиген. Көзім қарауытып жығылып қалдым. Есімді жисам, есірік уәкіл байлаулы айғырды әлі ұрып жатыр. Ту сыртына бардым да омбы қарға алып, ұрып итше тепкіледім. Қойшылар арасалап алды. Не керек, ертеңіне ауданға апарып жауып тастады. Бес күн жаттым. Алтыншы күні босатты. Босатқан адам: «Соғыс ардагері екенсің. Әйтпесе жағдайың қиын болар еді. Енді көрінген жерге араласа берме», — деп мықтап ескертті.

Сонымен Тарақбайдыкі дұрыс болып шықты. Аузымызды ашпайтын болдық. Ал Тораңғыл екеуінің дауы жалғаса берді. Ақырында мінгізбей-ақ қойса керек, арбаға жегілді. Оған да көнбей арба сындырған екен. Енді аяққа шідер, шідер емес-ау, кәдімгі шідерге ұқсатып істеген темір кісен түсті. Анда-санда енді жуасыған шығар деп, Тарақбай бір мініп көреді. Тораңғыл тағы тулайды. Міне, сөйтіп, колхоздың жұмысында қартайды осы Тораңғыл. Әбден арса-арсасына шыққанша жегілді. Одан кейін екі жыл күр жегілді де, Аякөз ет комбинатына айдалды. Бірақ неге екені белгісіз, ет комбинатында сойылмай аман қалыпты. Кейін мал айдап барған жігіттер айтады: «Комбинаттың төбесіндегі қамысты жұлып жеп күнін көріп жүр», — деп. Ол кезде Тораңғыл жиырма жетіде еді. Кейіннен комбинаттағылар шығарып жіберсе керек, шоқырақтап ауылға қайтты. Осы үйдің есік алдына келіп тұр екен. Көзкөрген ғой. Содан бері осы ауылдың маңында қаңғырып жүреді. Қыста осы біздің үйге келеді де, қой-сиырдың ортасында тұрады. Күн жылып жер көгінде қайта кетеді. Осылай жүреді. Мүлгіп ұйықтап тұрады, ал жүргені сол өзің көргендей. Аяғындағы кісеннің алынғанын ұмытып кеткен болу керек, ауырсына шоқырақтайды да жүреді.

— Ата, сонда Тораңғыл қасқа қанша жаста? — дедім тамағыма жас тығылғандай болған мен.

— Қаншада дейсің бе? — деді атам төбеге қарап. Саусақтарын бүгіп санай бастады. — Отыз бірде, — деді одан кейін, — Қырық төртінші жылы қыста туған. Міне, өткен қыста отыз бірге толды. — Көкірегімді кернеген өксікті сезіп қалған болу керек, жүзіме сәл қадала отырды да: — Ойбай, қарағым-ай, — деді даусын созып, — осы далада ешкімге бағынбаған талай асау, басы биік талай саңлақ өткен. Соның бәрін жоқтап жыласаң, көзің суалмай ма? Өксімендер, қарақтарым. Өздеріне өмір тілендер. Басқа не дейміз сендерге.

Солайы — солай ғой. Асыл сөз. Бірақ көз алдыма сол даланың ары іспеттес арса-арса кәрі тұғыр, өткеннің шексіз қайғысын бойына жиған Тораңғыл қасқа елестегенде күні бүгінге дейін тамағыма өксік тығылады.

ҚОҒАМ

ЖЕТІСТІКТІҢ БАСТАУЫ – ЕҢБЕКТЕ



Жуырда Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда «Еңбек жолы», «Парыз» байқауларының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек адамдарына, еңбекқорлыққа ерекше мән беріп, биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп атауға пәрмен берді. Президенттің бір сөзінде: «Осы орайда, мен халқымыз үшін маңызы жоғары қасиеттер мен құндылықтарға қысқаша тоқталайын. Бірінші маңызды мәселе, біз еңбекқор болуымыз қажет. Қоғамымызда еңбек адамы бірінші орында тұруға тиіс. Шын мәнінде, барлық жетістіктің бастауы — адал еңбек және іскерлік. Табысқа жетудің жалғыз жолы — өз кәсібінің шебері болу және ерінбей еңбек ету. Түрлі қаржы пирамидасына, құмар ойындарға әуес адамдар ақшаның оңай жолмен

Ерік Мейірхан және қалалық мәслихат төрайымы Табиғат Зейнұлқабден еңбек ардагерлерін, өндіріс озаттарын, тәжірибелі ұстаздар мен жас мамандарды құттықтады.

«Біздің қоғам мен мемлекет үшін ең жоғары құндылық — еңбек адамы. Министрлік жұмысшылардың қауіпсіздігін, әлеуметтік кепілдіктері мен құқықтарын қорғау бағытында көптеген бастаманы қолға алып келеді. Қазір елордада жеті жүз мыңнан астам маман, жүз елу мыңнан астам еңбек ардагері бар. Бұл — өзге өңірлерге үлгі», — деді өз сөзінде министр С.Жақыпова.

Сонымен, «Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша теміржол саласында жалпы еңбек өтілі 178 жылдан асатын Бурлиновтар әулеті жеңімпаз атанды. Әулет мүшелері бірнеше ұрпақ бойы еліміздің теміржол саласында адал еңбек етіп, кәсіби шеберлік пен еңбекқорлықтың нағыз үлгісін көрсетіп келеді.

«Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациясында «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығын-



келмейтінін түсінуі керек. Маңдай терімен табыс тапқан адам оны мақсатсыз шашып, ысырап қылмайды. Үнемшіл, қанағатшыл әрі ұқыпты болады.

Мен академик Асқар Жұмаділдаев айтқан пайыммен толық келісемін. Халқымыз осындай күрделі заманда ең алдымен, әлемге прагматикалық көзбен қарауы керек. Жастарымыздың санасы сергек, еті тірі, ширақ болуы қажет. Көрші мемлекеттердегі жас азаматтар шетелге барып, кәсіпорындар, дүкендер ашып, жақсы өмір сүру үшін жана дағдыларды игеріп жатыр. Олар, шын мәнінде, бәсекеге қабілетті еңбекқор адамдар», — деп айтқаны да барлық жетістіктің бастауы еңбекте екенін айшықтайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялануы қоғамда еңбектің және кәсібиліктің құндылығын арттыра түсті. Еңбек күніне арналған салтанатты жиында ел өмірінің негізін құрайтын, өз ісіне адал мамандар құрметке бөленді. Салтанатты шараның кіріспе сөзін алған Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова, Астана қаласы әкімінің орынбасары

дағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Сумен жабдықтау қызметінің бастығы» Дүйсембай Шайкенов жеңіске жетті. Ол жылдар бойы жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, кәсіби біліктілігін арттыруда аянбай еңбек етіп келеді.

«Өндірістің үздік жас қызметкері» аталымы бойынша, «Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия» республикалық мемлекеттік мекемесінің бас агрономы әрі кәсіподақ төрайымы Гүлзия Шарипова жеңісті сәтке ие болды. Ол аграрлық саладағы табанды еңбегі мен қоғамдық жұмыстардағы белсенділігімен көзге түсіп, жас мамандарға үлгі бола білді.

Ал елордадағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қолдауға бағытталған «Парыз» байқауының жеңімпаздары «Dag gail» компаниясы мен Ақмола вагон жөндеу зауыты болды. Сонымен қатар түрлі салада еңбегімен ерекшеленген бірқатар азамат Алғыс хаттармен марапатталды. Айта кету керек, байқауда бірінші орын иеленген жеңімпаздардың барлығы — кәсіподақ мүшелері.

Мерекелік жиын әсерлі концерттік бағдарламамен аяқталып, қатысушыларға сергінділік сыйлады.



Махмет ҚАЗИХАМЕТОВ,

Акын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

АЛДАМШЫ ӨМІР

Тойларына бара алмай туысқанның,
Қайғысына кешігіп қуыстандым.
Қызметтің өгізі болып өттік,
Қамытына несіне жуысқанмын.

Бақыт көріп тірліктің күйбелеңін,
Тынымсыз қажысамда күйремедім.
Жұмысыма жаманат келмесін деп,
Өзеуреден өзекте күйді өлеңім.

Мақтағанмен біреулер керегінде,
Өмірлік бедел емес өнерің де.
Адалдықпен атқарған еңбегіңнің,
Ештен кеш — деп құқы бар еленуге.

Жылжып өткен жылдар
мен айға ұласып,
Міндет менің мысымды қойды басып,
Жарқырап жалындайтын шақтарымда,
Жан-жағыма қаратпай қойды уақыт.

Енді бүгін бәрінен мойын босап,
Ойларым оныптып жүр уайымға сап,
Айдынын асау жырдың аңсап жүрмін,
Қайраңда қайырлаған жайын құсап.

Үзілгенмен мойынымнан «темір көген»
Кеудемде кісінейді көңіл дөнен,
Кешір мені өнерім, шабытты шақ,
Алдамшы дүние екен өмір деген...

МЕЗГІЛ СУРЕТТЕРІ

Жерге салған мойынын бір алмастан,
Жазым күзге алмасты қырау басқан.
Қайтқан құсты бастап ап тырна кетті,
Туған жерді қия алмай тырауласқан.

Тышқан кіріп ініне, жылан жатқан,
Жайдақ дала жаурайды тұман жапқан,
Сырнай үнін сызылтқан бағандарға,
Тұз тағысы үн қосып тұр аулақтан.

Буаз бұлттар үрпінен нәрді бүркіп,
Желіккен жел желінін қалды түртіп.
Ала таң аңғартқанда аяз демін,
Қыс асығып келеді алды күртік.

Алма кезек ауысып маусымдары,
Көктемге еріп оралсын бау сырғалы.
Көңіл гүлдеп, жаңарып өмір бүрлеп,
Керек әлі тағдырдың таусылмауы.

Жанарыңнан жоғалмай бейнелі нұр,
Көше берсін күндерім көйлегі гүл.
Экранын өмірдің босатпастан,
Көз алдымда тұра тұр кино ғұмыр.

АСПАНДАҒЫ ОЙ

Ұшады ұшақ қанатынан төгіп үн,
Күн қасында қалықтайды көңілім.
Жердегіден жеңілдеу бір жай кешті,
Ақ бұлттардың аржағында өмірім.

Қажиахметов Махмет Мүтиұлы 1955 жылы, 23 қазанда Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданына қарасты Сарыой ауылында жарық дүниеге көрінген, акын, суретші, қолөнер шебері. Ақынның «Көгершін көңіл», «Дала демі» атты кітаптары жарық көрген. Сондай-ақ оның өлеңдері әр жылдары «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын» және «Егемен Қазақстан» секілді іргелі газет-журналдарда жарияланып, бірнеше жыр жинақтарына енген.

1976–2018 жылдар аралығында Сырым аудандық «Сырым елі» газетінде қызмет істеген М. Қажиахметов тілшіден бас редакторлыққа дейінгі жолдан өткен ел ішіндегі абыройлы азамат. Мүтидің Махметінің өлеңдеріне Есенғали Раушанов, Қайрат Жұмағалиев, Жанғали Нәбуллин, Ғайсағали Сейтақ сынды айтулы ақындар жоғары баға берген. Жетпістің жотасына көтеріліп отырған Махмет шайырға зор денсаулық, шалқар шабыт және әулетіне амандық-саулық пен бақ-береке тілейміз!

Өмір-ай, өмір! Жұмбақсың неткен ғаламат?!



Айырғандай алты қабат ауаны,
«Айырплан» арындап бір ағады.
Жаным-тәнім періштедей аспанда,
Пенделігім пәс боп төмен қалады.

Жігері жоқ жердегідей желдің де,
Жердегіден жақындауымен мен күнге.
Аспанда, адал ар көзімен қараймын,
Күнә тұнған, тірлік құған «жәргімге».

Алаңдамай еш нәрсеге назар түк,
Аппақ нұрға мамырлаған наз артық.
Анда-санда аспан жаққа жақындап,
Мұң кірбіңді тұрған жақсы тазартып.

Қиял қалай самғамайды көкті аңсап,
Шабыт шіркін шарқ ұрады аттан сап.
Ақша бұлтқа аялатып арманды,
Жүрегіңнен өлең самғап жатқан сәт.

Қандай бақыт көңіл нұрға тұнған пәк,
Бал арадай құлдилайсың гүлді аңсап.
Тұмар жер де табаныңның астында,
Тамаша ғой көктен шолып тұрған шақ.

Оймен өлшеп көк пен жердің арасын,
Ғұмырыңның бағамдайсың бағасын.

Санаңыздан самал есіп тұрғандай,
Өзгереді өмірге көз қарасың.

Соңғы сәуле...отырамын
соны ойлап,
Тұрмыс атты
түрмеді.
Тыныштықбек Әбдікәкімов

ӨМІР

Өмір-ай, өмір!
Жұмбақсың неткен ғаламат?!
Егде ғұмырда жүрмін ғой
барлап, шамалап,
Өмір сынағын көп көрген ем тірлікте,
Өр үміт бірақ тайдырмай келді тағалап.

Жақсы мен жайсаң жанымда
жүрсе қамалап,
Адамдай болам арқалап жүрген аманат.
Қайғырғанымды жасырып
жүріп жетілдім,
Бұйырғанды іліп,
барыма қылдым қанағат.
Жақсылық тердім,
жаманат ермей ізімнен,
Қабат түймедім қабару еспей жүзімнен.

Жауым жоқ білем,
жолымды тосқан жоқ ешкім,
Сауап бар шығар амал дәптерге тізілген.

Жеті дерт еніп тоздырды тәнді аралап,
Жаралы құстай талпынам
қанат сабалап.

Жылдарға еріп жабысқан
дерт көп денемде,
Жыл өткен сайын көбейіп
жатқан балалап.

Жамау жапсырған жүрек бар
және қан қысым,
Соны жеңбек боп сарқылды
менің бар күшім,.

Асқазан жара, ішекте індет
қаптап жүр,
Дәрігер тағы ескертті бүйрек талқысын.

Батпақта қалған балықтай
болып малтығып,
Бір жұтым ауа аңсайтын
болдым алқынып.

Керемет қызық
кездесулерге жете алмай,
Шарбақта отырам, қиялым ғана
шарқ ұрып.

Өкпе қысылып, тарылып тағы тынысым,
Өлең келмей жүр ұйқысыз
кезсем түн ішін.

Алдымда парақ, қолымда
қалам жыр қайда?
Адыра көңіл, бүйткен тірлігім құрысын!

Сапар соңындай сыналап кейде секем бой,
Санада уайым, бастай береді бөтенге ой.
Ұлағатыңмен ұласар тұста ұрпаққа,
Бәрінен бұрын денсаулық керек екен ғой.

ЖЕТПІСІНШІ КҮЗ

Мінеки, жетпісініші күзім келді,
Қарттыққа жеткен күз бұл, бізің де енді.
Арудың архивінде отырсақ та,
Тірліктен үмітіміз үзілмеулі.

Жігермен алсақ бұрын бекіністі әр,
Күн сайын кемуде күш екі мысқал.
Қаламыма қарыз боп қалдым ба деп,
Көңілімде аздаған өкініш бар.

Жүргенде үріп ішіп, шайқап төгіп,
Өтерін жас дәуреннің байқап па едік?!
Өткелін өткен күннің кешіп жүріп,
Өнерді кешіктіріп, «әй, қап!» дедік.

Еңбекке ендік, ел сүйдік, өсіп-өндік,
Қиналсақ та келешек көшіне ердік.
Барым саған туған ел ұранымен,
Еленбеген күндер-ай, есіл ерлік.

Қайрат қылған буын ек қары талып,
Шау тартты әне шаулідей кәрі шабыт.
Сонар болған соқпағы соңында қап,
Баба ізіне барамыз бағыт алып.

Тіземізден келместей жарты ғалам,
Арғымақтай өтті өмір арқыраған.
70-күзге аман жеткенменен,
Жаптырақтан аумаймыз қалтыраған.



Гүлбақыт ҚАСЕН,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

КӨКТӨБЕДЕГІ ЖҰМБАҚ СЫР

Көктөбеде ме еді,
Көктөбеде ме еді көркем түн?
Көркем түн оттай, өртенгім келген,
өртенгім...
Көрген бір түстей –
сықырлы шаһар жап-жарық,
қалғанмын сонда арбалып...
Өлең мен әннен
әдемі бұрым өрген кім?
Жұбата алсаң,
жұбатшы мені, көркем түн...

Көктөбеде ме еді,
Көктөбеде ме еді мақпал түн,
Мақпал түн, айтшы
жұлдыздан алқа таққан кім?
Алақанымды
алақанына қондырып,
жылытып жанды...
тондырып,
Сезім сарайдың терезелерін
қаққан кім?
Өзгерте алсаң,
өзгертші мені, мақпал түн...

Көктөбеде ме еді,
Көктөбеде ме еді жұмбақ сыр,
Жұмбақ сыр ғажап,
жұмбақтығыңмен қымбатсың...
Биікке шығар,
биікте шығар мендік бақ
ерегеспеймін...
еркін өмірге ұмтылам енді...
күп, таксыр!
Көктөбедегі жұмбақ сыр...

Ғажабым-ай,
Ғажабымсың табиғаттың ең үстем,
Жаны сұлу, әні сұлу періштем,
Жетелеген бір тылсым мен інкәрлік...
Жүрегіңнің аппағын-ай, ардағым,
Мен өзіңмен дос болуға келіскем.

Жүрегіміз тапқанда бір жарасым,
Аралайық жер мен көктің арасын.
Періштем-ау, канатына қондыршы,
Пенде біткен қызғанышпен қарасын...

Менің-дағы пенделігім басым ғой,
Жұлмалайды жасырынған тасыр ой.
Жыладым ба?
Жыладым ба, жұбатшы...
Қорғасынды ерітердей ып-ыстық
Сырғып аққан жүрегімнің жасы ғой...

Төгілген жас маржан емес мөлдірер,
Алдамағын, өзің ең ғой жөн білер.
Жанарыма бар әлемді сыйдырған,
Жаны сұлу, әні сұлу періштем,
Қанатында қалғып кетсем,
өлді дер...

Өліп кетсем, бірге өлер соңғы үміт...
Өтінемін, ақ періштем,
белгі бер...

Ғажабым-ай,
ғажабым-ай,
бұлт құрсауын бұзған жарық Күнсің бе?
Бар ғаламды ақ сәулемен
шомылдырып жүрсің бе?
Алатауға жыр сіңген,
Қаратауға нұр сіңген,

Қанатыма қанат жалғап ұмтылғанмен
саған мың,
тұмшалаған тамам мұң,
армандарым адастырып
орта жолда қалғандай ма құр сүлдем?..
Бұл күндері жас шықпайды көзімнен,
ерегесем ішімдегі өзіммен,
сарқылмайтын төзіммен
таңға жуық көз ілем...
Содан кейін...
содан кейін жылынамын титтей сәуле –
жанға дәру сөзіңмен,
тебіренем, толқып кетем,
ең бақытты кезім мен
сәттерді аңсап ақ жүзіме сүйсінген...
тек жасырма,

Кір шалмаса екен ана қабағын,
Мені қойшы, өлең бағып күнелтем.

Көне сурет – жастығымның елесі,
Мұңаямын, кейде түске енесің...

Күз. Қыркүйек.
Қазан хайыр.
Қараша.
Қарашада «қар да жанар қаласа».
Күз – күз емес,
Күз дегенің – өмір ғой!
Бір-бір жапырақ...
Бір-бір тағдыр...
жүрек-көзбен қараса.

Жүректің лүпілі,
миымның солқылы,
тамырдың бүлкілі,
жанымның толқыны қосылып,
жарысып,
қорқытты бір түрлі...
Бітпейтін уайым да қоймады-ау
жабысып,
барамын талықсып,
жатқандай дәл қазір кеудемде
бар азап табысып...
Шіркін-ай, сол сәтте сәбидің күлкісі
естілсе,
Тындар ем...
жок, әттең...
өзендер ағысы,
қос ішек қағысы – басқаша...
неліктен?

КҮЗ – КҮЗ ЕМЕС, КҮЗ ДЕГЕНІҢ – ӨМІР ҒОЙ!

«БОЙТҰМАРЫМ – ҚАРА ӨЛЕҢ»

Жазиралы Жаркент қаласы тағы бір тамаша әдеби кештің куәсі болды. Аудандық Мәдениет үйінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Гүлбақыт Қасеннің «Бойтұмарым – қара өлең» атты шығармашылық кеші өтті.

Кешке зиялы қауым өкілдері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері қатысты. Панфилов ауданының әкімдігі ұйымдастырған мәдениет ордасының сахнасы бұл күні жыр мен сырға, әуен мен әсерге толды. Ә дегеннен-ақ, Д.Рақышев атындағы халық театрының көрінісімен басталған шара көрерменді бірден сезім иіріміне жетеледі. Кеш барысында Алматыдан арнайы келген ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Ержан Алаштуған ізгі тілегін білдірді: *«Мемлекеттік қызметте жүріп, өнерін ұмытпаған, қайта бәрінен жоғары қойған Гүлбақыт Тоқтанқызымен мақтанамыз. Ол – өз өңірінің ғана емес, күллі қазақ елінің мақтанышы»*, – деді ол. Ал Талдықорғаннан келген «Janp» әдеби клубының президенті, жазушы Есболат Айдабосын Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкеновтің арнайы құттықтау хатын оқып, ақынға табыстады. Кеш иесін Панфилов ауданының әкімі Мұрат Сағымбек те сахна төріне шақырып, жерлестері атынан құттықтау сөз сөйлеп, арнайы шапан жапты.

Шығармашылық кеш барысында ақынның прозалық, поэзиялық, балалар әдебиеті мен аударма жанрында жарық көрген «Қарашада өмір бар», «Тамшы тағдыр», «Баркөрнеу» және «Біз бақытты баламыз!» атты кітаптарының тұсауы кесілді.

Шара соңында жиналған қонақтар Жаркенттің қастерлі нысандарының бірі – жетіғасырлық тарихы бар «Әулиеағашқа» барып, тағалымды саяхат жасады.

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ
Жаркент қаласы

шыныңды айтшы,
маған ынтық Күнсің бе?..

...Жарығым-ай,
жарығым-ай,
мөлдіреген жанарымда
қалып қойған сезімді іздеп жүрсің бе?..

КӨНЕ СУРЕТ

Көне сурет...
естеліктер ескірген,
Жалқын сәуле, жас көңіл ед ес білген.
Әсем әннің қайырмасы үзілмей,
Кеше, бүгін күйсандықтан естілген.

Шаш қиылған, иә, ақыл ұзарған,
Бұрымымда жылап қалған қыз-арман...
Бұралаң жол, бақыт іздеп жүргенде,
Не жоғалттық, нені күттік біз алдан?

Түлкі бұлаң жалт бұрылар өмірдің,
Айласы мың, жасым қанша төгілді...
Қара бұлттай үйірілген қайғының,
Көктем күліп қабырғасы сөгілді.

Тағдыр кейде тым тәкаппар, тым қатты,
Үнсіз ғана жастығымды ұрлапты,
Ақ парактың тор көздерін толтырдым,
Уақыт емші, жанарымды құрғатты.

Көне сурет: қара моншақ жок бүгін,
Өтті өмірден отты жігіт, отты күн.
– О, милледи, көйлегіңіз қара ма?
– Қара түсті айта көрме, жок, күнім.

Көне сурет... көйлегім де ескірген,
Көктем дейсің, күздің күйін

кештім мен.

Әсем әннің қайырмасы үзілмей,
Кеше, бүгін күйсандықтан естілген.

Кім біледі, не боларын күні ертең,
Басың аман, бауыр бүгін, күл, еркем...

Біз адамдар –
Аяусызбыз, аярмыз...
Жетім көңіл. Аяр көктем, аяр күз.
Бір тамшы жас мөлг етсе де жанардан
селт етпейміз...
Намыс-арды
таптауға да даярмыз.

Ғұмыр-дәрия.
Өтер сәттер қас-қағым,
мұнарлан күн,
Мұң шағалды тасқа кім?
Мың құбылған қызыл-жасыл әлем бұл...
Бір жапырақ...
құлап түсті
Тағдыр ғой деп баспадым...

Қараша. Күз.
Ызғар лебі еңсерді...
мұңның желі
түсірмес еш еңсемді,
Қар ұшқындап, аспанды алдап қояды,
аңсадым ғой,
сағындырмай келші енді...

Жапырақтар –
аққайыңның сырғасы,
сыбдырында
жан ұқпайтын сыр басым,
Табиғаттан көрем түрлі бояуды,
сұлулық пен
әсем ойдың сұлбасын.

Бір жылылық
іздеп табам,
күзден де ем,
қарашығым,
менен үміт үзбе дер...
Қар астында қалып қойсам ертерек,
гүл боп шығам,
жыр-көктемнен іздендер.

Өмірді қайтадан бастаса,
Армандар алдымнан шыға ма
мен күткен?

«Сәбилер күлкісі – күшті өнер»...
Бақыттың бесігін тербейді.
Сүйкімді бүлдіршін – періште түске
енер.
Шақырсам келмейді...
соңымнан ермейді...
жанымды емдейді.
Өленім!
Жұбатар сәбидей ақының,
азайған сияқты ақылым...
Жырымды,
жасымды төгемін.

Оянып кетпесін бөбегім,
ақырын...

Жабыққанымда
қасымнан табылсаң деп ем...
Уәдең бар еді –
қалайда сағынсам келем...
Бір күні бәрі
елеске айналған сәтте,
жаза бастым деп айтпашы
жаңылсаң егер...

Түсінгім келген,
бәрібір түсіне алмадым,
шер толы кеудем...
неліктен күрсіне алмадым?
Ақ парак қалды
жазылмай соңғы сөзімдей,
өленім қалды
мөлдіреп қара көзімдей...

Шашылды, жаным,
шағылып айна-көңілім,
алдағаның ба
аяулым, неге көрінді?...
төгіліп түскен
аққайың жапырақтарындай
үзілгенін-а-а-ай
үміттерімнің...

ӨЛЕҢ БОЛЫП МӨЛДІРЕГЕН КЕЗІМ БҰЛ...

Себезгілеп тұрғанымен сезім нұр,
көмескілеп көңіліңді сезіндім,
Бәрін-бәрін ақылыма жеңдіріп,
ұмытуға бел буып,
жарты әлемде жалғыз қалған кезім бұл...

Шекпеніне оранып ап төзімнің,
қаламыма сүйенген сәт көз ілдім,
Бәрін-бәрін ақылыма жеңдіріп,
ұмытуға бел буып,
өлең болып мөлдіреген кезім бұл...

Қорқынышым – жалқы мұңым өзімнің,
өкінішім...
ойланғанда езілдім,
Бәрін-бәрін ақылыма жеңдіріп,
ұмытуға бел буып,
қанат байлап ұшып кеткен кезім бұл...

Серікқали БАЙМЕНШЕ,
филология ғылымдарының докторы,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
дипломат, сыртқы саясат саласының
Еңбек ардагері

2007 жылғы ақпан айының бас кезі болатын. Төменнен қоңырау шалыңды: «Сізге «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері келіп тұр». Мәскеудегі өңірлік «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшелері – төраға Әбуислам Тұрсынбаевпен, қазақтың белгілі ақын қызы Тұрсынай Оразбаевамен және шыға бастағанына әлі бір жыл толмаған «Қазақ тілі» газетінің редакторы Орынбасар Қуандықовпен алғаш танысуым осы кезден басталды.

Баспасөз арқылы Тұрсынайды ғана сырттай білгенім болмаса, мына екі жігіт мүлде бейтаныс еді. Әңгімеміз бірден қоғамдық ұйымдардың жайына ойысып, «Қазақ тілі» қоғамы мен Елшілік арасындағы байланыс бойынша өрбиді.

Өздерінің күш-қайратымен, жеке қаражат-көмегімен қоғамдық ұйымды көркейтеміз деп жүрген адамдардың жан сырын әдетте бірден ұға қою оңай емес. Бірақ ұйым жұмысын жетілдірудің жайын қозғап, сол үшін ой қосып, пікір айтып, ұсыныс білдіріп отырған үшеуінің жүрекжарды сөздері көңілге қона кетті. Бірте-бірте «Қазақ тілі» сияқты тарихи қоғамның тағдырына алаңдап отырған үшеу осы қоғамның сол кезеңдегі табанды тірегі екенін түсіндім, олардың ұлт ертеңін ойлаған риясыз жан сезімін, ішкі дүниесін ұққандай болдым. Алғашқы әсер алдамады. Үшеуінің де ана тілі, ұлтымыздың мәдениеті мен өнері, дәстүр-салты, халқымыздың болашағы туралы арман-мұраты, ұлтжанды үні сол алғаш танысқан күннен бері еш өзгерген жоқ. Қайран қазаққа қайда жүрсе де ана тілінің орны бөлек екен.

Жазушылар одақтарының халықаралық қоғамдастығында (ЖОХК) қазақ әдебиеті бойынша консультант, кейін ЖОХК Атқару комитетінің Орталық Азия бойынша хатшысы болып істеген елімізге танымал ақын Тұрсынай Оразбаева (1950–2015) Мәскеудегі негізгі қызметімен қатар, «Қазақ тілі» қоғамының сарапшысы, ақылшысы әрі қоғамның кез келген жұмысын иығымен көтеруге әзір іскер мүшесі болды. Өзінің бір сұхбатында айтқандай, «Мәскеу менің қабілетімді ашты. Елде жүргенде байқалмайтын қоғамы белсенділік, іскерлік қасиеттер басталып, өзімді-өзім таныдым десем де болады» деген сөзінің жаны бар.

Шынында, Тұрсынайдың кіршіксіз адами болмысы, ақындық, азаматтық тұлғасы, сан қырлы шығармашылығы Ресей елінде қазақ тілінің, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрдің кеңінен насихатталуына, «Қазақ тілі» сынды байырғы қоғамның байыпты өркендеуіне елеулі ықпал етті. Ол қоғам төрағасының орынбасары, басқарма мүшесі, «Қазақ тілі» газеті редакциялық алқасының мүшесі болды. Алғаш рет ана тілімізде шыққан осы газетке кәсіби журналист ретінде қатысып, бір шоғыр көсемсөздік жарияланымдарымен көрінді.

Көпке мәлім, Тұрсынай – Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысындағы Қайнарбұлақ ауылының тумасы. Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) журналистика факультетін, М.Горький атындағы Әдебиет

институты жанындағы (Мәскеу қаласы) Жоғары әдеби курсты бітірген. Ол жас ақындардың VIII Бүкілодақтық фестиваліне (1975), Саха Республикасындағы Қазақстан әдебиеті күндеріне (1983) қатысты. Тұрсынай Оразбаеваға Якут мәдениеті мен әдебиетін белсенді насихаттағаны үшін Саха Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағы берілген, 1981 жылдан Қазақстан және КСРО Жазушылар одақтарының мүшесі.

Мәскеуде болған жылдарында Тұрсынай Ресей Ұлттық бірлестіктер конгресінің (РҰБК) вице-президенті, РҰБК-тың Азия және Шығыс әйелдері комитетінің басшысы болып сайланды. Өмірінің соңғы кезінде Мәскеу қазақ ұлттық мәдени автономиясын басқарды.

Ол 2006 жылы белсенді қоғамдық қызметі және халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосқаны үшін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал 2008 жылы Қазақстан Жазушылар одағының халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды.

Қазақ, орыс, саха және тыуа тілдерінде жарық көрген «Таң шапағы», «Іңкәр жүрек әуені», «Ты моя весна», «Гүл сезім», «Хомус и домбра», «Я твоя весна», «Нұрлы әнім», «Ғашық әнім» сияқты жинақтардың авторы Тұрсынай Оразбаева «Огни моей мечты» өлеңдер жинағы үшін (Мәскеу, 2000) А.Фадеев атындағы халықаралық әдеби сыйлыққа ие болды (2002), Жеңістің 60 жылдығына орай өткізілген Бүкілресейлік Лермонтов конкурсының лауреаты атанды.

Тұрсынай бірегей ән мәтіндерінің авторы болуымен бірге, өзі де танымал сазгер еді. Көрнекті композитор Ескендір Хасанғалиевтің барша жұртқа белгілі:

*Кездейсоқ тағдыр айдап,
Кездестім өзіңменен.*

*Кезім бұл бал-бұл жайнап,
Қайғы-мұң сезілмеген, –*

деп басталатын «Гүл сезім» әні Тұрсынайдың осы аттас өлеңіне жазылған.

Ресей жеріндегі қандас ағайынға:

*Мейлін, сан ұлт тілін біл, қой демес ем,
Бас іш Байрон, Шекспир, Гейнеге сен.*

Бірақ жақсы көрем деп

*айта алмаймын,
Егер Ана тілінде сөйлемесең.*

*Ғалам жұмбақтарының ұғып бәрін,
Таңдандырсын ғылымға құныққаның.
Туған жердің тыныстап тұнық таңын,
Кешірілмес, тіліңді ұмытқаның, –*

деп ақындық назын білдіре келген Тұрсынай ұлттық қоғамдық ұйымдар жұмысына араласа жүріп, ең алдымен, отандастар арасында ана тіліміздің мәртебесін көтеру мақсатын жоғары қойды.

«Қазақ тілі» қоғамы ұйымдастыратын сан алуан мәдени-гуманитарлық іс-шаралардың басы-қасында жүрді. Осындай кездесулердің, жиындардың, кештердің, мерекелік шаралардың ойдағыдай өтуіне өзінің шығармашылық әлеуетін аямай жұмсады. Жазушылар одағының, басқа ұлттық қоғамдық ұйымдардың іс-шараларына қатысқан кезінде Қазақстан мен Ресей арасындағы мәдени-әдеби байланыстарды одан әрі кеңейтіп, тереңдету жолындағы байыпты ойларын ортақ мақсатпен орайлы өрбіте білді.

Тұрсынай Мәскеу әдебиетшілер үйінде өткен Абай мен Пушкинге арналған достық кешінен бастау алатын «Абай оқуларының» ұйымдастырылуына елеулі үлес қосты. Сол бір достық кешін орыс әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, Еңбек Ері, Халықаралық жазушылар

одақтары қоғамдастығының төрағасы Сергей Михалков ашқанын, оның ұлы Абай мен Пушкин туралы толғаныстарын Мәскеу қазақтары ұмытқан жоқ. Осы кеште Тұрсынай М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы негізінде «Татьянаның қырдағы әні» деген сахналық қойылым әзірлеп, өзі Әйгерімнің рөлін сахналағанын жұртшылық әлі күнге ілтипатпен, сағынышпен еске алады.

Мәскеуде Тұрсынай өзі бастамашы болып, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Мұхтар Әуезовке, Сәбит Мұқановқа, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлына арналған еске алу кештерін, Олжас Сүлейменовтің, Мұхтар Шахановтың, Сәбит Досановтың

телдікке тұрмысқа шыққан саха қызына сияқты өлеңдер туды. Саха ақындары Наталья Харлампьеваның, Иван Федосеевтің, Урсунның «Жұбату», «Кездесу назы», «Тек баянды махаббат», «Өзіңді күтіп өтемін» өлеңдерін қазақша сөйлетті. *Шіркін, Саха!*

Ертегі елі дерсің,

Көзбен көріп қайтпасаң не білерсің.

Мерекелі, меймандос сол елді аңсап,

Жүрегім, әлі талай егілерсің... –

деп шынын айтты ол.

Ақынның сахалық поэзиясының символы – сардаана, тайганың лилиясы еді, ақын оны «Әсиягүл» деп қазақша гүлдетті. «Ақшуақ көңілдей сахалардың, / Жайнай бер, көктем сайын нәзік гүлім!»

МӘСКЕУ ЖЫЛАП

Тұрсынай ақын тірі болғанда

75 жасқа келетін еді...



Қазақстанның Ресейдегі елшісі Зауытбек Тұрысбеков Тұрсынай Оразбаеваға «Бауыржан Момышұлы» медалін тапсырып тұрған сәт.

шығармашылық кештерін, сондай-ақ «Ресей ақындары шығармашылығындағы Қазақстан» тақырыптық кешін ұйымдастырды.

Кезінде Елшіліктің басшылығымен Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы туралы «Легендарный батыр» кітабы жарық көрді. Кітапты құрастырушының бірі Тұрсынай болатын. Ол осы кітап бойынша Қазақстан Елшілігінде, Мәскеудегі Ұлы Отан соғысы тарихы мұражайында, Тараз, Алматы, Астана, Шымкент қалаларында ұйымдастырылған тұсаукесер рәсімдеріне қатысып, жаңа жинақтың ерекшеліктері жайында толғана сөз сөйлеген еді.

Тұрсынай поэзиясының үлкен бір саласы – саха тақырыбы. Саха елі Тұрсынайды өз қызым деп қабылдады, сахалық бауырлардың қазақ есімі атала қалған жерде, алдымен, Тұрсынайды сұрайтын салтын, оның есіміне, өлеңдеріне сүйене сөйлейтінін талай рет көзіміз көрді. Туысқан елдің өзіне, өзі арқылы бүкіл қазақ жұртына деген ықыласы атамекеңінен алыста жүрген ақынды айрықша шабытқа бөледі. Тұрсынайдың қаламынан «Сағындырған Саха елі» деп жыр төгілді. «Саханы сағынғанда», «Саха еліне ода», «Саха қариялары», «Манчаары қыстағында», «Алдан жағасында», «Ше-

деп еркелетті. «Сардаана-Әсиягүл» деп әнге айналған өлеңін жазды. Кейін осы аттас әндер жинағы жеке кітап болып шықты.

Тұрсынайдың өз перзенті – жалғыз қызының есімі де Сардаана екенін көпшілік біле бермеуі мүмкін. Бір кезде Мәскеу қазақтарымен бірге біз де ұзату тойына қатысқан сол Сардаана бүгінде отбасын құрып, перзент сүйіп, анасының көзі де, ізі де болып отыр.

Сардаана-Әсиягүл,

Сен болдың асыл әнім.

Қиялмен құс боп ұшып,

Қайтуға сені құшып,

Асығамын, ғашық әнім –

Әсиягүл! – деп жырлады Тұрсынай.

Ақынның әнге жазылған отызға тарта жырының ішінде сөзі мен әнін өзі жазған «Сахаларға сағыныш», «Мен келдім Таатаға», «Дьокускайда досым бар Семен деген» шығармалары да саха тақырыбын кеңейте түседі.

Тұрсынай кезекті бір баспасөз сұхбатында: «Саха менің екінші елім болып маңдайыма жазылған. Сахалықтар түрлі мерекелеріне шақырып тұрады. «Саха Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген атақ берді. Шексіз ризамын. Өлең-жырларымды, әндерімді арнадым», – деді. Ал Саха-Яку-

тия Республикасының халық жазушысы, Социалистік Еңбек Ері Суорун Омоллон – Дмитрий Сивцев (мәтін тілі бойынша) «...Эта скромная и талантливая дочь Казахстана стала символом дружбы и братства якутского и казахского народов. Своей доброй музой Турсунай Оразбаева соединила казахскую домбру с якутским хомусом» деп жазды.

Турсунай ақынның «Абай туралы толғау», «Сайрам сазы», «Достық туралы жыр», «Қайнар бұлақ – бал бұлақ», «Наурыз – салтанатым сен», «Сайыпқыран сарбазым», «Алматым», «Азаматым», «Күнім, айым, жұлдызым», «Оралмадың сен», «Шымкентім – шырайлым», «Нұрлы әнім», «Әкем менің», «Мектебім»,

*Тарих көші тар жолда қалдырмасын,
Жетер, тоқтат, көзіңнің
жаңбыр-жасын.*

*Есіңді жи, орыстар, есіңді жи,
Жарқын таңды аңсаған тағдырласым! –*
деп түйіндеді түпкі ойын.

Мәскеудегі қандастар Турсунай жырларының тақырыбын, өмірден өрген өлендерін, аралас жүрген ағайынға жазған арнауларын жақсы білетін. Жиын-тойда оның әндері жиі орындалатын.

Турсунай өмірінің соңғы жылдарында халқына «Қазағым қайда жүрсе, елді ойлаған» деген шығармасын ұсынды. Сөзі мен сазын өзі жазған бұл жана әні барша Ресей қазақтарының әнұранына айналды. Әсіресе Ресей мен Қазақстанда



*Толды көкірегіне күн шапағы.
Мәскеудің магнитін жеңіп шығып,
Беттейді туған жерге жыр сапары.
Төркіні сұлулықтың сыршыл Ай ма,
Ай өзі сыр шертеді Турсунайға.
Атырау, Арқа, Алтайды араласаң
Шіркін-ай, Турсунайдай жыршы қайда?*

«Арбатта жүріп ұлтын ойлаған» Турсунай шынында да «шіркін-ай!» деп сағынышпен еске алуға лайық жан еді. Оның сырбаз бейнесін, кішік мінезін, үлкенге де, кішіге де илтипатпен һәм құрметпен қарайтын ізгі қасиетін, бойындағы барша талантты қазағынның қамы үшін қапысыз жұмсауға әзір тұратын ұлтжандылығын Мәскеудегі оны білген, аралас жүрген ағайын ұмытқан жоқ.

Бір басына соншама талант біткен Турсунайдың қалың орыстың ортасына келіп, қазақ әдебиетінің рухын көтеріп, мінсіз қызмет жасауы тарихтың өз таңдауы сияқты. Турсунай Мәскеуде дәл сол кезде болуға тиісті секілді сезілетін. Ол Елшілікпен, қоғамдық ұйымдармен іскер байланыс орнатып, қазақтың тірлігіне байланысты кез келген істің басы-қасында жүрді, Сергей Михалков ақсақалдан бастап, барша жазушы әріптестерінің құрметті ықыласына бөленді.

Сол тұстағы Қазақстан Жазушылар одағы басшылығы сырт елге әдебиет елшісі етіп жіберген Турсунай Оразбайқызы айтулы ақындық қабілетімен бітеқайнасқан елжанды, ұлтжанды қасиетімен, биік адамгершілігімен, жан-жақты талантымен өз ортасында оқшау көрінді, Ресей астанасында «Қазақстанның өкілі, қазақтың қызы осындай болуы керек» деген айнымас ақиқатты өнегелік қалыпта қалдырып кетті.

Турсунай ақынның өлендері оқылып, әндері шырқалған кезде жиырма жылға

жуық мекендеген Мәскеудегі ғұмыры, «Қазақ тілі» қоғамымен бірге өткерген өмірінің сол бір қайталанбас кезені көз алдымыздан елестеп өтеді.

...Әлі есімде, Турсунайдың ота жасатқанын естіп, Мәскеуге оралған соң телефонмен хабарластым. Көңіл күйі көтеріңкі екен, құлан таза айығып кеткендей, баяғы қалпында сергек сөйлесті. Ота жайын әңгіме қылды. Менің «тез жазылып кетіңіз» деген тілегіме орай айтқан: «Серікқали, рақмет!» – деген соңғы сөзі әлі құлағымда тұр. Бұл ақырғы сөйлесуіміз екен...

«Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Әбуислам Тұрсынбаев айтады: «Турсунай әпкеміз ота жасатып оралған соң күн сайын хабарласып, жағдайын біліп тұрдық. Бір күні мамыр айының ішінде жаныма Мәскеу жәмиғи мешітінің имамы, отандасымыз Марат Аршабаевты ертіп, көңілін сұрайын деп Солнцево ауданындағы үйіне келдік. Марат хазірет дем салып, Құран оқып отырған кезде кенет Турсунай көз алдымызда жүріп кете барды... «Турсунай әпке нағыз иманды адам екен, Құран үстінде үзілді», – деді Марат хазірет».

...Турсунай ақынды соңғы сапарға шығарып салуға жиналған қазақ-орыс Домоделово әуежайы алдында тізіліп тұр. Мамырдың майда жауыны сіркіреді. Мәйітті ұшақпен Мәскеуден Шымкентке алып барғалы тұрған екеу Мәскеу қазақтары ұлттық-мәдени автономиясының президенті профессор Серік Тойғамбаев: «Турсунай әпкемен Мәскеу де қоштасып жатыр», – деді аспанға қарап. «Жылап қоштасып жатыр», – деді «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Әбуислам Тұрсынбаев бетіне тиген тамшыны (әлде көз жасын) сүртіп жатып...

ҚОШТАСҚАН

«Қырғыз әні» секілді тағы басқа бірқатар әнінің сөзі де, әуені де өзінікі.

Ақын өлендеріне елге мәлім Ескендір Хасанғалиевтан («Гүл сезім») бастап, композиторлар Әшірхан Телғозиев («Сарыағаш вальсі»), Мұхамеджан Рүстемов («Бойжеткен»), Сүгірәлі Сапаралиев («Төле бидің ұрпағымыз», «Гүлеркем»), Әбуислам Тұрсынбаев («Түркістан», «Мұрагер») ән жазды.

Ақынның өзі тұрып жатқан елдің тынысына, орыс тұрмысына қазақы көзбен қарайтын ерекшелігі Мәскеу туралы өлендер циклынан жақсы байқалады.

*Жан едім тәуекелге буған белін,
Шүкір, өмір сыйлады думан төрін.
Не құдірет, Мекке емес, Мәскеу емес,
Түсіме кіреді ылғи туған жерім, –*
деп айтқанындай, «Мәскеу», «Күз. Мәскеу», «Қарияның қапасы», «Тербеген шақтар қайда?» «Есенин», «Иванға» өлендеріндегі ой ұшқыны қазағынның тіршілігімен де ұштасып жатады. Тоқсаныншы жылдардағы алағай-бұлағай кезеңде ол:

*Тербеген шақтар қайда намыс бойды?
Шырмады ақылды – ақша,
табыс – бойды.
Кітап емес, дүние жинайтындыр,
Қоқысқа атты кітабын Толстойдың.*

*Сақтаушы ек қанындай ғып
қасқалдақтың,
Мұрасын Пушкин, Герцен,
Пастернақтың.
Есімін ұлылардың шаңға көміп,
Заман-ай, жанарымнан
жас парлаттың.*

*Дегені еді ізгі ойларды көнермейді,
Санамыз неге мұнша төмендейді?
Бұл күйді қазағым да кеше ме деп,
Көңілім ел-жұрт жаққа елеңдейді, –* деп жазды.

Атамыс санаттағы «Әх, орыстар» өлеңі де сол қоғамның ақын жүрегінен сыздатқан бір кезгі ахуалын суреттеуімен құнды. Барша жұрттың Ресейден тараған шындық үніне, достық пен теңдік ұранына еріп келгенін айта отырып, адамға адам дос болған сол дәуірмен қош айтыстырған, кешегі достықты тәрік еткен бүгінгі болмыстың өзі сезген сыр-себебін орыстың зиялы жұртына жеткізуге тырысты.

«Елің қайда мандай тірейді?» «өркен жайған бағың ойрандалды», «қылмыс қаулап барады», «тірлігің талқандалды»... «бұған мен де сен сияқты аландаулымын» дей отырып, орыс қоғамының бұл өтпелі кезеңді ойдағыдай өткеріп, өз биігіне көтерілетініне сенім артты.

өзіндік өнерімен тең танылған белгілі әнші, мәдениет қайраткері, «Қазақ тілі» қоғамының байырғы мүшесі Абылайхан Оспанов Мәскеу төрінде алғаш рет орындап, тұсауын кескен осы ән жұртшылық жүрегіне бірден жетті, атажұртын аңсаған қазақ баласының арасында кең тарап кетті.

Ән әсіресе Абылайханның орындауында өзгеше естіліп, тыңдаушыны бөлекше күйге түсіреді. Бұл ақынның да, әншінің де ұзақ уақыт елден тыс жүргенінің әсері әрі атамекенінен алыста тұрып жатқан ағайынның шын жүрек сырын терең сезіне білгендіктен болса керек. Ән арқауындағы жүрек сыздатқан елге деген сағыныш сазы, терең мұң тыңдаушыны тебіртпей қоймайды... Былай қарағанда, қарапайым ғана көрінетін өлең-сөз ән сазына оранып естілгенде, адам жанын елжірете түседі. Әсіресе «Дариға-ай, дариға-ай, Қазағым қайда жүрсе елді ойлаған» деп қайталанатын кайырмасы қалықтаған сәтте сыртта жүрген қазақ баласының еріксіз көзіне жас алған сәтін талай мәрте байқадық. Міне, сол мәтін:

*Жусаны, жауқазыны желге ойнаған,
Кең даланы халықпыз ен жайлаған.
Тағдырдың жазуымен алыс кетіп,
Қазағым қайда жүрсе елді ойлаған.*

*Жат елде сұлтан болып жанса бағы,
Тірліктен қалағанын алса-дағы.
Жүрегі «елім-айлап» қарс айрылар,
Қашан да атажұрт боп аңсағаны.*

*Маңдайға туса-дағы нендей заман,
Халықпыз өр мақсатқа бел байлаған.
Ұлтының ар-намысын биік ұстап,
Қазағым қайда жүрсе елді ойлаған.*

*Тағдырдың соқса-дағы бораны әлі,
Елінің тимесе де «төр-алаңы».
Арман боп атамекен – кең даласы,
Қазағым туған жерге оралады.*

Турсунайдың Мәскеудегі өмірін ұлттың ұлы ақыны Ұлықбектен артық көрсету сірә да мүмкін болмас. «Арбаттағы ару» деп атаған Турсунайдың тұлғасын ақын дос былай суреттеді:

*Қазақтың бір қызы бар Турсунайдай,
Қолына қалам алған ұршық алмай.
Санасы сағыныштан сапырылған,
Сезімі сексен сері тұншығардай.
Шырайлы Шым шаһарын аңсағанда
Жүрегі байыз таппас жыр шығармай.
Арбатта бір ару жүр ұлтын ойлап,
Тіл үшін көтергенде жұрты байрақ,
Қаратау, Алатауын сағынады
Жүрегі жайлау менен жылқы жайлап.
Қызына құшақ жайса Шым шаһары,*

Бет қатталып жатқанда:

Мәскеу Үкіметінің Ұлттық саясат және өңіраралық байланыс департаментіне қарасты «Мәскеу Ұлттар үйінде» өңірлік қоғамдық ұйымдар, «Дәстүрге жол» әлеуметтік-мәдени және шығармашылық бастамаларын қолдау орталығы» ұйымы, Мәскеу қаласындағы қазақ ұлттық-мәдени автономиясының мүшелері ақын, композитор Турсунай Оразбаеваның туғанына 75 жыл толуына орай еске алу кешін өткізді. Кешке Мәскеу қазақтары мен басқа да қазақстандықтар көп жиналды, Саха елінің өнерпаз өкілдері келді. Кеш шымылдығы мәскеулік ерлі-зайыпты Опабек және Диялфруз Таңатаровтар орындаған Шәмші Қалдаяқовтың «Ақ бантик» әнімен ашылды. Кешті Гүлшешек Галямова мен Талғат Хасенов жүргізіп, екеуі Турсунайдың төл әндерін орындады. Саха елінен келген Арылы Хотун (Елена Старостина) да ақын әндерін екі тілде шырқады. Талғат Мықтыбаев, Татьяна Полтавская, Гүлзифа Смирнова және басқалар Турсунай ақынның өлендерін оқыды. Мәскеу жәмиғи мешітінің имамы Марат Аршабаев Турсунай Оразбайқызының рухына бағыштап, Құран оқыды. Ақынның Америкада тұратын қызы Сардаана бейнебайланысқа шықты, Қазақстаннан белгілі әнші Абылайхан Оспанов ақынның «Қазағым қайда жүрсе, елді ойлаған» әнін тарту етті.

2024 жылы Саха Республикасының «Айар» баспасы Якуттың халық ақыны Наталья Харлампьева құрастырған екі тілдегі (орыс, саха) «Незабвенная Турсунай – Биһиги Турсунай-быт» деп аталатын естелік кітапты жарыққа шығарды. Кітапта белгілі сахалықтардың қазақ ақыны туралы жүрекжарды естеліктері, сондай-ақ Турсунай Оразбаеваның орыс және саха тілдеріндегі өлендері берілген. Еске алу кешінде сахалықтар осы кітапты қазақ қоғамдық ұйымдарына табыс етті.



Қуандық ТҮМЕНБАЙ

«Апырмай, әкемнің айтқаны рас екен-ау. Қарашы, мынау маң далаға». Ол осыдан түп-тура отыз жыл бұрын осылай таңғалып, Бетпақдалада ақ селеуі тұтасып өскен құмды далаға көз құмары қанғанша қарап еді. Онда оқу бітіріп, диплом алғанына мәз кеудесінде бір қап желі бар көкөрім жігіт-тұғын. Әкесіне «Ұшқыш болып, аспанда самғаймын» дегенде, «Мынау құмды дала сенің байлығың да бақытың, осы жерге ие болсаң қатарыңнан кем қалмайсың», — деп екі ауыз сөз айтқан. Арабша, орысша, парсыша еркін сөйлейтін, бойы көк тіреп, мұрты едірейген әке сөзіне тоқтады. Қабағы қатулы әкенің аузынан шыққан лебіз — оның сөзі заң, өзіне ғана емес, өзгелерге де өтімді. Ел асып бара жатқан Мұстафа Шоқай да, қара күштің иесі Қажымұқан да келіп сәлем беріп, сұхбаттасып кететін. Алыстағы Ахмет Байтұрсынұлымен де үшбу хат арқылы тілдесіпті. Бергінде келген ақын Әбділла Тәжібаевқа да орысша сөз айтып отырғаны есінде, сөйтсе Пушкиннің «Евгений Онегиннің» жатқа соғыпты ғой. Орысы көп Жөлек деген мекенде мектепте бала оқытты. Сол білімпаз әкеден ерте қалды, көз алдында «хауіпті элемент» боп түрмеге бір түсіп, бір шығып жүрген әкенің бұлдыр бейнесі, сірә, «батыр бір оқтық» боп қайырылмай кетсе керек. Өзі сол күйі «хауіпті элементтің» атбайлары атанып, әкесі Жорабектің есімі туу туралы куәлігіне жазылмай қалды. Оған өкініші жоқ, әке сөзін аяққа баспай инженер атанып, тау-тасты аралағанына жаны риза, көкірегінде әкемнің рухы да риза болса деген бір үшкіл үміт те бұлкіл қағады. Осыдан отыз жыл бұрын политехникалық институтты бітіріп, Ұлытау өңіріне жолдама алып келгенде осы боз даланы көріп, жаны толқыды. «Ұшы-қиыры жоқ кандай шексіз дала» деп іштей толғанды. Институтта жүргенде арғы-бергіні көп оқыды, одақтық басылымдарға көп үңілді, «Науқ и жизнь» деген журналдың әр санын күтіп жүріп, Пушкин атындағы орталық кітапханаға барып, орысша-қазақша басылыммен түгел танысып шығатын. «Шынында, осы қазақтың жерінде не жоқ десеңізші? Тек өндіріске жарамды сынап пен платина демесеңіз, әлгі айтып жүргеніміздей, Менделеев кестесіндегі элементтің бәрі бар ғой, бәрі бар. Бірнеше ондаған жылдан бері қорғасын, мырыш, күміс, вольфрам, хром, висмут, ванадий, барит, мыс, молибден, марганец, кадмий, боксит, фосфорит пен ақкеріш деп тізбектей берді де, тоқтап қалды. «Одақта біздің алдымызға түсетін ешкім жоқ» деп ғалымдық таразысының бір тасы тағы да өз еліне қарай тартып кетті. — Елімізде өндірілетін мыстың, мырыштың, қорғасынның да дені бізде. Қазақ жері бұл үшеуін Англия мен Францияны қосқанда өндірілетін өнімнен көп береді». Аудиторияда аузын ашып тындаған қасқа бас ғалым Қаныш Сәтбаевтың лекциясын қалай ұмытсын. Әлгі сөздер де сол кісінің аузынан шыққанда үлгергенін жазып, үлгермегенін санасына тоқып, әр сөзі тарам-тарам түйін боп өрнектеліп, көкірегінде жатталып қалған. Он бір жыл осы Жезқазғанда, барлау экспедициясында керзі етік киіп алып бұйрат-бұйрат қызыл құмды табан қыздырып басып жүріп, жер шұқып, түртінектеуден бір танбады. Ұлытау бөктерінде бұғып жатқан мыстан басқа темір, қорғасын, көгілдір асбест, мырыш,

кобальт, күміс, никель тәрізді түсті металл кендерінің көзін тапты. Айдос, Жанай жер асты тұшы суының мол қорын анықтап, аңқасы кеуіп жатқан өңірдің шөлін басты. Сөйтіп, Қаныш ұстаз бетін ашып кеткен қазына қорын еселей арттырды. Ізденімпаз жас инженер-геолог Үлкен Жезқазған қойнауын ақтарған сайын өзінің де білім қорын молайтты, тәжірибесі толысты, ізденісін ғылыми тұжырымдарға айналдырды, бас инженер-геолог дәрежесіне жетті. Оған да дөңгеленіп отыз жылдың өте шыққанын қарашы. Ұлытаудан Ала-тауға самғады, тәуір қызметтер істеді, ғылымның басында отырды. Геология министрлігін басқаруға келген отыз үш жасында сол Қаныш Сәтбаев: «Шахжан, шен қуып кетпе, ғалымдығыңды қатар алып жүр. Ғылымға ие болатын, тың сөзді айтатын да өздерің», — деп батасын берді. Отызында орда бұзған ол бас ізгеннен басқа сөз айтып, тіл қатпады. Тек көкірегінде «Қаныш аға, мен геологпын ғой, мен инженермін» деген сөз атой сап тұрды, тек оны ұлағатты ұстаздың алдында именіп, айта алмады. Әйтеуір күндіз-түні тірліктен қалған жоқ, бұлынғыр бейнеге айналған әкесінің сөзі мен Қаныштай ғалымның аманаты қашан да екі бүйірінде жел боп ызындап тұрып алды. Маңғыстау өңірін жедел барлап, Жетібай мен Өзен мұнай-газ орындарын ашып, өндіріске пайдалануға белсене кірісті. Көбіне кеңседе емес, иен далада жүрді. Кеңседе отырса да ақ селеулі даланың саф ауасы мен құмға сіңіп бара жатқан бұрғының бұжыр-бұжыр бейнесі, құм астынан лекілдеп шыққан мұнай мен мыс ең әдемі сурет боп көз алдында тұрып алды. Алматыға келіп, басшылық тізгінін ұстағанда да көлеңкелі сая қылмай күнгейде жүрді. Министрліктен кейін ғылымның басына қонжитты. Онда да тек мұнай мен мыс секілді пайдалы қазыны іздеу емес, әл-Фараби секілді ұлының есімін жаңғыртып, әлемге танытты. Сөйтіп жүріп, өз-өзінен жоғары билікке жақпай қалды, біреулер жақсысын жаман деп жоғарыға жеткізе берді. Өткен ғасырдың 60-жылдарының басында-ақ үлкен жиында Арал мен Әмударияның суын осы қарқынмен пайдалана берсек, түбі Аралдан айрыламыз, су шаруашылығын дұрыс жолға қою керек деп мәселе көтергенде, «Аралға келер бәле жоқ, сенікі жершілдік» деп тырнақ астынан кір іздеп, айып тағушылар алға шықты. Кемелденген социализмде сырттан айтылған қазақы күбір-сыбыр да кемелдене түсті, «іс тетігін кадр шешеді» деп ұрандатқанмен қолынан іс келер жігіттер арзан сөздің құрбаны боп кейін ысырылды. «Маған енді бәрібір, Қаныш аға керзі етікпен басқан Бетпақдала топырағы менің табанымда да сондай ыстық» деп өзін-өзі демеі. Ен сорақысы, әлгі орынбасарының әкесіне боқтау айтқаны жанына батып кетті. Ел тұтқасын ұстаған ағасына барып айтып еді, «Тағы не деді?» — деді түсін суытып. «Осының өзі жетіп-артылады емес пе?» — деді бос сөзді жіпке тізбей жігітше қасқайып тұрып.

— Ештеңе етпес. Әкеңнің аты паспорттыңда жоқ қой, — деп жымып шығарып салды. Содан кейін билікпен арақатынасы суи берді, орынбасары ғылым ордасына басшы боп келді, өзі қайтадан маң далаға жол тартып, отыз жыл бұрынғы кәсібін қолға алып, барлау экспедициясын басқарып жүр. Сол тақтан түскен күні көлікке отырмай үйіне жаяу қайтты. Жолай сұқ саусағын иегіне қойып ой кешкен Шоқанның ескерткішіне соғып, қасындағы орындыққа тізе бүгіп, бой жазды. Сосын аяндап Қаныштың ескерткішіне келді. Тұғырда біраз үнсіз тұрып, іштей тілдесті. «Маң далаға кетіп барам, аға. Ұзаққа бара жатырмын. Ісіме адалмын» деп басын иді. Ғұлама ғалымның 70 жылдығын елдік мереке қылып атап өтпей, тек Геология институтының шеңберіндегі жиын етіп өткізе салғаны әлі күнге жүрегін шымырлатып, жанын ауыртты. Билікті көндіре алмады, «осы жетеді» деген бір ауыз сөзден кейін ел-жұртын жиып, ұлының ұлағатын

ұрпақтарына үлгі етіп таныта алмады.

Шахмардан адымдаған сайын табаны ыспа құмға сусылдай тиіп, анда-санда адамнан қорқып, жалт етіп ініне кіріп кеткен қара тышқанның әрекетін көріп, іші мұздай болды. Анау шатыр боп тігілген қосқа жеткенше шақырым жер бар, төбесі шошайған қостың да сұлбасы көрініп қалды. «Соған жетіп алып топографиялық картаны бір түгендейін. Тағы да көңілге түйген нүктелерді белгілейін». Төбесі шошайған дала қосы бірте-бірте жақындай түсті. Геолог қолына бояу қаламын алып, алабажак картаны түрткенше алып-ұшып, алабұртып келеді.

Бетпаққа келіп, шалғайға үй тіккеніне

Бетпақты

де екі жыл болды. Маңқиған тас кеңсе, шырылдаған телефон, үлкен үйдің жөнді-жөнсіз ұсынысының біріне бас изеп, бірін қос көрмей бетке айтқан күндерді Бетпақдаладағы тіршілікпен салыстыра алар ма екенсің. «Мынау менің «өз үйім — өлең төсегім» емес пе? Мынау көсіліп жатқан кең дала халқымын көл-көсір байлығы емес пе? Ал осы ұшан-теңіз байлығынан халқым дәм татып, таңдай жібітіп отыр ма екен?» Шошаладан аттай бергенде даланың «қыдырма» телефоны шыр етіп, құлағына тосса, Ебіней е к е н . Қарағанды университетінің ректоры, Қазақстандағы химия алыбы, өзінен екі жас үлкендігі бар «бес жас — бел құрдас», көрген жерде Қаныш туралы кітабының атауымен «Атан қомында туған адам», қалайсың?» дейді. Аударма да жасайды, Маяковскийдің «Хорошо!» поэмасын қазақша сөйлеткен «жақсы адам», әйтеуір қарап жүрмейді. «Иә, бәріміз де атан қомында тудық қой» деп ойын іріккенде оның қоныр даусы естілді.

— Иә, қалайсың, Бетпақта жортып жүрсің бе? Айқай даламен сырласқан кандай тамаша, — дей бергенде, «Сол жерде ел жоқ, көл жоқ өсіп-өнген, Жәндіктің киік деген баласы бар», — деп бұл әндетіп қоя берді.

— Хабарласып тұрғаным, сені өзін оқыған политехникалық институттың геология факультеті кафедрасының меңгерушілігіне конкурсқа түсуге ұсыныс беріп жатыр деп естідім. Мінез-құлқынды білем ғой, қарсылық көрсетпе. Бетпақпен жиырма жасыңнан сырласың ғой, енді бар білген-көргеніңді қазақ баласына бер, болашаққа инженер дайында. Лениндік сыйлықтың лауреаты, завкафедра атанып жүресің, — деді. — Сөз осы, — деп телефон құлағын қоя салды.

«Иә, бізге инженер керек. Біз әлі сол сот пен прокурор, милитса болғанымызға мәзбіз» дей бергенде, «қыдырма» телефон тағы да қыңқ ете қалды. Политехникалық институт ректоры екен. Сол сөзді қайталады.

— Келісесіз бе? — деді нық сөйлеп. Бәрі асығыс, неткен зымыран заман.

— Келісемін, — деген сөз аузынан шықты.

— Онда хабар өзімізден.

Телефон тағы да шырылдады. Бір қыз баланың нәзік даусы, «Қазақстан коммунисті» деген журналдың журналисімін», — дейді.

— Сізді Алматыға келе жатыр деп естідім, — деп бірден сөз бастап кетті.

— Оны кім айтып жүр?

— Ел-жұрт...

— Мен Бетпақтың төрінде отырмын.

— Онда келгесін сізден сұхбат алсам... Келісесіз бе?

— Қарағым, мен келісем, билік келісе

ме екен?

— Келіседі. Қазір баспасөз еркіндікке бет алды. Бұны Мәскеу басылымдары бастап отыр.

— Қарағым, есімің кім?

— Айзат.

— Айзат, қарағым, «Ақсақ киік» деген әнді білесің бе? Сөзін Сәкен Сейфуллин жазған.

— Естіп жүрміз ғой.

— Білмесен, сөзін жаттап ал. Ай шамасында хабарлас, Алматыға барып қалармын.

— Мақұл, көке, хабарласам.

Содан бері де жылжып ай өтті, конкурс бойынша бұрын Геология министрі, Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Ғылым академиясының президенті секілді өткелектерден өткен

Шахмардан Есенов геология және пайдалы қазбаларды бағалау кафедрасының меңгерушісі болып сайланды. Он адамға басшы қылып бекіткен жиында көкірегі алай-дүлей күй кешіп, алып-ұшып, көз алдына өзі студент партасына отырғанда аудиторияға кіріп кеп бірден лекция бастаған қасқа маңдай Қаныш Сәтбаев бейнесі көлеңдеп кетті. «Мен де қазақ баласының көкірегіне білім құйып, инженер қылып шығара алар ма екенмін?» деген ой да бұқпантайлап, бұрылысы көп жолды бастан өткерген қиялында кілкілдеп тұрып алды. «Бар білгенімді солардан аямаймын, қазақ баласына бойымдағы барды беремін» деп бір сәуле жалт етіп, көкірегі күндей жадырап қоя берді. Жұрт келіп құттықтап жатыр, алыстан тау тұлғасына сүйсіне қарап тұрған әйбат көздер де бар.

Бөлмесіне кіре бергені сол еді, бір үріп ауызға салғандай қыз есіктен басын сұқты. — Көке, құттықтаймын! Қалаға қайтып келуіңізбен! Мен Айзатпын. Сіздің ізінзді аңдып жүрмін ғой. Сұхбатты бастасак, нөмірге кетіп барады. Осы нөмірге салсақ деп едік. — Қарағым, ертең келші. Мен аптығымды басайын. Ректордан рұқсат сұрайын. — Сізге жол ашық емес пе? — Жол... жол... — деп жас көңілдің алдында тілін күрмеп қалды. — «Ақсақ киікті» оқыдың ба? Қыз «Арқаның Бетпақ деген даласы бар», — деп бастай жөнелді. Ол болса селт ете қап, өрімдей қызға көзін алмай қалады отыр.

— Арқаның Бетпақ деген даласы бар, Бетпақ шөл, ойлы-қырлы панасы бар. Сол жерде ел жоқ, көл жоқ өсіп-өнген, Жәндіктің киік деген баласы бар.

Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім, Басқаға жануарды-ау теңгермедім. Көздері мөлдір қара ақ бөкенді, Адамның баласынан кем көрмедім.

Киікті қазақ және дейді бөкен, Бетпақты байғұс бөкен қылған мекен. Киікті атып аңшы өлтіргенде, Жазықсыз жан өлді деп ойлай ма екен.

Шахмарданның көз шарасы мөлтілдеп кетті. Құм кешіп, құбыр орнатып жүргенде маң далада адамнан сескеніп, атырыла жөнелген сұлу аңның мөп-мөлдір көзі мен дөң танауы көз алдына жалт ете қалды да:

— Жарайды, айналайын, қалғанын ертең келген соң айтарсың, — деді. — Жоқ, көке, аяқтайын, — деп журналист қыз өршелене жөнелді. — Өзіңіз ғой, айт деген, — деп қосып қойды.

Бетпақта келе жатыр ақсақ киік, Бір жүрліп, бірде тоқтап, басын иіп. Қоярға шыбын жанын жер таппайды,

Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім, Басқаға жануарды-ау теңгермедім. Көздері мөлдір қара ақ бөкенді, Адамның баласынан кем көрмедім.

Шахмарданның көз шарасы мөлтілдеп кетті. Құм кешіп, құбыр орнатып жүргенде маң далада адамнан сескеніп, атырыла жөнелген сұлу аңның мөп-мөлдір көзі мен дөң танауы көз алдына жалт ете қалды да:

— Жарайды, айналайын, қалғанын ертең келген соң айтарсың, — деді. — Жоқ, көке, аяқтайын, — деп журналист қыз өршелене жөнелді. — Өзіңіз ғой, айт деген, — деп қосып қойды.

Бетпақта келе жатыр ақсақ киік, Бір жүрліп, бірде тоқтап, басын иіп. Қоярға шыбын жанын жер таппайды,

Мергеннің кеудесінде болып күйік.

Сандалып келе жатыр ақсақ киік,
Бір тоқтап, бірде жүріп әлін жиып.
Ақбөкен сахараның ботакөзі,
Атты екен қандай адам көзі қиып.

Ақбөкен сахарада қына терген,
Кім екен жапан түзде сені көрген.
Аяныш сезімі жоқ бір қазақ-ау,
Дәл көздеп жүрегінен атқан мерген, —
деді де,

— Көке, таңертең тоғызда келемін, —
деп орнынан тұрды.

— Кел, қарағым, кел, — деп сөйлеп қала
берді. — Осындай қазақ қыздарын журна-
лист емес, геолог қылса ғой, — деп өрім-
дей қызды есіктен жас толы жанарымен
шығарып салды.

мандайымызға. Орталықты осынша қазы-
наға қарық қылып отырып, оған көп жыл-
дан бері миллиардтаған сом қаржы қарыз
болсақ, бұдан бұлтарар амал қайсы? Кім
кінәлі бұған? Неден жаздық? Сұрақ көп...

Енді бір осал тұсымызды біраз пайым-
дап көрейін.

Бүгінгі қоғамның әл-ауқатының дең-
гейі көбіне оның энергетикасы, өнеркәсібі
мен ауыл шаруашылық индустриясы
минералды шикізатпен қаншалықты қам-
тамасыз етілгенімен байланысты екенін
екінің бірі бағамдай бермейді. Мәселен,
АҚШ-тың шикізат стратегиясын алып кө-
рейікші. Осы саясат арқылы әлемнің ми-
нералды шикізат көздерін иемденуге қолы
жеткен ол аз уақытта-ақ шығынға шығып,
шырқырап кетпеді ме?! Олар енді, тіпті
70-жылдардан бері сырттан тасылатын қа-

ауыстырып алайын, — деп бармағын
батырып, төртбұрыш диктофонның бүйі-
рін мытып жіберді. — Айта беріңіз.

— Ал енді мына бір, қызғылықты
деймін-ау, күйіншіті фактіге назар ауда-
ралықшы, — деп тамағын бір кенеп алып
сөзін жалғады. — Қарағандының Топар
шахтасында бір тонна көмір өндіру 22
сомға түссе, соны мемлекет 15 сомға сатып
алады екен. Газ өндіру де дәл осындай.
Мұндай жағдайда Орталыққа қарыз бол-
мауға амалын жок. «Еңбегін еш, тұзың
сор» деген осындайдан келіп шықпай ма?

— Көке, айта беріңіз.

— Қазақстан геологтары жерімізден
мол минералды шикізат қорын тауып
отыр. Бұл арада ғұлама ғалым Қаныш
Имантайұлы Сәтбаевтың еңбегі ұлан-
ғайыр. Ендігі міндет — жаңа экономи-

«Мынау өмір не боп барады өзі, сөз
емес сөзді айтып, іс емес істің басын
шалып... Бұларға «кой дейтін кожа», басу
айтатын біреу табылмай ма екен?» Журна-
лист қыздың меселін қайтармай сауалына
жауап беріп, журналға сұхбат шығарып еді,
«келмей жатып ғылымға иелік етіпті ғой»
деп ерін ұшынан күбірлегендер де табыл-
ды. Бірақ жас қыз риза, «Журналистік
жолымды жақсы дүниемен бастадым» деп
алып-ұшып келіп кетті. «Ақсақ киікті» айт
десеніз, айтып берем», — деп желпініп-ақ
тұр. Осы институттың «За инженерные ка-
дры» деген қалақтай газетіне геология фа-
культетінің доценті Бердюков деген жігіт
«Біздің түлектеріміз енді бізге ұстаз» деп
мақала жазып, менің аты-жөнімді атаған
екен, партбюро жиналысына шақырып,
«Сен өзінді әдейі жаздырып отырсын,
өзінді насихаттап отырсын», — деп парторг
тарпа бассалды. Қалғандары үндемеді, тек
әйтеуір автор орыс ұлтының өкілі болып
аман қалды, «бұл мақалаға академиктің
еш қатысы жоқ, шәкірттік лебімізді өз ер-
кіммен жаздым» деп араша түсті, әйтпесе
түп-тамырымды қопарып, Бетпаққа қайта
аттандырар ма еді деп көкірегі суып, езу
тартты. Мұндайда күлкі арсыз, күлкі көмек
қолын созды.

Сонымен, кафедра меңгерушілігінен
босатып, оқытушы-профессорлардың
қатарына қосылды. «Осы Бетпақты кезіп,
суырдың ініне керзі етігімнің тұмсығын
сұғып, адамнан сескеніп, зу етіп ініне
кірген кара тышқанды тамашалап, боз да-
ламен сырласқан күніме ештеңе жетпейді
екен-ау. Қаладағылар қатыгез боп барады.
Қайта кетсем бе екен сол боз дала Бетпағы-
ма... Бірақ, бірақ — деп тосылып қалды.

Инженер-геолог боламыз деп ауылдан
келіп, аузынан шыққан әр сөзін түрті-
нектеп жазып отырған қазақ баласының
жәудір жанары көкірегі мұздай қылды.

— Соларды қиып, қалай кетем. Олар
менің сонымнан ермей ме?». Қағаз-құ-
жаттарын жинастырып, бір-біріне қаба-
ттастырып, қол сөмкесіне салып, орнын
босата бергенде алдындағы ақ телефон
шыр етті. Өзінің «атан қомында туған
адамы» Ебіней екен.

— Иә, «атан қомында туған адам», қа-
лайсың? — деді тұлабойын тосын тұтанып
кеткен көңілділік билеп.

— Өзіңмен Қарағанды университеті
химия факультетінің лаборатория меңге-
рушісі сөйлесіп тұр, — деді маңғаз кейпін
сактап. — Кеше ректорлықтан босатты.

— Ал, өзіңмен Сәтбаев атындағы по-
литехникалық институттың қатардағы
профессоры сөйлесіп тұр, — деді бұл да
«апама жездем сай» боп тіл қатып.

— Дұрыс-ақ болды, — деді Ебіней, —
мұнайдан көмір алу мәселесімен айналыса
алмай жүр едім, енді кол босады.

— Ал мен Бетпағыма кеткім кеп жүр,
— деді бұл.

— Ауылдан келген көген көздерге
жерден мұнай мен мыс, қорғасын мен
жез алуды кім үйретеді? ... Бетпақты қалай
кезуді соларға үйретпейсің бе?

— Бетпақдаланы көрмесем, тұра алмай-
тын секілдімін. Біздегінің бәрі сол жерден
ғой, — дей бергенде, есік серпи ашылып,
журналист қыз Айзат кіріп келді. Арқасы-
на асып алған домбырасы бар.

— Тартшы, қалқам, айтшы «Ақсақ
киікті», — деп Шахмардан аптыға сөйледі.

— Қазір-ақ қыздың нәзік даусы жаны-
на жебеу боларын біліп, асығып-аптығып
кетті. — Ебіней, саған кейін хабарласамын,
қазір «Ақсақ киікті» тындаймын, — деп
телефон құлағын қойғанда, 68 жасқа дейін
көргенінің бәрі тізбектеліп көз алдынан
көшіп жатты. «Домбыра сөйлесінші,
«Ақсақ киікке» айтқызайықшы бөрін.
Бұл дүниеде кімнің аузына қақпақ болар-
сың» деп көкірегі ашы ой ұдай ашытып
өткенде көз алдында олақ аңшының оғы-
нан жаралы болған жәндіктің киік деген
баласы ақсандап бара жатты. Домбырасын
безілдетіп, «Арқаның Бетпақ деген даласы
бар» деп ышқына шырқаған қыз даусына
қозғалақтап қойып, құлағын тоса берді.

КЕЗГЕН БІРЕУ

(деректі әңгіме)



Түп-тура тоғызда Айзат қыз есікті қағып
келіп тұр. Өзі еркін-ақ, қысылып-қым-
тырылуды білмейді. Сымы шұбатылған
диктофонын қолына ұстап алып сөйлеп
кетті.

— Көке, сіздің өмірбаяныңыз жалпақ
жұртқа белгілі. Ғылымның қазіргі барысы
туралы айтсаңыз, ғылымдағы қиындық-
тар, проблемалар дейді ғой, осы жөнінде
сөйлесеніз. Өз саланыңдан бастасаңыз, —
деп нығыздап қойды да, — бастадық, — деп
кара нүктені түргіп қалды.

Құмды даладан көлеңке кабинетке
келген күні жан сырын ағыл-тегіл ақ-
тарды. Өрімдей қыздың да ой-болжамы,
жүрер жолы бар, жолына кедергі бол-
майын, қолымнан келгенше қолтығынан
демейін деп бастап кетті.

— «Ақ сандығым ашылды, ішінен
жібек шашылды». Жас кезімізде әже-
леріміз осылай деп жұмбақ айтушы еді.
«Ай, жұлдыз» деп шешетінбіз оны. Енді
қарап отырсам, ұлттық қазынамыз — қаз-
ба байлықтарымыз да дәл осының кебін
киіпті. Қара жердің қойнына қолымызды
аямай салып, армансыз-ақ ақтармалап-
пыз. Оңды-солды шашыппыз келіп,
шашыппыз келіп атадан қалған мұраны.
Ал содан не ұттық? Жоқ, ұтылдық, мық-
тап ұтылдық. Осыншама байлықтың иесі
бола тұрып, башпайымызға қарап қалған
жайымыз бар бүгінде. Тұрмыс деңгейіміз
де, жан басына шаққандағы табысымыз
да одақтық деңгейден көп төмен. Ол — ол
ма, «масыл» деген «мөр» де басылып қалды

лайы, хром рудасы, алюминий, вольфрам,
марганец рудасы, қорғасын, мырыш, мыс
сияқты өндіріске аса қажет шикізатты сол
күйі қоймаға құйып алып, келер ұрпаққа
қор жасауға көшті. Жер асты местерінде
қазір мұнайдың өзінің ғана 500 миллион
тоннасы сақтаулы тұр.

Ал бізде ше? Осындай байлық өз
жерімізде тұнып тұрса да, әлі түкке
қолымыз жеткен жоқ. Неге? Өйткені
жеріміздің қазба байлығына одақтық
бағыныстағы кәсіпорындар қазірге дейін
тұмсығын көмейлете салып жіберіп, пілше
сорып келеді. Олар жыл сайын ондаған
миллиард сом пайда тауып жүрсе де,
жергілікті жерге соның жұқанасын ғана,
0,3 пайызын қалдырады. Бүкілодақтық
ведомстволардың озбырлығы, шикізат
алуға келгенде болымсыз баға мен одақтық
кәсіпорындар пайдасынан жергілікті жер
бюджетіне бөлінетін төлемнің төмендігі
республикамызды әбден тұралатып бітті.
Бұл, бір жағынан, жерді және оның қой-
науын жыртықшытықпен пайдаланып,
пайдалы қазбалардың сарқулуына әкеп
соқса, екінші жағынан, жергілікті халық
тұрмысына жанашырлықтың жоқтығынан
және экологиялық зардаптардан әлеуметтік
қиыншылықтарға алып келді. Был-
тырғы жылы болған Жаңаөзен оқиғасы,
міне, тап осындайдан туған деп ашып айту
керек. Оның тамырын басқа жерден іздеп
тіміскілегеннен түк те шықпайды.

Көзі бақырайып қарап отырған қыз
кара нүктені басып қалып:

— Көке, тұра тұрыңыз, лентаны

калық саясатқа сай, сол мол қазынаны
есепсіз оңды-солды шаша бермей, бір
түйірін де шашау шығармай, орнымен
жұмсап ұқсатып, ел кәдесіне жарату. Ол
үшін, ең алдымен, технологияны барынша
жетілдіріп, қалдықсыз өндіріс дәрежесіне
дейін жетуді диттеген жөн. Жапонияны
алып қараңыз, оларда табиғи қор жоқтың
қасы ғой. Біз болсақ, ең байлықтың
үстінде отырмыз, — деп сығыр көзді қызға
қабағын түйіп, суық жанармен қарады.
«Шықсын, «Қазақстан коммунистіне»,
білсін Қазақстан коммунистері айтылмай
жүрген құпияны» деп атой салған көкпар
ой көкірегін тілгілеп өтті. «Мен айтпағанда
кім айтады», — деп өзін-өзі қамшылап та
қойды. — Алайда, — деп сөзін жалғады, —
бұл жерде мықтап ескеретін бір жайт бар.
Біз қызды-қыздымен шет елдіктердің
негізгі шикізатымызға қол салуына өсте
жол бермеуіміз керек. Оларға тек ерекше
өндеуді, қалдықсыз жоғары технология-
ны байытуды және металлургиялық
өндеуді қажет ететін қалдықтарды, яки
төменгі сортты шикізаттарымызды ғана
ұсынуымыз керек. Онда да олардың
сол шикізаттан халық тұтынатын тауар
шығарып беруі жағын қарастырған жөн,
— деген кезде жазып отырған диктофон-
ның шылбыры шыр айналып, шұбатылып
кетті.

— Көке, жетіп қалар. Бір сұхбатқа
жетерлік сөз айттыңыз. Өзіңізге әкеп
көрсетіп алам. Тағы да қосарыңыз болса,
қосарсыз.

— Қызым, сөзімді «Ақ сандығым
ашылды, ішінен моншақ шашылды» деп
бастадым ғой, атауын да солай деп қоя-
йық. Өзім қарап беремін, бәлкім, тағы да
қосармын.

Айзат орнынан тұрып, диктофонын
қол сөмкесіне салып жатып:

— Көке, өзіңіз істеген Геология мини-
стрлігі жабылғалы жатыр дейді ғой. Осы
рас па? — деді.

— Қарағым, Айзат, оны білмеймін.
Мен — Бетпақтан кеше ғана келген біреу-
мін, — деп жымиды. Арманын алға салып,
алабұртып жүрген жас өскіннің сағы сын-
басын деді. Сұрап- білгенге не жетсін,
«сұрағанның айыбы жоқ» деп өз сөзін
өзі құптады. Қыз есікті ашқанда дәлізде
үйіріліп тұрған топты көрді. Құттықтауға
келгендер қалақты қыздың академикті
осынша уақыт ұстағанына мандайларын
тыржитып, мазалары кетіп тұр екен.

— Көке, сұхбатты алып келгенде дом-
бырамды да ала келіп, «Ақсақ киікті» тағы
бір айтып беремін, — деді табалдырықтан
бері аттап.

— Мақұл, айналайын, домбыранды
алып келе ғой, — деп көкөрім қызды әрең
шығарып салды.

Өткенсіз бүгін, ал бүгінсіз болашақ болмайтыны – дәлелдеуді қажет етпейтін дүние. Сондықтан бақытты балалықтың балдәурен мекеніне айналған Шымкент қаласы Оқушылар сарайының бүгінгі жетістіктерін тілге тиек етпес бұрын оның өткен тарихына тоқталып, алғашқы ірге қалау, қалыптасу, даму жолында тұрған тұғырлы тұлғалардың еңбегін көрсете кету – парасатты парызымыз.

Оқушылар сарайының тарихын шырайлы Шымшаһардың өткенінен бөліп қарауға болмайды, яғни Ресей империясы Қазақстанның оңтүстік аумағын өзіне қосып алғаннан кейін қаланың солтүстік-шығыс бетінде орыс қоныс аударушылары құрған жаңа қала пайда болады. Бұл қаланың орталығы 1903 жылы салынған шіркеу бағы (қазіргі «Кенбаба» саябағы) еді. Осы саябақта 1913 жылы Николь соборының құрылысы аяқталды. 1923 жылы собор жабылып, ғимарат халыққа білім беру мекемелеріне берілді.

1943 жылы ғимаратты балаларға беру туралы шешім қабылданып, маусым айында Пионерлер сарайы пионерлер мен мектеп оқушыларына есігін ашады. Мерейлі мекеннің тарихы да дәл осы кезеңнен бастап жылнамаға енеді.

1958 жылы Ленин комсомолының 40 жылдығына орай облыстық Пионер ұйымдары кеңесінің атқару комитеті, облыстық Еңбекші депутаттар кеңесінің атқару комитеті облыстық Пионерлер сарайына Орталық Азия мен Қазақстан комсомолының көрнекті ұйымдастырушыларының бірі Ғани Мұратбаевтың есімін беру туралы шешім қабылдады.

1972 жылы Пионерлер сарайы «Шымкент облыстық пионерлер мен оқушылар сарайы» деп аталды.

1983 жылы 19 мамырда қала балаларына Пионерлер мен оқушылар сарайының жаңа ғимараты тарту етілді. Ол қала орталығындағы мәдениет және демалыс саябағында орналасқан еді. Балалар аттракциондары, бассейн мен стадион, екі кинотеатр, облыстық өлкетану мұражайы, облыстық филармония, балалар кітапханасы Пионерлер мен оқушылар сарайын айнала бой көтеріп, қаланың бұл аймағын халық ең көп шоғырланған ортаға айналдырды.

«Шымкент қаласының мемле-



Оқушылар сарайы –

кеттік коммуналдық кәсіпорындарын қайта құру туралы» Шымкент қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі №1183 Қаулысы негізінде Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Шымкент аулалық клубтар бірлестігі», Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Шымкент балалар мен жасөспірімдер орталығы» және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігі Білім департаментінің «Ғани Мұратбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан облысы Оқушылар сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының қосылу жолымен Шымкент қаласы әкімдігінің «Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны іргесін қалады. Ал 2014 жылы Шымкент қаласы әкімдігінің «Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Шымкент қаласы білім бөлімінің «Оқушылар сарайы» МКҚК болып қайта құрылды.

Бала – бақыт, бала – базар, бала – өмір. Бұл нәзік те кінәз өмір гүлінің дәні қандай топыраққа түсіп, қалай өсіп-өнері оны қалай суарып, күтіп-баптағанына байланысты. «Бала жүрегі – кішкентай күйсандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады», – дейді ұлт жанашыры, ақиық ақын Мұхтар Шаханов. Ал ақын айтқан күйсандықтың кілтін тауып, бақыты кемел, дүниетанымы жоғары, көшбасшылық қабілеті жетілген, өнерлі, өрелі ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі мектептен тыс қосымша білім беру мекемелерінің басты мақ-

саты. Бұл ретте осы бағыттағы өзіндік жұмыс ерекшелігімен, көпжылдық тәжірибесімен және ерен жетістіктерімен танылған Шымкент қаласы білім басқармасының Оқушылар сарайы – 80 жылдан астам тарихы бар мекеме.

Оқушылар сарайы – тарихы сонау сұрапыл соғыс жылдарынан бастау алатын республикадағы байырғы мектептен тыс мекемелердің бірі. Осы жылдар аралығында мекеме облыс және қала балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытында жүйелі жұмыс атқарып, озық тәжірибелі мекемелер қатарында республикалық қосымша білім беру саласының «Алтын қоры» кітабына енгізілді. Оқушылар сарайының тәрбиеленушілері республикалық, халықаралық деңгейде өнер, спорт, білім, шығармашылық саласындағы байқаулар мен жарыстарда жеңімпаз атанып, көк Туымызды желбіретіп келеді.

Оқушылар сарайын нағыз өнер мен шеберліктің ұстаханасы десек, артық айтпаспыз. Мұндағы үйірмелерден білім мен тәрбие алған балалардың дені бүгінде елімізде ғана емес, әлем деңгейінде түрлі биіктерді бағындырып, халқымыздың мақтанышына айналып жүр. Ғылым мен техника, музыка мен театр, әдебиет пен мәдениет, т.б. салалардың санлақтарына айналған олардың есімдерін саусақпен санап жеткізу мүмкін емес. Олар тіпті жүздеп, мыңдап саналады.

Бүгінде 1200 балаға арналған Оқушылар сарайында 3500-ден аса бала түрлі үйірмелерге қатысуда. Мұндағы жалпы саны 123 үйірменің 34-і әлеуметтік-педагогикалық, 21-і тілдік және сөз өнері бағытында, 13-і спорттық, 4-еуі техникалық, 15-і көркемсурет, 5-і хореографиялық, 17-сі саздық-аспаптық, 14-і қолданбалы өнер бағытында жұмыс істейді. Соның ішінде мекемеге қарасты «Жастық», «Алпамыс», «Жалын», «Шабыт», «Достық» аула клубтарындағы 34 үйірмеде мыңға жуық бала қосымша білім берумен қамтылған.

Жалпы алғанда, Оқушылар сарайының әдістемелік, техникалық-эстетикалық, бұқаралық, аула клубтары

бөліміндегі оқу-тәрбие жұмысын 144 педагог-қызметкер жоғары деңгейде үйлестіріп отыр.

Міне, Шымкент қаласы Оқушылар сарайының 80 жылдан астам тарихында қол жеткізген және тоқтаусыз жеткізіп келе жатқан жетістіктері жайлы әңгімелей беруге болады. Оның бәрін басылымның шектеулі бетіне сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан мекеме ұжымының бірлескен күшімен «Мерейлі мекенге – 80 жыл» атты тарихи-танымдық кітап жарыққа шықты. Бұл кітапта мекеменің қалыптасу тарихына шолу жасалып, бүгінгі тыныс-тіршілігін баяндайтын материалдар топтамасы енгізілді. Қосымша

білім беру мекемелерінің қызметкерлері мен жалпы зиялы қауымға арналған бұл кітаптан оқырман көптеген аса құнды мәліметтерге қанық болары анық.

ҚР ОАМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Қосымша білім және тәрбие» журналының ағымдағы жылғы №8 санында Оқушылар сарайы педагогтерінің 100-ден астам мақаласы жарияланып, республикаға тәжірибе ретінде ұсынылды.

Сонымен қатар Оқушылар сарайының 80 жылдық мерекесіне орай өткен республикалық ғылыми-практикалық конференцияда пленарлық отырыс, қосымша білім беру бағыттары бойынша секциялық жұмыс ұйымдастырылып, конференцияға республикалық және қалалық мектептен тыс мекемелері, жалпы білім беру мектептерінің басшылары мен қосымша білім беру педагогтері қатысып, мекеменің тарихы мен бүгінгі жұмысына жан-жақты сараптама жасалды.

Өткен оқу жылы барысында Оқушылар сарайының үйірмешілері мен педагогтері халықаралық деңгейдегі 72 байқау-жарысқа, республикалық деңгейдегі 101, қалалық деңгейдегі 170 байқау-жарысқа (жалпы саны 343) қатысып, жүлделі орындар иеленді. Атап айтқанда, «Айгөлек» халықтық балалар би ансамблі (көркемдік жетекшісі – Каланова Р.М.) II Халықаралық «ITALIAN GRAND FESTIVAL» өнер байқау-фестивалінде және Литвада «Паланга» халықаралық фестивалінде Гран-при; «Томирис» СПК (жет. – Г.Тулегенова) Фунакоши каратэден Халықаралық Чемпионатында Италия, Индия, Португалия елдерінде және Халықаралық «WORLD CUP in Karate WSF MOSKOW» жарысына қатысып келді. «Еркетай» би ансамблі (жет. – Шерметова Т.Г.) Дубай, Стамбул қалаларында, Грузия елінде Халықаралық фестиваль-байқауда жүлделі орындар иеленді.

Қазақ халқының маңдайалды суретшісі, кәсіби графика өнерінің шебері, Құрмет орденінің иегері, танымал суретші-педагог Р.Естемесов – Оқушылар сарайының



мақтанышы. Оның жауһар шығармашылық туындылары, Шымкенттегі «Тасбақа жолы», Өскемендегі «Түйе» мүсіні, шаһарымыздағы ғимараттардың қабырғасындағы монументтік кескіндері қаламыздың көрікті жеріне айналып отыр. Әрбір туындысы жас суретшілердің шабытын оятып, шығармашылықпен айналысуына жол көрсетіп келеді. Өнер туындылары Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайына қойылған. Суретшінің жұмыстары ТМД елдері мен (Мәскеу, Ереван, Ялта, Бендер) республикалық және халықаралық (Франция, Түркия) көрмелерге тұрақты қатысып жүр. Сәндік-қолданбалы өнерімен

баларды да кең көлемде ұйымдастырады. Атап айтқанда, спорттық бағытқа жауапты ұйымдастырушы Г.Төлегенова халықаралық деңгейде өтетін Фунакоши каратэ жарысын Шымкент қаласы бойынша 2018 жылдан бері ұйымдастырып келеді. Сонымен қатар «TOMIRIS CUP» ашық жарысын 4 рет республикалық деңгейде өткізді. Әр жарысқа 10-12 облыстан жас спортшылар қатысады. Жас спортшыларға спорт шеберлігіне кандидаттық беруде бұл жарыстардың ықпалы зор.

«Косики каратэ» бойынша жауапты ұйымдастырушы Б.Жанқараев осы бағытта қала біріншілігін 2000 жылдан

рекесіне арнайы сценарий дайындап, безендіру, мерекені жүргізу, сахналық көрініс, көпшілік-сазды ойындар ұйымдастырады.

Оқушылар сарайының бастамасымен «Тәлімгерлер мектебі» жұмысының қорытындысы ретінде 2010 жылдан бастап, «Үздік тәлімгер» байқауы 2 жылда 1 рет өткізіледі. Шымкент қаласы мектептен тыс мекемелерінің қосымша білім беру педагогтері арасында 2013 жылдан бері «Үздік қосымша білім беру педагогі» байқауы ұйымдастырылады.

Қала көлемінде 2007 жылдан бері «Сырлы сөз» жас сахна жүргізушілер байқауы (жауапты бұқаралық бөлім – Р.Примбетова, А.Сипатаева) мекеменің барлық дерлік іс-шараларының жүргізушілерін іріктеп, дайындайды. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен қаржылай жұлде ұсынылады.

Қала көлемінде 2009 жылдан бері М.Мақатаев шығармашылығына арналған «Жырлайды жүрек» байқауы, Оралхан Бөкей оқулары (жауапты бұқаралық бөлім – Р.Примбетова, А.Сипатаева) ұйымдастырылып келеді.

Тәуелсіздік күніне орай қала көлемінде «Балапан көзімен» атты жас суретшілер (5–13 жас аралығы) байқауының (жауапты әдістемелік бөлім – П.Макимова, А.Исмайлова) жеңімпаздарына 3 жыл қатарынан бағалы сыйлықтар мен қаржылай жұлде (50-20 мың тг. аралығында) ұсынылады.

Оқушылар сарайының «Ұшқын» дебат клубы қала мектептерінің оқушылары арасында Оқушылар сарайының Кубогіне қалалық «Debate Legacy Cup» пікірсайыс турнирін 2-рет өткізді.

Мекемеге қарасты қала сыртындағы «Ақсу» жазғы сауықтыру лагері 2009 жылдан бері жыл сайын жазғы кезеңде 6-8 ауысымда әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан 1200-1500-ге жуық баланы жазғы сауықтырумен қамтамасыз етеді. Әр ауысым белгіленген бағытқа арналып, 10 күнде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.


Бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі – бойында кәсіби білігі мен өнері бар, жан-жақты дамыған, өз ұлтының салты мен дәстүрін, әдеті мен ғұрпын мақтаныш ететін, ойлау өрісі кең, елжанды, халқының қамқоры мен жанашыры болатын саналы азамат тәрбиелеу. Жылдар өтіп, қаншама ұрпақтан-ұрпақ ауысса да, Оқушылар сарайына тағы да жүздеген мың балалар өздерінің талантын ашу, дамыту және шығармашылық шыңына жету үшін келетініне сенімдіміз.

«Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы» дейді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Ендеше, болашақтың іргетасын бала шақтан бастап қалап, бар күш-жігерін елжанды, рухты, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, көшбасшы ұрпақ тәрбиелеу мақсатына жұмсап келе жатқан мерейлі мекеннің жұмысына сәттілік тілейміз! Бала шағымыз – базарлы, болашағымыз – ажарлы болуы жолында аянбай еңбек ете берейік!

С.ДӘНІҚҰЛҰЛЫ

● ДҮНИЕ-ҒАЙЫП

Мұрат ТАСТАҒАНОВ



Белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ардагер журналист Тастағанов Мұрат Мырқанұлы 72 жасында дүниеден озды.

Ол 1953 жылы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Сарықамыс қыстағында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдап, «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде және өңірлік БАҚ-та ұзақ жыл еңбек етті.

1980 жылы Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі міндеттерін атқарған. 1992 – 1994 жылдары Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Өскемен қалалық ұйымының төрағасы, ал 1994 – 2004 жылдар аралығында ШҚО телерадиокомпаниясының редакторы қызметтерінде болған. 2004 жылы «Ертіс өңірі» газетінде тілші, бас редактордың орынбасары, Ә.Қашаубаев атындағы Семей мемлекеттік филармониясында әдеби бөлім меңгерушісі болып істеген.

«Мәңгі жас ғұмыр», «Марқакөлім – мөп-мөлдірім, мерейім», «Алтын тау – Алтай» атты кітаптардың авторы. Поэзиялық, прозалық туындылары бірнеше топтама жинаққа енгізілген. 60-тан аса әннің сөз-мәтіндерін жазған. Күршім ауданының Құрметті азаматы атағын алған.

Қазақ әдебиетінің, қазақ баспасөзінің дамуына үлес қосқан қаламгердің жарқын болмысы халқының жүрегінде сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағының Басқармасы

білім ордасы



көптеген қазақи қолөнер, сырмақ, текемет, киіз басу өнеріне жаңа леп берді. Қосымша білім беру саласында осындай педагогтер балаларды өнерге баулып жүргені қуантады.

Техникалық бағыттағы үйірмелер: IT CENTER-де робототехника және ROBOПARK, авиамодельдеу, радиотехника үйірмелері заман талабына сай жаңашыл техникалармен жабдықталып, халықаралық республикалық, қалалық деңгейдегі жарыс-байқауларда жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Мысалы, «RoboPark» үйірмесі (жет. – Алибеков А.Қ.) – Германия, Дортмундта Халықаралық «WORLD ROBOT OLYMPIAD» Чемпионаты және Халықаралық Alan First Champion жарысына, FLL (FIRST LEGO League) (discover, explore, challenge бойынша) әлемдік жарысына қатысып, өз мүмкіндіктерін көрсете білді. Авиамодельдеу үйірмесі республикалық жарыстарда жыл сайын жүлделі орындар иеленеді.

Оқушылар сарайының педагог-ұйымдастырушылары республикалық, қалалық деңгейдегі көпшілік іс-шаралармен қатар, авторлық жо-

бері ұйымдастырып келеді.

Мекемеге қарасты қала сыртындағы «Ақсу» лагері базасында республика көлемінде «Оңтүстік күні» жазғы пленэрлік шеберлік сыныбы 2024 жылы 12-рет өткізілді. Оған Астана, Алматы, Балхаш, Жезқазған, Қызылорда, Ақтөбе, Орал, Петропавл т.б. қалалардың мектептен тыс мекемелерінің ЮНЕСКО клубы мүшелері 25-40 адамдай қатысады.

«Шымкент дауысы» балалар вокалдық байқауын (жауапты педагог-ұйымдастырушы – Ш.Асылбекова) қараша айында 4-рет өткізу жоспарланып отыр. Қала мектептері мен мектептен тыс мекеме оқушылары арасында өтетін бұл байқауға қатысушылар жыл санап артуда. Сыйлық қоры жоғары (100 мың, 50 мың, 30 мың тг.) байқаудың жеңімпаздары мекеменің және білім басқармасының мадақтамасымен, жетекшілері Алғыс хатпен марапатталды.

Оқушылар сарайы 1992 жылдан бері жыл сайын Қазақстан Республикасы Президенті атынан облыс және қала әкімінің жаңажылдық қайырымдылық шырша ме-

Бөкейхан ОСПАН



Көрнекті ақын, жазушы, тарихшы, философия ғылымдарының майталманы, педагог Бөкейхан Әділғамитұлы Оспан немересі 92 жасында өмірден озды.

Марқұм Бөкең Қытай қазақтары аксүйектерінің соңғы тұяғы еді! Көкірегі кең, миы алтын ақсақалдың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Отбасына, туыс-туғанына қайғыра көңіл айтып, сабыр тілейміз.

Слаухат СЕЙІТҚАМЗАҰЛЫ, Қазақстанның Құрметті жазушысы



КҮЛЕМІЗ БЕ, ҚАЙТЕМІЗ?..



Берік САДЫР

БІЗ БІЛЕТІН ГЕНЕРАЛ...

Шілденің шіліңгір ыстығынан қаталап шөл баса қояйын деп сыраhanaға бас сұғып едім, демалыс күні емес пе, елім қарақұрым екен. Түп қуыстағы орындыққа тақап, жалғыз отырған ағайынға «бос па екен?» деп едім, үнсіз бас изеген болды.

Көпіршіп келген саптыаяқ сыраны сіміріп барып қарсы отырған ағайынға көз тіктем... мәссаған, формадағы кісі — генерал-майор... Әскерде болғанбыз, генералға ғана тән киім, жағасындағы жалпақ сары жапырақ, иығындағы нән бес жұлдыз көзіме оттай басылды. Генералмен мынандай жерде кезігемін деп кім ойлаған...

Е, бопты, заман өзгерді, қазір кім-кіммен кезікпей жатыр... Әрі-беріден соң генералда пенде, мына аптап ыстық ол кісіні де осында айдап ытқан болар деп күрең сыраны сіміре отырып генералмен тілдесіп те қоямыз...

Аннан бір, мыннан бір әңгіме қозғалып отыр еді, генерал біреуінде: «Қуыс үйде қуырылып отыра бергенше осында келіп, кең тыныш алғанды қалаймын!» деп қалды... Қауашағым «қуыс үйі несі? Өзі генерал!» деген ойсымақ оралып, онысын қайта сұрап едім: «Баяғының екі бөлмелі тас қапасында ересек төрт жан тіршілік еткенімізге ширек ғасырдан асты! — деп түңіліс білдірді.

Іштей: «Ойпыр-ай, өзі генерал... мүмкін емес, біз білетін генерал атаулы» — деп ойлап:

— Саяжайыңыз мықты шығар? — деп қалыппын.

— Қайдағы саяжай, аты да, заты да жоқ! — дейді.

Көзімді уқалап барып генералымның үсті-басына қайта үңілемін... айна қатесіз генерал киімі...

Не керек, қызды-қыздымен әңгімелесе келіп, бұл кісінің байлық атаулыдан жұрдай екенін біліп: «Генерал басыңызбен!» деп, «Біз білетін генералдар!» деп әріге кетіп көсіліп отырғанымда бір жұпынылау киінген жігіт келіп әлгіге: «Папа, қызып қалыпсыз, үйге жүріңіз!» деп, генералдың ішкен сырсының құнын әрең-пәрең төлеп алып кеткені...

Іштей: «Ойпырай-ә, мүмкін емес, біз білетін генералдар!» деп отыр едім, қатарлас отырған азамат менің жаныма келіп жайғасып:

— Жаңағының генералдығына сеніп қалғансыз-ау! — дегені.

— Оу, көке, киімімен келіп отыр емес пе?! — деппін.

— Офицер екені рас, бірақ генерал емес, жай майор, — деп,

антарыла қараған маған: — Майор шенінде жүріп басынан жаракат алып, ертерек отставкаге кетіпті... Содан бас жарақат айықпас дертке жалғасып, өзін «генерал-майор» шеніне жеткізіп алыпты... — дегені.

Бір сәт үнсіз қалып барып: «Е, бәсе, біз білетін генерал атаулы!» деп дауыс көтере тоқтаппын...

«КЕЛІП-КЕТКЕН» КЕЛІСІМШАРТ

Кейінгі кезде, мына бір мен үшін кесірлі келісімшарт күшіне енгелі бері — түнімен дөңбекшіп, ұйқы-тұйқы болып, зығырданым қайнап түн ба-



ласы тыныш өтпейтін халге душар болдым... Нем бар еді қатынмен қағынғыр келісімшартқа отырып... Айтайын, бірде үйдегі кісі: «Осы сенің анайы сөздерің-ақ күйдіріп бітірді! Жас емессің, ата сакалың аузына түскенде де боқауызды боздатысын да отырасың. Ана кеше болған құда-құдағидан ұялғаным-ай!» дегенінде, менде еліріп: «Өзіңнінде онып тұрғаның шамалы!» деп оның да қыза-қыза қызыл сөзді сапыратынын есіне салып өттім.

Содан әлгі «ақылға келіп» демекші, екеуара шартта-шұрт келісімшарт жасаса қойыппыз... Сондағысы — айтылған әр анайы сөз үшін «құн» төлейтін болып келістік... Басында байқамай келісімшартты бұзып қойған өзім болдым... Онтүстікте туып-өскендіктен қанда бар пәле — «шешеден» бір-екі рет кетіп қалып... төлеуге тура келді... ішіп келіп ертесінде есеп айырысқанда ішімнің удай ашығанын айтсаңшы... Кемпір сөзінде тұрды, бірде-бір рет «шалыс баспады».

Не керек, уақыт өте «шартымыз» екеуімізді тәубемізге келтірді.

Үйдегі сыпайылық, әшейінгі әнтір-гүнгір сөзден арылған біздерге қарап, әсіресе ер жеткен бала аң-таң... Қайдан білсін оның ар жағында «қаһарлы» келісім жатқанын.

Бірде бала бізге оқып жүрген оқуын тастайтынын айтып қалды... Не дейік, әшейінде ақырып шыға келетін менде үн жоқ... кемпір де сөзін сыпайы бастап ақылын ағыл-тегіл ағытты. Ой-хой, сонда қаным басыма теуіп көгеріп-сазарсам да «ана жаққа» бара алмадым.

Үйге келіп-кеткен дос-жарандар өздерінше «біздерді

танымай қалдық» деп пышпыштап жүрген көрінеді. Не десе о десін, келісімшартты бұза қояр көрсоқыр біз емеспіз... Кейбірі: «Неткен сыпайылық, бір-біріне сіз-біз дескендері қандай жарасымды! Бұрынғы Бәкен мен Назекең жоқ, нағыз мәдениеттілік соларға бұйырыпты» деп үлгі ете де бастады. Көптің аузына ілігіп, біртүрлі мәртебеміз өсіп, мерейіміз де таси бастады.

...Содан, бірде бір тойда отырғанмын. Аздап алып отырсам да қатар отырған құрдастардың ырың-жырың әңгімелеріне қосыла қоймадым. Олардың алып-шалып шер тарката қар-

дай боратқан боғауыздарын елеп-ескерер емеспін... Атаңа нәлет Ақалақ құрдас көзі қылилана маған қарап: «Мына Бәкіш қатынына мыш болыпты! Сызылып-илуді содан үйренейік. Үйінде отырып, кемпіріне жалпаң қағып жайнамаз болған бұның қылығына жаным ашыды» деп төпелесін кеп... Оған екі-үшеуі қосылып керден қакқанда шыдамаппын: «Оттап-сындар!» деп айтылмағанына он айдай болған оқыс сөзімді лақ еткізіп, айда кеп «іш-құсамды» төгіп-төгіп өтіппін. Ара-арасында үйдегінінде сазайын беріп, өтіппін...

...Содан, түн аса үйге келсем бәйбіше: «Е, ішірткіңді ішіп, ішіндегіні ілкімедің, ә!?» — дейді... Көзім шарамнан шықты, сөйтсем, анда бір антұрған балды сондағы менің көсіле көлгірсігендерімді телефон арқылы бұған қосып отырыпты да, бұл мұнда оны диктофонға түсіріп «білгендік» жасапты...

— Е, есептеп те көрдім, келісім-шартқа жүгінсем, ондағы айтқан «аталы сөздерің» айлығыңнан асып-жығылады, — деп келте қайыра: — Мына балаң бізге айтпай жарты миллион кредит алыпты, — дегенінде, есімнен адаса, сөзімді «Атаңанәлет!» деп ақыра бастап, тоқтаусыз төпелеппін кеп... Ара-арасында «Сенің тәрбиен» деп қатынға да тиістіре барып келіп... Не керек, ауызға ақ ит кіріп, көк ит шыға есенгірей құлаппын...

...Ертесінде, неге екенін, ұйқым қанып, тұяқ серіппей ұйықтаппын... Біртүрлі құсадан құлан-таза айығып, жуынып-шайына ас үйге келіп, бәйбішеге: — Келісімшартты доғардық! — деп дүңк еткізе бұрынғы таз қалпымызша тілдесіп отырсақ, бала мәз:

— Е, міне, сіздерді енді таныдым ғой... Кешегі кредиттің әңгімесі сіздерді сынау үшін ойдан құрастырғаным, — дейді...

НЕМЕРЕМНЕН ҚАШЫП ЖҮРМІН

Атақты түрік сатиригі Әзиз Несиннің «Мынау не?» деп аталатын әзіл әңгімесін оқығанымда, баласының кішкене кезіндегі «Мынау не?» деген сұрағына басында бірнәрсе білгісі келіп талпынған ұрпағына аса риза болып, әр сұрағына ыждағаттылықпен жауап беріп жүріп, ақыры күн-түн тамылсыз қойылған сұрақтан қажып... тоқ етері, ақыры өзі «Мынау не?» деп сұрайтын ауруға ұшырап жындыханадан бірақ шыққаны бар...

Біздің баламыз дүниеге келіп ес білген заманы — айналайын уайым қайғысыз, еш проблемасы болмайтын социализм дәуіріне тап келіп, бала атаулы да сұрақ-пұрақтан ада болып мамыражай күн кешіппіз.

Ал мына заман... басқасы былай тұрсын, балаң балапан шағынан-ақ, есі кіресілі-шығасылы, «бесіктен белі шыға сала» компьютерге телмірген заманда ата-анасының халі мүшкіл деуге әбден болады.

Оларда қу, баласы бірнәрсе сұрай бастаса, «Атаңнан сұра» деп құтылып кетеді.

Басында мен де кет әрі болмай, сұрағын қызықтап, жауабымды жұптап түсіндіріп-ақ баққанмын... Бірде бір немерем «Абай жолы» романындағы «Абайдың әкесі Құнанбайдың неғып нашар дам болғанын» сұрайды... Романды жүрдім-бардым оқыған басым, жауап бере алмай жерге қарағаным бар.

Енді бірде біреуі: «Ата, сіз неғып желтоқсан оқиғасы кезінде Алматыда тұрып, неге оған қатыспадыңыз?» дегені...

Ол — ол ма, ана кенжем, «Ата мынау ашы арақты неге ішесіздер?» дегенінде, ішіп отырғанымашалып қалғаным бар.

Осыны естіп қалған естісі: «Ата, ана қазіргі молда болып жүрген бажаныз бір кездері арақ ішуден алдына жан салмапты ғой?..» дейді.

Не керек, сұрақтары бірінен-бірі өткен «сұмырай» болып... бір күні бір сұрақ жанды жеріме қадалып, есім ауып есеңгіреп екі жеті ауруханада жатып, бетім бері қарапты.

...Сұрақ қойма деп тыйып тастай алмайсың, сұрақтары сұңғыла, сұрарларының аумағы майда-шүйдеден әріге кетіп тығырыққа тіреле берген сон, зейнеткерлікке шыққан күннің ертеңінде ауыл қайдасың деп тайып тұрдым...

...Мұнда немерелерімнен қашып келдім деп қайтып айтасын, сұрамаса да өзімше қаланың ырың-жырының айтқан болып мамыражай күн кешіп жүр едім, баламнан: «Әке, немерелеріңнің білгісі келетіні біраз, әсіресе шөбереніңнің былдыр-былдыр сұрақтары ғажап! Сізді іздеп, ауылға шығамыз» деген хабар жетіп...

...Көп ойланбай, ауылдан да безіп, қазір тау-таста жабайы күн кешудемін...

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӨЛДИБЕК,
Гүлбану ЕРКІН

Меншікті тілшілер:
Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы
Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы
Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН
Жамбыл облысы

Кесемелі СӘТТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қостанай облысы
Жанұзақ АЙЗБЕКҰЛЫ
Қызылорда облысы

Қаршыға ЕСІМСЕЙТОВА
Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы

Айдар СЕЙДӨЗІМ
Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекші:
Жүніс ОМАР

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:
8 (727) 272-88-17
e-mail:
kazakh_adebiety25@mail.ru
Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.
Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г күнелігі берілген.
Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В. Оффсеттік басылым.
Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.